Мәснәуи дариясынан

АБЫЛХАЯТ ТАМШЫЛАРЫ

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ баспа үйі

Мәснәуи дариясынан

АБЫЛХАЯТ ТАМШЫЛАРЫ

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
баспа үйі

Аллаһ Тағала былай дейді:

«...Жер жүзіне салиқалы құлдарым мұрагерлік етеді».

(Әнбия сүресі, 105 аят)

«Біліп қойыңдар! Расында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ, олар қайғырмайды да».

(Юнус сүресі, 62 аят)

«Оларға бұл дүниеде де, ахіретте де сүйініш бар...»

(Юнус сүресі, 64 аят)

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«...(нағыз) ғұламалардың пайғамбарлардың мұрагерлері екендігіне еш шүбә жоқ. Пайғамбарлар болса арттарына мұраға динар (алтын) да, дирхам (күміс) да қалдырмаған. Олар ғылымды мирас ретінде қалдырған. Кімде-кім сол ғылымды алатын болса, мол, аса, үлкен несібеге қол жеткізген болады».

(Термези, Әбу Дәуіт)

Имам Ғазали қуддисә сирруһ былай дейді:

«Пайғамбардың нағыз мұрагерлері – зәһири (сыртқы) әрі рухани (ішкі) ғалымдар».

Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ:

Сен есіңді жиып, бүкіл өміріңді бүгінгі күнің деп есепте. Сосын өзіңе-өзің қарап көрші, осы күніңді қандай құмарлықтардың артында жүріп өткізіп жатқан екенсің!

✿

Көзіңді ашып, бастан-аяқ Аллаһтың кәләмі болған Құран Кәрімге үңіліп қара. Құранның бүкіл аяттары әдептілік тәлімін жүргізеді. Әдептілікті үйретеді. Ақылымнан «Иман деген не?» – деп сұрадым. Сонда ақылым жүрегімнің құлағына: «Иман әдептіліктен тұрады» деп сыбырлады.

✿

Тәнді асырап, өсіруді көздеме! Өйткені соңында ол топыраққа баратын құрбандық. Ал, енді сен көңіліңді жетілдіріп бақ. Ұлық орындарға баратын, сондай-ақ абыройға бөленетін де – сол.

✿

Раушан гүлі тікенмен тату болғандықтан керемет хош иісті болды. Бұл шындықты раушан гүлінің өзінен де тыңдап көр. Қара, ол не айтады екен:

– Тікенмен бірге болғаныма не үшін қайғырып, неге мұңға батайын? Мен жаман қылықты тікенмен бірге тұруға төзгенімнен жайдары болдым. Оның арқасында әлемді әсемдікке бөлеп, жұпар иіс шашу мүмкіндігіне қол жеткіздім...»

✿

Жүрекке: «Іltипатты бол, жан ауыртатын тікен болма!» дедім

АЛҒЫ СӨЗ

Бүкіл адамзаттың тыныштығы мен бейбітшілігі және бақыттылығы үшін қажетті жауапкершіліктерді жүйелеген Ислам құқығының ең белгілі екі қасиеті бар:

а) Үкімдерінің ақылға қонымдылығына баса назар аудар да хикметке сүйенуі.

ә) Әділеттілік пен Аллаһтың мейірімділігі бойынша әмірлері мен тыйымдарында қоғамның ең төменгі сатысындағы әлсіздерді негізге алуы.

Өйткені балуан адамның көтеретін жүгін балаға ұсыну әділдік пен мейірімділікке жатпайды әрі бұл зұлымдық болып саналатындықтан әр түрлі деңгейдегі адамдардың жағдайларына назар аудару – ілтипаттық және сый-сияпат болып табылады.

Бұл екі қасиет әлеуметтің әр санаты мен сатысындағы адамдардың, яғни бүкіл қоғамның қажеттіліктеріне және әділдікке сай. Алайда **«Хауасстың»** яғни ішкі жандүниесі руханиятқа бейім, қабілетті адамдардың рухани биік дәрежелерге жете білуі үшін Исламның жоғарғы әлемдерге

ашылған рухани есігінің үнемі ашық болуы да қажет. Әйтпесе руханиятқа ынтық көптеген қабілетті жүректерге тосқауыл қойылған болады.

Міне осы шындық себепті Ислам тарихының барлық кезеңінде тасаввуфтық ағымдар әрқашан қолдау көріп, шарықтап отырған. Себебі ақылдан гөрі махаббат пен ғашықтықтың орталығы – көңілге аса мән берудің нәтижесінде туындаған тасаввуфтық ағымдар мен әдіс-тәсілдер әр түрлі сыртқы әсерлерден қорғану үшін салған ғимаратты тек төрт қабырғасын тұрғызумен ғана шектелмей, оны жақсылап, мықтап әшекеймен безендіру ісі іспеттес болып табылады.

Осы жолда тер төгіп әрекет еткен руханиятқа құштар, дарынды кісілер өздерінің қол жеткізген рухани дәрежелерінің арқасында, енді барлық оқиғаларды әрі ақылымен әрі көңіл әлемінің тұңғиық ерекшеліктерімен жорамалдайды. Осылайша бастарына түскен қиындықтар мен ауыртпалыққа мойымай шыдап, табандылығы мен тәуекелдері онан сайын артады. Өйткені тасаввуф ең алдымен иләһи тағдыр мен биліктегі хикмет пен сырларды түсінуді және осы арқылы көңілді жұбатып, жүректі рахатқа бөлеуді үйретеді.

Міне сондықтан Ислам әлемінде тауқымет пен тақсіреттің барынша артқан кезеңдерінде тасаввуфтық ағымдар онан сайын қарқындап, өрлеп отырған. Әсіресе тасаввуфтың негізін құрайтын **«Жаратылғандарға Жаратушының назарымен қарау»** түсінігі мен ұстанымы ауыр нәубет кезеңдерінде шипалы сүйіспеншілік, махаббат пен жанашырлық тереңдеткен сана-сезіммен езгіге ұшырап, әділетсіздікке тап болған әлсіз жандарға өзгеше қамқор, пана және бейне бір ана құшағындай міндет атқарған еді.

Ислам тарихында ең тақсіретті жылдар болып саналатын Моңғол шапқыншылығы кезеңіне қарайтын болсақ бұл шындықты анық көруге болады. Моңғолдар Ислам әлемін ойран-асыр қылып, халықтың басым көпшілігі қанаты сынған құс секілді шарасыз қалған еді. Сол уақытта тасаввуф қиналған халыққа қолқанат болып, рухани қолдау көрсетіп жұбата білді. Магнит секілді адамдарды өзіне тартып рухани энергия көзіне айналды. Қанаған жараларға дауа, қаяу түскен көңілдерге жұбаныш болды. Осылайша сол қасіретті күндерде көңілдерге шипа берген әрі қалдырған іздері күні бүгінге дейін өшпей келген Юнус Әмре, Мәуләнә Жәләләддин Руми секілді Хақ достары дүниеге келді.

Бірақ өкінішке орай тасаввуфтың әсері мен жақсылығы азайған кезеңдерде қоғам бұзылып, құлдырай бастады. Атап айтсақ, XIX ғасырда басталған **«Исламнан бет бұру»** кезеңі ұлғая-ұлғая дәл қазіргі қоғамды үлкен рухани дағдарысқа ұшыратты. Нәпсіқұмарлығына құл болған қазіргі таңның адамдары дүниеге беріліп, руханияттан жұрдай болды. Тіпті моңғол шапқыншылығы кезіндегі ахуалдан да бетер әлсіреді. Өйткені қоғам арсыздықтың иіріміне айналып, су бетіндегі шөп-шалаң тәрізді белгісіз құрдымға бет алды. Мұндай ауыр дағдарысқа мойымай, тік тұрып қала білу үшін тағы да нағыз сүйеніш әрі пана ретіндегі тасаввуф ұсынған тыныштық пен бақыт айлағын panалау аса зәру іс болмақ.

Сондықтан болып жатқан істерді қазіргі таңда материяның шырмауында қалып, әлсіреген ақылдан гөрі, көкірек көзімен және хикмет назарымен бағалап шешу ең басты өмірлік мұқтаждыққа айналып отыр. Біздер қайтадан Бахаүддин Нақшыбәнди, Мәуләнә Жәләләддин Руми, Абдүлқадир Гәйләни сынды Аллаһ достарының ғибратқа,

хикметке және сырға толы насихаттарына көңіл бөліп, олардың руханиятынан нәр алуға мұқтажбыз.

Осындай берекеттен өз үлесімізді алайық деген ниетпен **«Месневи бахчесинден бир тести су»**[1] атымен шығарма жазған едік. Оқырман қауымның бұл шығармаға ілтипат танытып, қолдау көрсетуі өмірдің сансыз тауқыметіне ұшырап, тақсірет тартқан халқымызға тасаввуфтың шипалы дауа эликсир іспетті екендігін тағы да дәлелдей түсті. Міне бұл жайт бізді Мәснәуидің шипалы бұлағын пайдалана отырып, тағы бір еңбек жазуымызға ықпал етті. Сондықтан бұл жаңа еңбек руханият пен көңіл шаттығына мұқтаж қоғамға Хазіреті Мәуләнәның Мәснәуиінен екінші **«Бір шоқ гүл»** тәрізді.[2]

Орны келгенде айта кетейік, ғасырлар бойы тек түркі халықтарына ғана емес бүкіл адамзатқа өшпес рухани нәр болған Мәснәуи – Хақ Тағаланың Мәуләнәға (құддисә сирруһ) сыйлаған сыр дариясы. Сонымен қатар сырға толы құпия бір кітап. Адам рухының сөзбен суреттелген бейнесі.

Хазіреті Мәуләнә Мәснәуиде адам рухына терең бойлап, адамның ішкі әлемі мен ішкі келбетін тамашалап жүрегі қынжылып, дертін бөлісетін серік іздейді.

Мәснәуи секілді тасаввуфтың ақиқаттары мен адам рухының ерекшеліктерін терең түсіндіретін еңбектер өте аз.

1. Аудармашыдан: Бұл еңбек қазақ тіліне аударылып «Мәснәуи бақшасынан бір шоқ гүл» деген атпен жарық көрді.
2. Бұл еңбегімізде реті келгенде марқұм Шәфик Жан мырзаның «Конуларына гөре ачыкламалы Месневи тержүмеси» атты еңбегінен үзінділер келтірдік. Сондай-ақ Хазіреті Мәулананың білдірген ойын оқырмандарымыз кең түсінуі үшін Мәснәуиден алынған бәйттердің (шумақ) кейбір сөздеріне кішігірім өзгерістер енгізілді. Бұл кітапты жазу барысында ешқандай ғылыми мақсат көзделмесе де қалаған оқырмандар бұл бәйттерді оңай табуы үшін ара-тұра ол кітапқа сілте-

Хазіреті Мәуләнә адамдар әзер түсіне алатын тасаввуфтық мәселелерді көкірегі ояу адамдарға рухани мысалдармен және ғибратты хикаялармен жеткізген.

Раббымыз Хазіреті Мәуләнәға сыйлаған хикмет толы көңіл дариясынан алынған тамшыларды біріктіре отырып осы кітапты жинақтауды нәсіп етті. Біз тек жазу машинасы секілдіміз. Бір нәрсені өзімізге теліп айтудан аулақпыз әрі бұдан Аллаһқа сыйынамыз.

Ұлы жаратушымыздан бұл еңбегімізге жалғасты береке беруін тілейміз әрі бұл кітаптың жазылуына, Қазақ тіліне аударылуына көмектескен достарымыздың көрсеткен шынайы ықыласын садақатүн жария (үнемі жалғасып отыратын садақа) ретінде қабыл етуін сұраймыз.

Раббымыз шынайы ниетіміз бен іс-шараларымызды қабыл етсін. Белгісіз жандарға жолданған хат тәрізді бұл кітапты рухани әрі материялдық қиындыққа тап болған, шаршап-шалдыққан, зеріккен көңілдерге жұбаныш әрі демеу болатын бір рухани терезе іспетті қылсын. Әмин.

Табысқа жеткізуші – Аллаһ.

Осман Нұри Топбаш

Ыстамбул - 2009

Сыбызғының Хикаясы

Мәуләнәның әңгімелерінде айтылған сыбызғы негізінде «кәміл адамды» білдіреді.
Сулы жерде өскен қамыстың сыбызғы болғанға дейін өткен кезеңдері адамның жетілуін, яғни «нәпсіден арылтып, жүректі тазарту» кезеңдерін білдіреді.

Сыбызғының Хикаясы

Мәуләнәның әңгімелерінде айтылған сыбызғы негізінде **«кәміл адамды»** білдіреді. Сулы жерде өскен қамыстың сыбызғы болғанға дейін өткен кезеңдері адамның жетілуін, яғни **«нәпсіден арылтып, жүректі тазарту»** кезеңдерін білдіреді.

Бастапқыда сыбызғы су жағасынан кесіліп өз мекенінен айырылған кезде мекенін қимастықпен қалай мұңға батқан болса, рухтар әлемінен келіп балшықтан жаратылған денеге, яғни тәнге кірген **«кәміл адам»** да ол рухани әлемді дәл солай сағынып аңсайды. Осы сағынышпен адам нәпсінің қалауларын тежеп, өзін есепке алып, ой жүгіртіп, Аллаһқа ғашық болу және бұл бағытта талай қиындықтарға төзу арқылы жоғары дәрежелерге жетіп, соңында **«кәмілдікке»** қол жеткізеді.

Қалың ну қамыстың арасынан таңдалып алынған жалғыз қамысты ұста адам алып өз бабымен кеседі. Ішін тазалап, кептіреді. Сонан соң қызған темірмен тесіктер тесіліп, екі басына темір бұғаушалар кигізіледі. Осылайша біраз уақыт күттірілген соң сыбызғышының үрлеген демімен тыңдаушылардың дәрежесіне қарай[3] сырнайдан керемет әуендер мен ғажап хикметтер төгіледі.[4]

---

3. Хазіреті Мәуләнә сыбызғы адамдардың жүректеріне қарай әрқалай әсер ететіндігін сыбызғының тілімен былай түсіндіреді: *«Мен әр түрлі жамағат арасында, әр түрлі мәжілісте күңіреніп үн қаттым. Кесір мінезділермен де, жақсы мінезділермен де бірге болдым. Әркім өз түсінігіне қарай маған дос болды. Бірақ ішімдегі сырды аңғармады»*.
Хазіреті Мәуләнә басқа өлең шумағында өз сырларын бөлісе білетін кәміл адам іздегендігін былай баяндайды: *«Ішімді босатып, мені түсінетін адамды іздеумен келемін...»*.
4. Ислам – адам табиғатындағы ерекшеліктерді жоққа шығармай олар-

Адам да кемелдік жолында осындай кезеңдерден өтеді. Кәміл адамдар өзге адамдардан белгілі өлшемдер арқылы ерекшеленеді. Сондай-ақ Пайғамбарлардың ең басты ерекшеліктерінің бірі де «таңдаулы» екендіктері еді. Сонан соң түрлі тәрбие әдіс-тәсілі арқылы кемелдік жолындағы адамның ішкі жандүниесі фәни дүниеліктерге деген байланыстар мен уайымдардан арылтылады. Аллаһқа алып баратын сәйрү сүлук жолында сабырды қажет еткен мың сан машақатты сынақтарына тап болып, ақыры уахидың ізімен жүру арқылы кәмілдікке жетеді. Соңында өз бойында Аллаһтың өнері, хикметі және құдіреті көрініс тапқан алып

ды керемет түрде жүйелеген ұлы дін. Өзге өнерлер секілді музыка да адам баласының табиғатында бар ерекшеліктердің бірі. Сондықтан оны басқа ерекшеліктер секілді толығымен қабыл етуге немесе одан толығымен бас тартуға болмайды. Тек адамға тигізген әсерлеріне және қалай орындалғанын қарап дұрыс немесе бұрыс екендігіне үкім беруге болады.

Бұл жайында Бахауддин Нақшибәндтің (құддиса сирруһ) мүриді Қожа Мисафир былай дейді:

-Қожа Бахауддинге қызмет қылып жүрген болатынмын. Өзім музыканы қатты ұнататынмын. Бір күні бірнеше мүридпен бас қосып, бірнеше музыка аспабын алып ұстазымыздың алдында музыка ойнап, оның бұған деген көзқарасын білуді жоспарладық. Осылайша жоспарымызды іске асырдық. Ұстазымыз болса бізге кедергі болмады, артынан былай деді:

-Біз мұндай әрекет жасамаймыз әрі оған қарсы да емеспіз.

Қожа Нақшибәндтің (құддиса сирруһ) бұл сөзі нәпсіге еріп кету ықтималы басым болған бұл салада өте мұқият болу керектігін ескертеді. Сондай-ақ бүгінгі күндегі кейбір топтардың тепе-теңдікті ұстай алмай тасаввуфтың негізінен ауытқып мәселені тек музыка тұрғысынан қолға алғандары көпшілікке мәлім. Сондықтан бұл мәселеге қатты көңіл бөліп, өте абай болу қажет.

Хазіреті Мәулананың өмірінің «пістім және күйдім» кезеңдерінде өте көп байқалған уәжд (қатты толқып есі шығу) және истиғрақ (Аллаһтың нұрына қарық болып, ешнәрсені сезбеу) халі кезінде көшеден өтіп бара жатып естіген зергердің алтынды өңдеуі секілді әр түрлі дауыстардың өзі оған Аллаһты еске салатын. Бұл жағдай, яғни Мәулананың әр түрлі дауыстардан жәзбә халіне келуі (Аллаһты еске алып есінен тануы) жалпы көпшілікке үлгі бола алмайды.

тұлғаға айналады. Адамдар одан келген тұңғиық хикметтерге бас иіп «Вүслат – Аллаһтың разылығына бөлену жолында» ілгерілей бастайды.

Тағдыры адамдардың тағдырымен сәйкес келген сыбызғының пайда болуы жайында және адамдардың сыбызғыны ойлап табуы жайында Мәуләуи тариқатының кітаптарында мынадай хикая айтылады:

Хазіреті Пайғамбарымыз Аллаһ Тағаладан өзіне берілген сырлар мен хикмет дариясының бір тамшысин ілімнің қақпасы Хазіреті Әлиге тапсырып:

– Бұл сырды паш етуші болма, - деп ескерткен еді.

Хазіреті Әли өзіне тапсырылған бұл аманатты таси алмай қатты қиналады. Елсіз иен далаға бет алып, жадында сақтаған сырларды сусыз бір құдыққа ақтарады. Уақыт өте келе әлгі құдық суға толып, тасып жан-жағына жайылады. Құдықтан тасыған бұл су келе-келе көлшікке айналып, ол жерден қамыс өседі. Жел ескен кезде шопанның бірі бұл жайқалған қамыстан тамаша үн шыққанын байқайды да, қамыстың біреуін кесіп сыбызғы жасайды. Бұл сыбызғыдан шыққан үн өте әсерлі болғаны сонша, мұны естігендер әуеннің жағымдылығына әрі тартымдылығына тәнті болады. Ол әуенмен бірге жылап, онымен бірге күле бастайды. Аз ғана уақыттың ішінде әлгі шопан жан-жаққа танылып, араб тайпалары шопанның сыбызғысын тыңдау үшін ағылып келе бастайды. (Ахмед Әфләки, Арифлерин Менкыбелери II, 440)

Мінеки, Мәуләнәның Мәснәуиі осы керемет әуеннің және оның құпия сырларының қағазға жазылған халі. Сондықтан Мәснәуиді оқығандар мән-мағынасын ұғынып түсінген сайын, оның көптеген құпиялары мен хикметтерге бай

екендігін мойындауға мәжбүр болған.[5] Ұшы-қиыры жоқ мұхитты бір тамшының өзінен тамашалай білген Хазіреті Мәуләнә әрбірі бір-бір тамшы іспеттес болған бәйіт, өлең шумақтарында біздің түсінігімізге қарай бейне бір теңіз тіпті мұхит ұсынған тәрізді. Өлең шумақтары осыншалықты терең мағыналар мен хикметтер қамтығанымен, Мәуләнә өзі білген сырларын толық түсіне алатын ортада айта алмағандығына қайғырады. Осы бағытта Мәснәуидің алғашқы тыңдаушысын елестетіп, бір жолы:

«Мен бұл Мәснәуиді Хусамеддинге арнап жаздым» - деген. Тағы бір жолы болса:

«Мен Мәснәуиді қорытынды түйін ретінде жазғыздым. Егер де құпиялар мен хикметтерді тағы да біраз түсіндіргенімде, оны қырық көлік зорға таситын еді» - деп, Аллаһтың ғылымы мен хикмет дариясының сарқылмас, соңсыз екендігін меңзеген.

Мәуләнәға ғашық ойшылдың бірі, Мәуләнәның ішкі жандүниесін адамдардың көпшілігі түсініп, ұға алмайтынын былай тілге тиек етеді:

«Біз Мәуләнә Жәләләддиннің ішкі көңіл тебіренісінің жан айқайын естідік. Ол сүңгіген тыныштық теңізінің тұңғиығын көруіміз мүмкін емес. Теңіздің түбінен ыршып судың бетіне не шықса соны ғана көріп отырмыз.

---

5. Бұрын христиан болып Мәснәуидің арқасында тура жолды тапқан парсы тілі ұстазым Яман Дededen:
– Сіз неге Мәуләнә мен Мәснәуиден осыншалықты көп айтасыз? - деп сұрағанда ол:
– Ұлым, Мәуләнә менің қолымнан ұстап Хазіреті Пайғамбардың есігіне жетелеп алып барып тура жолды табуыма себепші болды. Мені тозақтан құтқарған адамды осынша еске алсам көптік қыла ма? - дей-

Біз Хазіреті Мәуләнә секілді ғашық бола алмадық, тек оның ғашықтығын тілімізбен ғана айта алдық. Мүкіс тілімізбен айтып, түсіндіргеніміз осы ғана. Тек ол ғана жан рахатына кенелді. Бізге болса, оның көңіл тебіренісінің дыбыстары қалды. Өкінішті-ақ! Біз оны Мәуләнә деп ойлаймыз.[6]

6 . Нұреттин Топчу, Мевлана ве Тасаввуф, 139 б.

Мәснәуи бойынша

Кәміл адамның көңіл толқыны
Сыбызғының Зарлы Үні

Мәснәуи: *«Егер рызық теңізін бір ыдысқа құятын болсаң, оны қаншалықты толтырады? Тек оның сыйымдылығындай ғана... Яғни әр мақлұқ тек өзіне жазылған несібесін ғана... »* (I т. 20)

Әрбір жаратылысқа қажетінше ризық беруші – Хақ Тағала. Оған қол жеткізу үшін ашкөздікке салыну әбестік. Өйткені хадис шәрифте: *«Ажал адамды қуып жеткеніндей, ризық та адамды қуып жетеді»*. (Ибн Хиббан, Сахих VIII, 31) деп айтылған. Бұл ешбір жаратылыстың өмірі өзіне белгіленіп бөлінген ризығы таусылмайынша бітпейді деген сөз. Хақ Тағаланың жазған ризығы белгілі себептер арқылы берілгендіктен ризық жолында әрекет етіп, күш-қайрат жұмсау шарт әрі міндет, әрі зәрулік. Бірақ жаратушыны ұмытып,

пайда болған нәтижені, яғни ризықты «өзім таптым» деу нағыз ғапылдықтың өзі. Бұл қолданған шаралар мен себептер тек жазмышқа сай келгенде ғана өз нәтижесін береді. Олай болса ақылды адам ризықты себептерден емес, себептерді жаратқан Хақ Тағаладан, яғни Ол белгілеген тағдырдың нәтижесі деп біледі.

Ризықты беретін – Аллаһ. Сондықтан біз осы ризықтың соңынан емес, ризықты молынан беретін Раззаққа қарай жүгіруіміз қажет. Сондай-ақ аят кәримада былай айтылады: **«...Біз сенен ризық сұрамаймыз. Керісінше, Біз сені ризықтандырамыз...»** (Таһа сүресі, 132 аят)

Мәснәуи: *«Ашкөздің яғни дүниені шектен тыс жақсы көретіндердің көздері еш тоймайды. Бақалшақ та қанағатшыл болмаса іші інжуге толмайды».* (I т. 21)

Тойымсыздық барлық жаратылыстың табиғатында әртүрлі деңгейде болса да, сөзсіз болатын нәрсе. Екі баланың қолына бірдей ойыншық беретін болсаңыз, бірі екіншінің қолындағы ойыншыққа бола өз бойындағы тойымсыздықтың мөлшерінде қызғаншақтық танытады. Бұл тойымсыздық қасиетті тежеп, төмендету тек нәпсіні тәрбиелеу арқылы ғана іске асады. Сондықтан Құран Кәрімде: **«Арылған адам** (жаман қасиеттерден арылып тазаланған) **құтылады»** (А'лә сүресі, 14 аят) делінген. Қоғамның тыныштығы мен бақыты үшін ең алдымен Аллаһтың пешенеге жазғанына разылық білдіру қажет. Себебі тағдыр дегеніміз Аллаһтың өзгеріссіз жазмышы. Жазмыш болса шексіз де шетсіз сыр дариясы. Онда жасырын хикметтердің астарын білу әсте мүмкін емес. Олай болса Аллаһ белгілеген тағдырға разылық білдіріп,

ондағы хикметтерге сенім арту қажет шарт болып табылады. Ал, бұлай істей алмағандар құтырған құмарлықтың тырнағына ілігіп, құрдымға кетіп, опық жейді.

Мәснәуи: *«Иләһи махаббат арқылы нәпсіқұмарлықтан құтылып, «мен» деген қасиеттен арылған адам әуесқойлықтан және барлық арсыздықтан толығымен тазарды».* (I т. 22)

Ішкі дүнесін нәрлендіріп, иманның ләззатын татқандар жан мен мал қайғысынан құтылғаны сияқты, Аллаһ Тағаланың махаббатына кенелу үшін де бұларды дәнекерге айналдырады. Бірақ бұл оңайлықпен қол жеткізетін жетістік емес. Бұған қол жеткізу үшін табандылықпен сабыр сақтап, ғибадат жасап, дұға қылып, нәпсімен күресіп, үнемі қажымай күш-қайрат жұмсау қажет. Топырақ та қысқы маусымның ауыр машақатына төзе білгендіктен көктемнің нығметіне кенеледі. Бақалшақ та осылайша өз құшағында қымбат інжуді дүниеге әкеледі.

Мәснәуи: *«Топырақтанжаралғантәнімізмахаббаттың арқасында көкке көтеріліп, ұлы дәрежеге кенелді».* (I т. 25)

Адамның денесі топырақтан жаралған. Яғни топыраққа тән. Осы тұрғыдан алғанда өзге мақлұқаттан оның ешқандай парқы жоқ. Бүкіл жандылар секілді ол да топырақтан жаралған. Топырақтағы ауысымның нәтижесінде пайда болған азық-түлікпен қоректенеді. Соңында топыраққа қайтып, сол жерде фәнилікті жамылады. Ал, рухани жаратылысымыз болса, ол Аллаһқа тән. Шынында да аят кәримада бы-

лай айтылады: **«Оған рухымнан үрлеген сәтте...»** (Хижр сүресі, 29 аят; Сад, сүресі 72 аят). Өйткені Аллаһ Тағала өзіне қарай жақындай білсін деп құлына бірнеше қабілеттер пен қасиеттер сыйлаған. Жағымсыз, пенделік бейімдерді жойып, кәмілдік жолына түскендер иләһи вұслатқа қарай ілгерілей бастайды.

Хазіреті Мәуләнә:

«Тәніңді шегінен тыс асырап, өсіруді көздеме. Өйткені соңында ол топыраққа баратын құрбандық. Сен негізінде көңіліңді бағып, жетілдір! Ұлық орындарға баратын да, сондай-ақ абыройға бөленетін де – көңіл».

«Денеңе майлы, тәтті нәрселерді аз таттыр. Өйткені оны қажетінен тыс бағып тойдырған адам нәпсі құмарлыққа беріліп, соңында масқара болады».

«Жандүниеңді рухани азықтармен жетілдір. Оған кең түсінік, сезімталдық және рухани қорек бер. Баратын жеріне мәңгіліктің жолаушысы ретінде қуатты, бекем болып барсын» - дейді.

Мәснәуи: *«Тек өз тілі мен өз көңіліндегісіне ғана назар аударғандар өзінің тілі мен ділін түсінетіндерден аулақ жүрсе, жүздеген тіл, жүздеген сөз білсе де, тілсіз болып үнсіз қалады».* (І т. 28)

Хазіреті Пайғамбарымыз: *«Адамдарға түсінігіне қарай сөйлеңдер»* (Бұхари, Илм 49) - деген. Алдындағы адам ұға алмайтындай айтылған сөздер қаншалықты керемет, терең болса да ешқандай пайда бермейді. Сондықтан шын көңілден шыққан, терең мағыналы сөздер көкірегі ояу кісілерге

айтылуы тиіс. Себебі күнәға батқан адамдармен бірге жүру ет көзі мен көкірек көзін көр қылады. Ақымақ әрі надан адамдарға айтылған сөздер жолдың шетіне бітіп, аяқ астында тапталып езілген сирек кездесетін қымбат гүл тәрізді.

Хазіреті Мәуләнә қарапайым халық та, данышпан да түсіне алатындай етіп, орта жолды ұстана отырып ұлы еңбегі **Мәснәуиді** жазса да:

«Мені түсінетін адам іздеумен өмірден өтермін...» деген.

Сонымен қатар айтылған пікір алдындағы адамға әсер етуі үшін арада сүйіспеншіліктің болуы да шарт. Сүйіспеншілік – сөзбен айтып жеткізбей-ақ, жүректен жүрекке өтетін сыйқырлы сезім. Міне осы себепті мұтасаввуфтар халықты тура жолға бағыттап, көкірегіне ой салу жолында сүйіспеншілікке аса мән берген.

Аллаһ үшін шынайы достық – денелері бөлек екі адамның бірдей ортақ сезіммен, бір жүректе өмір сүруі. Басқаша айтқанда екі достың бірін-бірі жуатын қос қол тәрізді қарым-қатынаста болуы. Құдды мүһәжир мен ансар секілді...

Мәснәуи: *«Раушан гүл солып, гүлстанға күз мезгілі келгенде бұлбұлдың сайраған әсем үні естілмей қалады».* (І т. 29)

Екі адамның арасындағы сүйіспеншілік пен ол сүйіспеншіліктен туындаған жылы лебіз, раушан гүлі мен бұлбұлдың мысалына ұқсайды. Адамдар көбінесе алдындағы адамның қабілетіне қарай, оның көңілінің қалауына сай әңгіме айтады. Негізінде сөйлейтін жүрек, ал тіл болса оның тілмашы іспетті. Айтылған сөздер – бейне бір әсерлі сыбызғы үні. Ал, тыңдаушы болса оны

тартатын сыбызғышы секілді... Ол сыбызғыны үрлеген кісі ысылмаған болса, онда жиналыс орны күз мезгіліндегі гүлстанға ұқсайды.

Мәснәуи: *«Өзінің фәнилік болмысынан алшақтап, нәпсі құмарлығынан құтылған адам, яғни мәңгілік өлместермен қатынасып, оларға ерген кісі қандай бақытты. Өлілермен бірге отырып, өзі де рухани тұрғыдан өлген тіріге қандай қасірет».* (I т. 1513)

Хақ Тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар әрі шыншылдармен бірге болыңдар»** (Тәубе сүресі, 119 аят) деп бұйырады. Шынайы бақытқа жету – Аллаһ достарының көкейінен шыққан рухани нәрден нәр алып, көркем мінезді бойға сіңіру арқылы ғана мүмкін болмақ. Өйткені олардың бұл көркем халі жиі қатынасуды қажет еткен махаббаттың арқасында жүректен жүрекке өтіп, адамды кемелдендіреді. Қадірменді сахабалар бұл ақиқаттың ең көркем мысалы болып табылады. Өткен өмірлері жабайылыққа толы, қыздарын тірідей топыраққа көметін, қоғамның һәм адам құқығын таптап келген қараңғы дәуірдің адамдары болған сахабалардың өздері ардақты Пайғамбарымызды шын сүйіп, онымен бірге болу арқылы ахлақ пен адамгершіліктің шыңына шықты. Аллаһ достары да дәрежелеріне қарай осы секілді.

Бұл халді Мәуләнә былайша суреттейді:

«Ей, досым! Сүйікті Пайғамбарымзды көзі тірісінде көріп, сахабалардай құндылыққа қол жеткізе алмадым деп өкінбе. Ол ұлы тұлғаның мұрагерлері болған шыншылдармен бірге бол. Сонда өз қабілетің мен арманың бойынша тиісті үлесіңе жетерсің».

Адам баласының ең үлкен қасіреті болса: **«...Залымдар үйірімен бірге отырма»** (Әнʼам сүресі, 68 аят) деген Аллаһ бұйрығына қайшы әрекет етіп, құтырған нәпсінің шырмауында өмір сүрген адамдармен қоян қолтық араласу. Бүкіл жамандық атаулы да жүректен жүрекке өтетіндіктен мұндай адамдарды жақсы көру ең үлкен бәлекетке ұрындырады.

Үнемі ізгілермен бірге жүрген кісі ізгілерге қосылады. Залымдармен бірге болған адам залымдарға қосылып, олардың зұлымдығы мен күнәсына ортақ болады. Мәуләнә бұл шындықты мына өлең шумағымен жеткізеді:

«Көкірегі ояу адамдармен тығыз бірлікте болғайсың. Олардың мейір-шапағатын алғайсың әрі рухани күш жина. Сөйтіп Хаққа деген махаббаттың арқасында жас, тың бақуат бол.

Мына тәндегі рух руханияттан, махаббаттан бейхабар болса, онда ол қын ішіндегі ағаш қылыш іспетті. Ол ағаш қылыш қынында тұрғанда қымбат, кәдеге жарар болып көрінеді. Ал, қынынан шыққан кезде тек отынға ғана жарайды.

Егер ол ағаш болса, барып басқа қылыш ізде. Ал, егер алмас болса қуанып, белсене ілгері ұмтыл. Алмас қылыш болса, ол әулиелердің қару-жарағының ішінде. Оларды көрулерің сендердің ішкі жандүниелеріңді қалыптастырады. Сондай-ақ рухани күш-қуат болады.

Сен қап-қатты тас не мәрмәр болсаң да, егер көкірек көзі ашық данагөйге жолығатын болсаң қымбат гауһарға, яғни маржанға, лағылға, алмасқа айналасың. Көңіліңде руханияты мол, пәк кісілерге сүйіспеншілік оянсын. Данышпандардан басқа ешкімге сүйіспеншілігіңді арнама».

Мәснәуи: *«Ғашықтықтың лебізі естілгенде өлген рухтар қанат қағып, мәйіттер қабірден бас көтере бастайды».* (IV т. 840)

Пайғамбарлар мен әулиелер – абылхаят. Қатып қалған өлі рухтар олармен тіріліп, жанданады.

Мәснәуи: *«Ей, әуесқой адам! Мынаны жақсылап біліп ал: Аллаһтың рахметінің ең ұлы көрінісі – көңіл. Одан өзге нәрселер осы көріністің көлеңкесі тәрізді».* (IV т. 1362)

«Ағаштардың арасынан бір өзен ағып жатыр. Оның мөлдір суынан жағасындағы ағаштардың бейнесін көресің».

«Суда көрінген бейне – бау-бақшаның елесі ғана. Ал негізгі бау-бақша көңілде. Себебі көңіл – Аллаһтың назары түскен жер». (IV т. 1364-1365)

Жүректің Аллаһтың назары түскен жер екендігін ұмытпау керек. Өйткені риуаят бойынша Хақ Тағала: *«Мен көк пен жерге сыймаймын, тек мумин құлымның көңіліне сыйамын»*, - деген. (Ажлуни, Кәшфүл Хафа II, 195) Юнус Әмре бұл шындықты былай тамаша суреттейді:

Көңіл Тәңірдің тағы,
Тәңір көңілге қарады.
Көңілді қалдырған адам,
Екі дүниенің бетбағы.

Мәснәуи: *«Әулие кісілерде Аллаһ Тағаладан берілген алып құдірет бар. Олар садақтан атылған жебені кері қайтарады».*

«Әулие кісі бір мәселеге мазасызданатын болса, ол мәселеге түрткі болған себепті Жаратушының құдірет қолымен тоқтатады». (I т. 1669-1670)

Әулие кісілердің Аллаһ Тағаланың алдындағы дәрежелері мен алатын мәртебелері құдси хадисте былай суреттеледі:

«Кімде-кім менің әулие құлыма дұшпандық жасайтын болса мен оған қарсы соғыс ашамын. Құлым өзіне әмір еткен парыздарымнан артық, еш сүйкімді нәрсемен маған жақындай алмайды. Құлым (парыздардан соң орындаған) нәпіл құлшылықтармен одан әрі жақындай түседі. Ақыры мен оны жақсы көремін. Құлымды жақсы көрген соң мен оның бейне бір сөйлейтін тілі, сезетін жүрегі, еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын. Менен не тілесе сөзсіз беремін. Жәрдем сұраса жәрдемші боламын. Мені паналаса қорған боламын...» (Бұхари, Риқақ 38)

Тағы бір хадис шәрифте Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«Аллаһтың құлдарының арасында кейбір азаматтар бар. Олар нәби де, шәһид те емес. Бірақ, қиямет күнінде олардың Аллаһтың алдындағы мерей-мәртебелері себепті нәбилер мен шәһидтер оларға құмарлықпен қарап қалады».

Асхаб кирам:

– Уа, Расулаллаһ! Олар кімдер? Қандай ізгі амал жасады, бізге айтыңызшы?! Біз де оларды қадірлеп, құрмет көрсетейік, - деді.

Сонда Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Олар сондай бір қауым, өзара туысқандық саудасаттық, не басқа бір жұмыстар себепті байланыс болмай-

ақ, бір-бірін тек Аллаһ разылығы үшін жақсы көреді. Уаллаһи олардың жүзі нұрлы әрі өздері де бір-бірден нұрлы мінбердің үстінде отырады. Адамдар қорыққан кезде олар қорықпайды. Адамдар қайғырған шақта олар қайғырмайды, - деді. Сөйтті де артынан мына аятты оқыды:

«Біліп қойыңдар! Расында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ, олар қайғырмайды да. Олар иман келтірген және үнемі тақуалықпен сақсынып тұрады. Оларға бұл дүниеде де, ахіретте де сүйініш бар. Аллаһтың сөздерінде өзгеріс жоқ. Міне бұл зор бақыт». (Юнус сүресі 62-64 аяттар) (Хаким, Мүстәдрәк IV,170)

Хазіреті Мәуләнә жоғарыдағы шумақтарын басқа шумақтарымен былай түсіндіреді:

«Аллаһ нәбилер мен әулиелерді рахмет шуағы ретінде бұл әлемге жіберді. Сондықтан олар жалығып, қамықпастан халыққа насихат айтады. Бұл насихаттарын тыңдамай оларға қарсы шыққандар үшін де: «Уа, Раббым! Сен оларды есіркегейсің. Оларға мейірім есігін жаба көрме», - деп жалбарынады.

Сен есіңді жинап! Әулиелердің үгіт-насихатын жан-тәніңмен тыңда. Тыңда да қайғы-қасіреттен құтыл. Сөйтіп рухани рахат сезімге, есендікке қол жеткіз.

Қолыңдағы мұрсатты қашырып алмай және бұл туралы екі ойлы болмай, бұл фәни дүниенің алдамшы қызығынан арылып, Аллаһқа толық, барынша берілген кәміл адамға қолыңды бер. Сонда барып ақыр заманның, мына бұзылған қоғамның фитнәсінен құтыласың.

Әулиелердің сөзі абылхаятқа толы мөп-мөлдір кәусар бұлақ секілді. Қолыңда мүмкіншілік барда одан сусыныңды

қандырып ішіп ал. Сөйтіп көңіліңде рухани гүлдер құлпырып, раушан гүл қауашағын ашсын».

Мәснәуи: *«Хақ Тағала өзінің есімдері мен сипаттарын Хазіреті Адамға өзі тікелей үйретті. Ал басқаларға сол есімдерді Адам ата арқылы паш етті».* (I т. 1943)

«Аллаһтың нұрын қаласаң, Аллаһтан ал, қаласаң кәміл адам – әулиеден ал. Ғашықтық шәрбәтін қаласаң үлкен қыш құмырадан іш, қаласаң торсықтан іш». (I т. 1944)

«Бір май шамнан от алып жағылған екінші май шамды көрген адам шынымен де негізгі май шамды көрген болады».

«Сөйтіп ол шамның жарығы жүз шамға тараса да, ол шамнан жүздеген шам от алса, соңғы шамның жарығын көрген адам алғашқы негізгі шамды көрген болады».

«Іздеген һидаят нұрыңды, яғни ғашықтық нұрын қаласаң соңғы шамнан ал, қаласаң тікелей негізгі шамнан ал. Олардың араларында ешқандай парық жоқ». (I т. 1947-1949)

Жоғарыда айтылған негіздерге сүйенетін болсақ, сыртқы іс-амалымен қоса ішкі дүниесі де зүһд пен тақуалық жолында биік шыңдарға шығып, ой-өрісі мен түсінігін кеңейтіп, иман ләззатын татқан руханияты мол жандарды **«уәрасәтүл әнбия»** (пайғамбарлардың мұрагері) деп атаймыз.

Аллаһ Тағаламен араларындағы нәпсілік кедергілерді жоюға тырысып баққан Хақ достары Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мен оның асхабын көре алмағандар үшін бас иілетін іс-жүзіндегі қарапайым жанды мысалдар болып табылады. Бұл Хақ достарының көпшілікке үлгі боларлық өмірлері мен иршад үшін қолданған іс-

шаралары Пайғамбар ахлағының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ең биік шыңдағы көрінісі.

Сондай ұлы даналар иманды һәм қабілетті жандар үшін магнит секілді тартылыстың орталығы болғандықтан қоғамның барлық сатысындағы адамдарға мейір-шапағаттың көзі болып табылады. Өйткені оларды халыққа сүйсіндірген Аллаһ Тағала. Бұл туралы қасиетті аятта былай айтылады:

«Иман келтірген әрі ізгі іс істегендерге келер болсақ, оларға асқан рахымды болған Аллаһ (олар туралы адамдардың көңіліне) **сүйіспеншілік дарытады»**. (Мәриям сүресі, 96 аят)

Кәміл адамның көңіл толқыны

Сыбызғының Зарлы Үні

«Сыбызғыға құлақ салшы. Қалай хикаялап жатыр, (жоқ) айырылысудың зарын жырлап жатыр». «(Сыбызғы айтады:) Мені саздан кесіп алғаннан бері ер-әйел зарлы үнімді естіп ыңырсуда».

Кәміл адамның көңіл толқыны

Сыбызғының Зарлы Үні

Рухтар әлемінен мәңгілікке қарай жол тартқан адам баласы бұл жолда қаншама қуаныш пен күйінішке толы қарама-қайшылықтар арнасында сергелдеңде жүреді. Бұл сапардың ең ауыр әрі қауіпті кезеңі бұл дүние өткелі болғаны сонша, бұл аралықта сүрілген өмір – бесік пен табыт арасындағы тар дәлізде өткен өте ауыр, мехнатқа толы сапар. Мұның нәтижесі болса мәңгілік бақыт пен табыс, не болмаса мәңгілік азап пен орны толмас өкініш.

Бұл өткелде көздеріне түскен ғапылдық пердесінен адамдар көптеген ақиқатты, ең бастысы о дүниені көре алмайды. Бұл фәнилік өткінші мекенде өз орны мен міндетінің, жауапкершілігінің байыбына бара алмай және қандай хикмет пен зәрушіліктер себепті топырақ астындағы көрге кіретіндігіне мән бермей өмір сүргендер, яғни: «Мен кіммін? Қайдан, не үшін келдім? Топырақтың салтанаты қандай нәрсе (ақыры барлығы топыраққа кетеді)? Өмір өзендері барып құятын қара түнек, жұтқыр теңізде мынау тән қайығы қандай айлаққа барып тоқтайды?» деген секілді сауалдарға жауап іздемегендер «өлім әлі ұзақ» деп, бейне бір өздерін өлмейтіндей көреді. Сондықтан мына дүниедегі фәнилік заңдылыққа қарсы күйде ғұмыр кешеді. Сөйтіп, мәңгілік өмірге деген құштарлықтары әлсіреп, ахірет дайындығынан құр қалады. Жылтыраған алдамшы дүниенің тұтқыны болады.

Алайда адам баласының ой-өрісі топырақ астындағы қабір жұмбағын шешкеннен кейін дамып, парасаты арта бастайды. Адамның санасы мен жүрегі топырақ астындағы өмірді сезінбейінше қабірстанның сырлы әлеміне кіре алмайды. Өлімнің сырын ашатын ежелгінің де мәңгіліктің де картасын сызатын ғылым тек Раббымыздың еншісінде. Бұл мәселедегі ең қанағаттандырарлық жауап пен жүрекке қонымды насихат болса, олар пайғамбарлар мен олардың мұрагерлерінің еншісінде. Сондықтан пайғамбарлардан кейін олардың міндеттерін арқалаған көкірегі ояу Хақ достары көкірегі бітеу, ақиқаттан бейхабар жандарды ояту міндетін арқалап, шаттыққа бөлене отырып, қызметке жан-тәнімен кіріседі. Сан алуан түрлі әдіс-тәсіл қолданып кейде астарлы мағынамен, кейде шынайы хикметтер мен ғибраттық көріністер ұсына отырып, иләһи сырлардың құлақтан кіріп жүрекке қонуына жәрдемші болады. Бұл тұрғыдан қарағанда **Хазіреті Мәуләнәның Мәснәуиге** кіріспе ретінде жазған он сегіз шумақтық өлеңі өте терең хикметті мағыналар мен сырларды қамтығаны соншалық, тек осы бөлімдегі терең мағыналы сырлардан алған әсерінен Исламды қабылдаған көптеген адамдар бар.

Хазіреті Мәуләнә Хақ жолында ғашықтық отына жанған, үнемі сусап еш шөлі қанбаған, әрбір сәтте Хаққа қауышуға ынтық болған, әрдайым ойға шомып толғаныста жүретін жан. Бірақ өз кезінде оның махаббат арнасындағы сыр мен хикметке толы халін түсіне алмаған кейбір бетбақтар оған түрлі жалалар жапқан еді. Оның сарқылмас ғашық көңілін, толқулы жүрегін және шыр-пыр болып қиналған жанын түсіне алмай оны қатты кәһидкен еді.

Олардың түсінбей, ұға алмағанына қатты қиналып күйіген Хазіреті Мәуләнә кәміл адамның көңіл толқынын, бір

жағынан өзінің жағдайын сыбызғының зарлы үні ретінде түсіндіруге мәжбүр болды.

Сөйтіп:

«Менің сырым зарлы үнімнен бөлек емес. Сырым зарлы үнімнің ішінде», дегендей *«Тыңда»* деп жаза бастаған.

Олай болса бізге түсетіні оның бұл жан дауысына әрі «Тыңда» деген өсиетіне құлақ салу. Ол ғашықтардың сұлтаны түйіндеп былай дейді:

«Сыбызғыға құлақ салшы. Қалай хиқаялап жатыр, (жоқ) айырылысудың зарын жырлап жатыр».

«(Сыбызғы айтады:) Мені саздан кесіп алғаннан бері ер-әйел зарлы үнімді естіп барлығы ыңырсуда».

Яғни сыбызғының мынаны айтқысы келеді:

«Мен бұрын ну қамыстың арасында едім. Тамырым мен көңілім суда әрі топырақта болатын. Ол жерде назданып теңселіп, ескен самалмен жайқалатынмын. Бірақ күндердің күнінде мені ол жерден кесіп алды. Денемді ғашықтың отына құрғатып, таңба салып тесті. Тәнімді жарахаттады. Сонан соң мені демі күшті үрлеушінің қолына берді. Оның ыстық ғашықтық демі менің ішімнен өтті. Бұл дем ішімдегі ғашықтықтан өзге барлық нәрсені айдап шықты. Енді міне ғашықтықпен зар жылап, күңірендім. Негізінде зарым мен күңіренген үнім ішімдегі сарқылмас иләһи сырларды шертеді. Қолым жеткен бақыт пен ақиқатты жырлайды. Яғни, менің сырларым бейне бір үнге айналған әуен болғаны сонша бұлар сырымның астарлы түрдегі паш етілгені. Бірақ көздерін шел, құлақтарын шаң басқандарда менің бұл сырымды көріп, айтқан ақиқаттарымды еститін қабілет жоқ».

Хазіреті Мәуләнә Мәснәуиінде сыбызғыны тыңдағандардың, оның үнімен керемет сезімге бөленуін армандаған.

Сыбызғының отаны болған сазды жер – бір символ. Осы арқылы адамның ежелгі әлемде Хақ Тағаламен бірге екендігі ескеріледі. Екіншіден Аллаһ Тағаланың адамзат туралы **«Оған құдіретімнен** (рухымнан бір сыр) **үрледім»** дегені рухани әлемімізде Аллаһтан келген бір сыр бар екендігін және мұны аңғарған данагөй, кемеңгерлердің өмір бойы Раббыларына қауышуға ынтызар екендіктерін баяндайды.

Мәснәуиге түсініктеме бергендер:

Құран Кәрімнің «икра» (оқы) деп, ал Мәснәуидің «бишнев» (тыңда) деп басталуын түсіндіргенде «бишнев» (тыңда) сөзі «иқраның» тәпсірі екендігін айта келе:

«Иләһи Кәләмді (Құранды) тыңда! Сырларды тыңда! Өз болмысыңдағы жасырын ақиқатты тыңда!» деп түсіну керек екендігін алға тартады.

Себебі Мәснәуи – Құран Кәрімнің ақиқаты мен сырларынан көкірек көзі ашық кемеңгер кісілерге ұсынылған шық іспеттес.

Екіншіден Хазіреті Мәуләнә **«бишнев»** сөзіндегі «б» әріпі арқылы бұл еңбегін **«Бисмилләһпен»** бастағандай болды. Себебі түркілердің діни салт-дәстүрінде кейде жазулар мен хаттар басына «Бисмилләһтің» орнына «б» әріпі де қолданылған еді. Бұл ұстаным болса, Хазіреті Әлидің:

«Құрандағы барлық нәрсе Фатихада, Фатихадағы барлық нәрсе Бисмилләһта, Бисмилләһтағы барлық нәрсе басындағы «Б» әріпінде» - деген сөзіне негізделген еді.

Мәснәуидің алғашқы он сегіз шумағы Мәуләнәның ұшқыр ой-пікірге ие, сөзге шешен екендігін көрсететін сыр сандығы. Сондықтан Мәснәуидің бұл кіріспе бөлімінің әрбір шумағы, әрбір сөзі, тіпті әрбір әріпі жеке-жеке талданып, көптеген құнды-құнды түсініктемелер жазылған. Сондай-ақ бұл он сегіз шумақ жиырма алты мыңнан астам шумақтан тұратын Мәснауидің «Фатихасы» ретінде саналған. Мәуләнә бұл шумақтарды өз қолымен қағазға жазып, бұдан кейінгі негізгі бөлімін айтып отырып, оны шынайы да нағыз шәкірті Хүсамәддин Челеби қағазға түсірген еді.

Хазіреті Мәуләнә бұл еңбегінде сыбызғыны нәпсі құмарлықтарынан арылып, өз болмысын жойып «ештік» сезіміне бой алдырған, жүрегі иләһи махаббатқа толы кәміл адамның символы ретінде алға қояды. Сыбызғы қамысақтан, яғни өз отанынан айырылғандықтан зар жылап, күңіренеді. Адам да рухтар әлемінен, яғни Хақ Тағаланың құзырынан сынақ үшін бұл дүниеге айдалған. Сондықтан өз Раббысынан айырылып қалғаны үшін рухы қиналып зар жылайды. Адам қол жеткізген кемелдігінің дәрежесіне қарай мына фәнилік жалған өмірде ауру-сырқаудан, бәлекеттерден қиналған сайын, рухтар әлеміндегі бақытты, рахат кезеңдерін сағынып аңсайды. Сөйтіп тәніне жат болмаса да, рухына жат болған әрі айдауда жүргендей мына жалған өмірге алданбай, мәңгілік өмірге қарай қанат қағып ұмтылып өмірі бойы зар жылап өтеді. Құдды сыбызғының зар жылағаны секілді...

Бұған қоса адам бұл дүниеде тән қапасына қамалған. Тән, яғни нәпсі мен дененің құмарлықтары Хаққа қауышуға кедергі болады. Сондықтан тән қапасы кәміл әрі ғашық көңілдерге үнемі сарғайған сағынышқа, ұзақ айырылуға себеп болған.

Бұл сағыныш отының жалыны мен көңілдің жандауысы онан сайын артып көкке көтеріледі. Бұл да сыбызғының көңіл үні секілді Хаққа қауышудың әрі Хақтан айырылудың сырларын түсіндіреді. Сондықтан сыбызғының бұл зарлы үнін естігендер, яғни айырылу мен қауышудың сырларына құлақ салған ер-әйел барлығы да сол секілді зар жылап еңірейді.

Қысқасы жүрегі Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен махаббатқа толып тасығандар теңіздегі махаббат дариясына да алданбаған балықтар секілді. Ал бұл сүйіспеншілік пен махаббаттан мақрұм қалғандар сан алуан ризық қойылған дастарханның ортасындағы нығметтерді аңғармай қарындарын тойдыра алмай аш қалған бейқамдарға ұқсайды. Олар күн сайын әурешілікке салынып, тас қараңғы ортада ғұмыр кешіп, өз-өздерін сергелдеңге салады. Әрине мұндай қам рухтар қас әрі кәміл рухтардың халін, олардың ұлы мәртебесі мен мерейін түсіне алмай мақрұм қалатындығы сонша мұндайларға әрекет те, сөз де әсер етпейді.

Қорытындылайтын болсақ,

«Тыңда» - деп басталып,
Қам рух кәміл рухты түсіне алмас,
Хош сау бол! Сөзім айтқан қысқа, нұсқа!

- деп аяқталған он сегіз шумақ өлең бастан-аяқ өте көп сырлар мен құпиялардан тұрады. Бір ғана тамшыдан ұшы қиыры жоқ мұхитты тамашалай білген Хазіреті Мәуләнә әрбірі бір тамшы іспеттес бұл өлеңінің әр шумағында бізге бір-бір теңіз, тіпті бір-бір мұхит ұсынатын тәрізді.

Сонымен қатар Хазіреті Мәуләнә көңіліндегі бұл сырларды кез-келген адам түсіне алмайтынын, оны тек

өзі секілді махаббат отына күйген ғашықтар ғана түсіне алатынын білдіріп:

«Сағыныш дертінің сырын түсіндіру үшін айырылысудан тілім-тілім болған жүрек қажет» - деген.

Бұл сөйлемнің шешімі Хазіреті Мәуләнәның кәміл адам іздеу жайында айтқан мына мысалында дер едік:

«Түнгі уақыт болатын. Үйімнен сыртқа шықтым. Қырға шығып серуендеп жүрген едім. Бір адамның қолына шырағдан алып жүргенін көріп:

– Қап-қараңғы түн ортасында не іздеп жүрсіз? - деп сұрадым.

Әлгі адам:

– Адам іздеп жүрмін, - деп жауап берді.

Мен оған:

– Мұның бекер. Босқа шаршама. Мен өз елімнен айырылдым, сонда да оны таба алмадым. Үйіңе бар... Жатып дем ал. Бостан-босқа іздеме, оны еш жерден таба алмайсың, - дедім.

Әлгі адам жүзіме мұңая қарап:

– Таба алмайтынымды мен де білемін. Бірақ, сонда да іздеуден ләззаттанамын, - деді.

Бұл ізденіс – жаратылыстың ең абзалы кәміл адамды іздеу әрекеті. Сондай-ақ ізденісті жан-тәнімен істегенде ғана іздегенін таппақ. Ал, ынты-шынтысыз халдегі ізденістер ешқандай табысқа жеткізбейді. Ғашықтық тыныш таппай, жан-тәнімен іздену арқылы басталады. Өмірдің асау дариясынан өтіп Хаққа қауыша білу қашан болмасын, ылғида

мұндай ғашықтық пен шаттық ізденістерінің нәрлі де берекелі арнасында жүзеге аспақ. Жан-тәнімен әрекет етпейтін, жалқау әрі тат басқан жүректер денеге жүк болумен қатар өмір дариясының асау толқындарына төтеп бере алмай суға кетеді.

Жүрек теңізге ұқсайды. Балықтың өмір сүруі үшін теңізде жүзіп, сол жерден өз қорегін тауып жеуі қажет. Балық теңізден шығатын болса өмір сүре алмай, тіршілігін тоқтатады.

Жүрек те зікірден, махаббаттан және сүйіспеншіліктен мақрұм қалатын болса, теңізден шыққан балық секілді болады. Осылайша ғапылдыққа ұшырайды. Нәпсінің шырмауында қалып, масқара болады. Иләһи құдірет пен хикмет көріністеріне әңгүдіктей қарап қалады.

Аллаһ Тағала баршамызды кәміл адамдардың сыр мен хикметке толы үніне құлақ салып, Хақ жолында сыбызғы секілді көңіл толқыны мен ғашықтық сезімі ішінде Хаққа қауышқан бақытты жандардан етсін.

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Шынайы Достық

Мәснәуи: *«Адам тек бейне бір көзден ғана, яғни рухани танымнан тұрады. Қалғаны тері мен тән ғана. Шынайы көз – тек досын ғана көретін, оны танып білген көз. Досты көрмейтін көзді, сен көз деп есептеме».* (I т. 1406)

Көз – ой-пікір мен сезім әлеміне ашылатын терезе. Шынында да адамның көрген жақсы-жаман барлық нәрсесі оның жүрегі мен танымына шағылысып, ол жайында түсінік пайда болады.

Ой жүгірту мен сезіну мәселесінде алғашқы қадам – айналаға ғибрат көзімен қарау арқылы басталады. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала құлдарын ғибрат аларлық көзқараспен қарауға шақырып, көптеген аяттарда:

«Олар түйеге, бұлтқа, жаңбырға, тауларға, жасыл өсімдіктердің қыста өліп, көктемде қайтадан тірілуіне, өткен қауымдардан қалған іздерге… қарамай ма?» - деген.

Сонымен қатар Құран Кәрімде Аллаһтың сансыз нығметтері айтылғаннан кейін жиі-жиі адамдарға бағытталып (يَا أُولوالْاَلْبابِ) **«Ей! ақыл иелері!»** делінген. Осылайша барша әлемге, табиғатқа ғибрат көзімен қарауларын бұйырған. Осыған ұқсас көптеген аят кәрималарда: (أَفَلا يَتَدَبَّرُونَ : أَفَلا يَعْقِلُونَ : أَفلاَ يَتَفَكَّرُونَ) **«Ойланбай ма? ақыл жүгіртпей ме? толғанбай ма?»** дей отырып, адам баласының мына әлемге жай ғана көзбен бостан-бос қарап қоймай, хикметтерін түсініп, сабақ ала отырып зер сала қарауын айтқан.

Бұл ғаламға осындай түсінікпен назар аударып қарағандар оның ұлы Жаратушысын, ол Жаратушының ақылды қайран қалдырған өнерін өзінің шамасына қарай түсіне алады.

Мына әлем иләһи шаттықтың қайнар көзі. Керемет иләһи өнер туындысы болған адам баласы иләһи шаттықтың бейнесі. Көретін көздер, сезетін жүректер иләһи шаттықтан басқа еш нәрсені көрмейді де сезбейді.

Адам баласы таңертең ертемен тұрып күннің шығуын тамашалап, көкжиектегі түрлі-түсті, алуан түрлі бейнелерге көз жүгіртіп қарауы керек. Біз бір суретшінің салған суретіне аң-таң болып таңырқағанда, мына әлемді жаратқан Өнершінің барлық жерде салған теңдессіз өнеріне қалайша немқұрайды, ықылассыз қарап тұрамыз?

Қызғалдаққа, шегіргүлге қараңдар. Құлпырған алуан-алуан түсті олар қара топырақтың қай жерінен алды екен? Ал, қызыл түтшы? Құлпырып жайнаған көк, күлгін түсті гүлдер... Санаса таусылмайтын басқа да тамашалар... Сезімтал жүректер үшін барлық жер таңғажайып құбылыстар көрмесі. Гүлдің күлімдеуіне, араның ызыңдап ұшуы мен

көбелектің қанат қағуына, бұлбұлдың сайрауына және де өз тұла бойыңызға үңіліп қараңызшы. Бұлардың барлығы әрі бұлардан өзге де кереметтер көркемдердің көркемі Раббымыздың жамалының сұлулығынан тамған бір тамшы ғана.

Таң атқанда жымың қаққан сәулесімен бүкіл әлемге жарық шашқан күн басталған жаңа күннің сәлемін бізге жеткізіп:

– Оян, - деп, біздерді өзімізден былай есеп алуға итермелейтін секілді:

– Қарашы, сен үшін өмір дәптерінен бүгін де жаңа бір бет ашылды. Қияметте алдыңа жайылатын бұл бетті қалай толтырмақсың. «Кітабыңды оқы. Бүгін есеп-қисабыңды сұрау үшін нәпсіңнің өзі жеткілікті», деп айтылатын қорқынышты күн үшін бүгін не дайындамақсың?

Күн батып көкжиекті өрт шалғандай алдымен алауланып, артынан қара түнек басқан кезде түн адамға былай дейтін секілді:

- Тағы да бір күн өтті. Өлімге бір қадам тағы жақындадың. Енді өкініп опық жеудің қажеті жоқ. Қандай әрекет жасасаң да өткен күнді кері қайтара алмайсың. Қазір сен де өлімнің бауыры болған ұйқыға кетесің. Не істедің? Не істеуің қажет еді? Істеген нәрселеріңді және істемеген нәрселеріңді ой жүгіртіп ойлан. Бәлкім бұдан соң таңның атқанын көрмейтін шығарсың».

Мына әлемге осылайша қарап ой жүгіртіп әсерленген рухтар соңында Аллаһқа ғашық әрі Оған дос болады. Адамның мұндай ғибрат пен хикмет бағытына қарай бет алуындағы ең күшті ықпал адамзатты ойлануға, ақыл

жүгіртуге бағыттайтын уахиға бойсұна отырып, Хаққа дос ізгілермен шын жүректен дос болуы. Мұндай ізгі кісілердің «дос» деп аталуы астарлы мағынада. Шынайы достық – Аллаһты шын сүйіп, Оған бет бұру. Бірақ бұған қол жеткізбес бұрын Аллаһқа жақын адамдармен тығыз байланыста болып, шынайы сүйіспеншілік пен достықты қалыптастыру адамдардың әлсіз жаратылыстарынан туындаған зәрулік жағдай. Себебі рухани байлық бірден емес, бірте-бірте қалыптасады. Сондықтан Аллаһқа дос болу үшін қажетті болған адамдармен дос болу ісі рухани сапардың бас тартпас алғашқы сатысы.

Мәуләнә бұл шындықты мына шумақтарымен былай түсіндіреді:

«Жалғыз қалып, ой бөлісетін адам таба алмағаның үшін үмітсіздікке салынатын болсаң шынайы нұрға ие бір достың қол астына барып кірерсің.

Тез, өзіңе Хақ досын ізде. Осылай істесең Аллаһ сенің досың әрі жәрдемшің болады.

Қылуетке кіріп, оңаша қалу бөтен адамдарға қарсы істесең болады, ал досқа қарсы емес. Тон көктемге емес қысқа арналған.

Кемшіліксіз ақыл, өзге бір толық ақылмен, яғни уахимен тәрбиеленген ақылмен бірігетін болса қуаттанып, нұры артады. Жолынан жаңылмайды.

Ал нәпсі болса, тек нәпсіқұмарлығын орындау арманы мақсатына қарай басқа нәпсімен дос болуды ұнатады. Ондай кезде оның жолы қарауытып, ақиқат тұмшаланып көрінбей қалады».

Мәснәуи: *«Ей көңіл! Сенің ішкі дүниеңе жарық беретін жерге, саған жақын данагөй адамдардың қасына бар. Олар сенің басыңа келетін бәлекеттерге тосқауыл болады».*

«Олар сенің жаман әрекеттеріңе кешіріммен қарап, саған өз көңілдерінен орын береді». (II т. 2576-2577)

Шынымен де жаман әрекеттерді жазалау арқылы жамандықтың етек алуына тосқауыл болу барлық құқық жүйелерінде қабыл етілген жалпы қағида. Шариғат та адамды қылмыстан һәм райынан қайтарып жөнге салу мақсатымен осы жолды таңдайды. Мұтасаввуфтар болса қылмыскерді ол жасаған қылмысты құптамағанымен оны *«қылмыс жасаудан өзін қорғауға дәрменсіз адам»* деп санап, жөнге салатын бір әдіс қолданады. Әрі оны қанаты сынған құсқа теңейді. Оны дереу жазалаудың орнына оны тәрбиелеп, емдеудің жолын ұстанады. Яғни медицина саласындағы секілді... Ешбір дәрігер науқастан:

«Неге өзіңді қорғай алмай жол апатына ұшырадың немесе неге суық тигіздің» деп сұрамайды. Оны айыптамайды.

Керісінше өзін алдындағы науқас адамды емдеуге міндетті санайды. Мұтасаввуфтар да айыпты адамдарға тура дәрігерлер секілді қарайды. Себебі ұстаға бұзылған затты апарады. Ұстаның шеберлігі жөндеген затының қайтадан істеп кетуімен белгілі болады. Хазіреті Мәуләнә *«олар сенің жаман әрекеттеріңе кешіріммен қарап, саған өз көңілдерінен орын береді»* деген сөзі арқылы осы шындықты меңзеген.

Мәснәуи: *«Достар бір-бірінен айырылған кезде, барлық нәрсені ұғып түсінетін ақыл да, садағы сынған садақшы секілді қамығып мұңаяды».* (III т. 3693)

Исламда ақылды **«ақлү нақис»** яғни кемшілігі бар ақыл деп айтады. Бұл ақыл жалғыз өзі Хақты және жақсылықты табуға жеткіліксіз деген мағынада айтылған. Бұл шындық Жаратушы Тағаланың құлдарына ақыл сыйлап, оған қоса пайғамбарлар жіберу арқылы оларға жәрдем етумен расталған. Адамның жауапты болуы үшін ең алдымен оның ақылды болуы шарт. Шынында да барлық құқық жүйелерінде ақылсыз адам қылмыс жасаса оған кешірімділікпен қаралады. Олар жазаға тартылмайды. Қылмыскердің ақылды әрі саналы екендігі толық дәлелденгеннен кейін ғана жазаға тартылады. Міне осының өзі ақылдың адамды жаңылыс әрекеттен қорғай алмайтынын көрсетеді.

Осы кемшілігі себепті ақыл басқа бір кәміл ақылмен қуатталып, жігерленуі қажет. «Ақылдан ақыл үстем» мақалы да көреген, парасатты кісілермен кеңесіп санасу қажет екендігін көрсетеді. Жеке бас пен қоғамның дамуы үшін кеңесу мен ақылдасудың қажеттілігі жайында Құран Кәрімнің көптеген аяттарында былай айтылады:

«...Әрбір істе олармен кеңес...» (Әлү Имран сүресі, 159 аят).

«...Олар істерін өзара кеңеспен жүргізеді...» (Шура сүресі, 38 аят).

Мәснәуи: *«Балам! Егер Аллаһты қалайтын кісіні көрер болсаң онымен дос бол. Оның алдында құрметпен иіл.*

Аллаһты қалайтын кісілермен және Аллаһтың достарымен көрші тұратын болсаң, сен де Хақты қалайтындардан боласың. Олардың арқасында сен де нәпсімен күресте жеңіске жетесің». (III т. 1446-1447)

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген қанатты сөздегі ақиқат тасаввуфта *«хал адамнан адамға өтеді»* деп баяндалады. Егер кімді жақсы көріп онымен бірге болсаң, оның халі саған өте бастайды. Сондықтан Аллаһ Тағала Құран Кәрімде **«...Шыншылдармен бірге болыңдар»** (Тәубе сүресі, 119 аят) деп бұйырған. Себебі кісі бірге тұрып, бірге отырған қасындағы досының тағдырынан өз үлесін алады. Оның сезімдерін бөлісіп, екеуінің қалаулары ортақтасады. Сол себепті ізгілермен бірге болу адамның рухани өсіп жетілуіне дәнекер болады.

Мәснәуи: *«Мынаны да білгейсің! Бұл дүниедегі өткінші әрі жалған достар, жалған махаббаттар барлығы соңында саған дұшпан болады. Сенің басыңды кесіп алатындай қас жауға айналады».*

«Ал сен болсаң, мазарыңда зар жылап «Уа, Раббым! Мені жалғыз тастама» деп, Аллаһқа жалбарынасың». (V т. 1523-1524)

Адамдар мына өмірде көптеген нәрсені жақсы көріп, көптеген нәрсемен дос болады. Бірақ мәңгілік әлемге аттанар кезде олардың барлығымен қоштасуына тура келеді. Сонда дүниеде жақсы көріп, сенім артқан нәрселері еш пайда бере алмайды. Адам баласының дүниедегі сүйіспеншілігінің шыңында тұрған мал-мүлік пен бала-шаға болғандықтан Аллаһ Тағала олардың да мәңгілік өмірде пайда бермейтінін: **«Ол күні мал-мүлік те, бала-шаға да пайда бермейді. Тек Аллаһтың алдына таза жүрекпен келгендерге ғана** (пайда бар)**»** (Шұғара сүресі, 88-89 аяттар) аяты арқылы білдірген.

Бір Шайыр да бұл шындықты былайша тілге тиек етеді:

Ей, қожа! Ойлама сенен күміс-алтын сұрайды деп,
«Йәумә лә йәнфәғу» да қальбұ сәлим сұрайды.

Мәснәуи: *«Өткінші, фәни болмысқа махаббат құрған кісі мәңгілік тірі нәрсеге қауышу үшін әлгі махаббатын күшейте береді. Осылайша оның фәниге деген махаббаты нағыз ғашықтық – иләһи махаббатқа көпір іспетті болып, оны иләһи сүйіспеншілікке қауыштырады.* (III т. 545)

«Ей Хақ жолаушысы! Сен тірі нәрсеге қауышу үшін, онымен қауышуды қалап, тырысып тырбанғаның сонша, көңіліңді баурап алған әлгі тірі нәрсең бір күні жансыз болып топыраққа көмілетін болмасын».

«Сезімге беріліп сабанның бір сабағын, яғни фәнилік нәрсені өзіңе жақын дос деп тұтпа. Себебі оған арнаған сүйіспеншілігің, сезімдеріңнің барлығы өткінші. Сен тұрақты дос (Аллаһты) ізде».

«Егер сенің Аллаһтан өзге сүйіспеншілігіңді арнаған нәрселеріңде опа мен тұрақтылық болса, сенің ең жақын опалы адамың әке-шешеңнің достығы қазір қайда?» (III т. 547-549)

«Шын көңілден ұнатқан нәрсеңнің ажары кетіп, қайтадан ұсқынсыз халге түскенде, яғни сен жақсы көрген әсемдігін жоғалтқанда көңілің одан суып тез арада бет бұрасың». (III т. 555)

«Фәнилік нәрселердегі сұлулық иләһи сұлулықтың оларға уақытша шағылысып көрінген бейнесі. Шағылысып көрінген бұл нұр бір күні өз иесіне кері қайтады. Ей, Хақ жолаушысы! Сондықтан өткінші сұлулыққа қарама. Сен оның негізін, сол сұлулықты жаратқанды ізде».

«Күннің қабырғаға түскен сәулесі, күнге тән. Сен қабырғаға түскен сәулеге емес, сол сәулені түсірген күнге жөнел. Іздеуге лайықтысы сол».

«Суағардан су ақпайтын болса, яғни сұлулардан адалдық көрмесең, бұдан соң суды аспаннан ал». (III т. 558-560)

Адам бойындағы жақсы көру сезімі негізінде баға жетпес, өте құнды қазына. Оны қажетсіз бос жерлерге жұмсап, ысырап ету орны толмас өкінішке алып барады. Бұл әлемдегі Аллаһтан өзге сүйіспеншілік арналатын барлық достар сөзсіз уақытша, фәнилік нәрселер. Сондықтан сүйіспеншілік пен махаббаттың, тұрақтылық пен достықтың негізгі мақсаты Хақ Тағала болуы керек. Аллаһ Тағаланы (жәллә жәләлуһ) ақылмен толық түсініп білу мүмкін емес мутеал болғанмен Ол құлына күре тамырынан да жақын дос әрі жәрдемші. Егер құл ішкі дүниесімен Раббысына жақындауға беріліп әрекет ететін болса, Хақ Тағала да оның *«көретін көзі, еститін құлағы, ұстайтын қолы болатындығын...»* (Зүбдәтү-л Бұхари, 1107) сүйіншілеген. Осы жайында Құранда: **«...Аллаһ бізге жеткілікті, әрі ол қандай керемет қолдаушы...»** (Әлү Имран сүресі, 73 аят) делінген.

Сонымен қатар заңды түрдегі пенделік махаббат, яғни Аллаһтан өзге нәрселерді тек өткінші деген көзқараспен жақсы көріп, оларға көңілден орын бөлу құпталған жағдай. Өйткені мұндай сүйіспеншілік махаббатұллаһқа баратын жолдағы бір саты іспеттес. Алайда көңіл ол фәнилік нәрсеге шын байланып қалатын болса, ол пұтқа айналып Аллаһқа қауышуға кедергі болады. Егер Мәжнүн секілді **«Ләйлі, Ләйлі деп Мәуләны** (Аллаһты) **таптым»** дейтін болса, яғни фәнилік нәрсеге бағытталған махаббат сол нәрсеге байланып қалмай, иләһи махаббатқа бастайтын баспалдақ ретінде қолданылатын болса қандай бақыт. Ең маңыздысы Хақ Тағаланың жамалы. Оны аңсап, Оны қалау бұл дүниедегі ең ұлы мақсат.

Мәснәуи: *«Барлық нәрсе Оған мұқтаж, бірақ өзі еш нәрсеге мұқтаж емес Аллаһтың пәк затына ант етейін, улы жылан жаман достан артық».*

«Улы жылан адамның жанын алады, ал жаман дос адамды отқа лақтырып өртейді».

«Адам сөйлеспегеннің өзінде жаман досының мінезін өзіне жұқтырады. Көңіл жасырын күйде оның ахлағын өз бойына дарытады, оны ұнатады. Оның жаман ахлағын өзіне ахлақ етіп қабылдайды».

«Тұралықтан нәсібі жоқ, рухани байлықтан жұрдай дос саған көлеңкесін түсіріп, сенің байлығыңды да өзімен бірге әкетеді». (V т. 2634-2637)

Жоғарыда да айтып өткеніміздей хал адамнан адамға өтетіндіктен жақсы кісімен бірге болу жақсы нәтижеге, жаман кісімен бірге болу жаман нәтижеге себепші болады. Мұны ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу aләйһи уә сәлләм мынадай мысалмен түсіндіреді:

«Жақсы дос миск (әтір) сатушыға, ал жаман дос темір ұстасына ұқсайды. Миск сатушы хош иісті мискті саған сыйға тартуы мүмкін немесе мискті сен өзің сатып аласың. (Не болмаса онымен бірге болғанда) жұпар иіс иіскейсің. Темір соққан кісінің қасына барсаң не киіміңді күйдіресің, не болмаса көмірдің жаман иісінен мазаң қашады». (Бұхари, Зәбәих 31)

Имам Раббани да жаман адамдармен достық, кісінің басына қандай бәлекеттер алып келетінін мынадай мысалмен түсіндіреді:

«Құмарпаздармен қоян-қолтық жүрген кісі бәлкім, құмар ойнамайды. Сонысымен өзін судан таза, сүттен ақпын деп

ойлайды. Бірақ олармен бірге болған сайын құмар ойнауды ұната бастайды. Ал, бұл болса рухани құлдырау».

Егер адам кез келген күнәдан қорғануға қажетті қалқанды біле тұра немесе білместікпен тәрк ететін болса, кез келген уақытта сол күнәға кіру қауіпі де туындайды. Дөрекі әрі надан адамдармен бірге жүру, соңында олардың ой-пікірін құптауға алып барады. Ой-пікірін құптаған соң уақыт өте келе көңілдер бірігеді. Сөйтіп адам біртебірте құрдымға бет алады.

Мәснәуи: *«Мүнәфиқтармен достық құрудың кесірінен мүмин-мұсылман жандар да олар секілді жиркенішті болады, ақыры пасыққа айналады».* (II т. 2892)

Жаман ахлақтың ең сорақысы мүнәфиқтық. Исламда мүнәфиқтықтың орны зияны тимейтін кәпірлерден бетер жаман. Себебі өзгелерді алдап-арбап жаңылыстыратындықтан оның кесірі қарапайым (күпірлігін басқаларға уағыздауға әрекет етпейтін) кәпірден асып түседі. Осыған орай достықтың зарарын ең көп тартатындар – мүнәфиқтармен достасқандар. Өйткені ой-пікірдегі бірліктелік уақыт өте келе жүрек бірлігіне, үйлесімділікке алып барады. Ол болса, мү’минге кесірін тигізіп, зардап шектіреді. Хазіреті Мәуләнә жоғарыдағы шумағында осыны меңзеген еді.

Мәснәуи: *«Егерде біздің көзқарасымызда көптеген қателіктер бар болса, онда бар да өз көзқарасыңды досыңның көзқарасымен дұрыста».*

«Біздің көзқарасымыздың орнына достың көзқарасына қол жеткізіп ұстану, берген нәрсенің орнына алған

қандай тамаша сый. Оның көзқарасы барлық ізгі тілектерге толы». (I т. 921-922)

Достар ащы болса да шындықты айтуға тырысады. Олар досының алпауыт азапқа салынуынан гөрі уақытша ренжігенін жөн көріп, туралықты бетке айтады. Мәуләнә тағы басқа өлең шумақтарында бұл шындықты өзінен ақыл сұрағанда, ақыл-кеңес бере алмайтындығын айтқан кісінің тілімен былай баяндайды:

«Адамның бірі өзі нақты шешім қабылдай алмаған бір мәселе жайында екі ойлылықтан арылып, нақты шешімге келуі үшін басқа бір кісімен ақылдасып, кеңесін алғысы келді.

Ақыл-кеңесін сұраған кісі былай деді: «Маған сенім артып ақылдасу үшін келгенің маған қатты ұнады. Бірақ мен сенің досың емеспін ғой. Сен басқа адам тап, ақылдасатыныңды сонымен ақылдас.

Мен сенімен дос емеспін, менен ақыл сұрама. Дос емес адамның айтқан ақылымен табысқа жете алмайсың.

Бар, досыңды іздеп тап. Дос сөзсіз досының игілігін қалайды.

Мен дос емеспін. Мен сияқтылардан саған пайда жоқ. Менің жөні дұрыс қылығым да жоқ. Мен саған жаңсақ пікірлер айтуым мүмкін.

Ізгі кісілермен дос болып, олармен бірге отырған кісі ошақта отырса да гүл бақшасында отырғандай болады.

Сондай-ақ дос деп ойлаған жаман адаммен бірге бақшада отырған ошақта отырғандай болады.

Жақсылап ойлан да менмендікке салынбай, шынайы досты кішімсінбе. Оны ренжітпе».

Мәснәуи: *«Көңіл барлық достан қорек алады. Көңіл барлық мағлұматтан рухани нәр алып рахаттанады, арылады».* (II т. 1089)

«Бірге отырған әрбір адамнан рухани азық аласың. Қауышқан әр жақсы достан да өз бойыңа бір нәрселер дариды». (II т. 1091)

Жоғарыда айтып өткеніміздей, достасатын адамды жақсылап таңдауымыз қажет. Мәуләнәның бұл шумағы жақсы адамдармен достасудың келтірер пайдаларын айтуда. Бұдан бұран да тоқталып өткеніміздей адамдардың халдері бір-біріне өтеді. Жұғады. Хал сүйіспеншілік арқылы өтеді. Адам бірге жүрген досын қаншалықты жақсы көретін болса, оның халі оған соншалықты өтеді. Жек көру бұл рухани процесті тежейді. Ал, сүйіспеншілік бұл рухани процестің артуына әсер етеді.

Мәснәуи: *«Сен қап-қатты тас немесе мәрмәр болсаң, көкірегі ояу кісіні таба алсаң гауһарға айналасың».*

«Таза жүректі кісілерге деген сүйіспеншілігіңді жүрегіңе мықтап бекіт. Көреген кісілерден өзгелерге жүрегіңнен орын берме».

«Үмітсіздікке салынба, үміт есігінің барын ұмытпа. Қараңғы түнекке барма, жарқыраған күн барын естен шығарма».

«Көңіл сені көкірек көзі ояу, көреген кісілерге қарай тартады, ал тән болса сені су мен балшықтан жасалған қамауға алғысы келеді».

«Есіңді жи! Көкірегі ояу досыңның сұхбатымен көңіліңді нәрлендір». (I т. 772-776)

Нәпсі адамды жаман жолға итермелейді. Сондықтан асау атты үйреткен кісі секілді оны ғылыммен, ғибадатпен және Аллаһ жолында жүрген кісілердің руханиятымен тәрбиелеп жамандықтардан арылдыру қажет.

Бұл үшін ғылым қажет. Бірақ ол да жеткіліксіз. Ғалым кісі ғылымын парасаттылыққа айналдырып, ішкі жандүниесін және іс-әрекетін дұрыстауы қажет. Осылайша ақыл мен жүрек ортақ әрі үйлесімді түрде бір бағытта әрекет етеді. Әйтпесе жай ғана құрғақ ғылым да адамды тәкаппарлыққа, менмендікке яғни құрдымға итермелеуі әбден мүмкін.

Нәпсінің бірнеше дәрежелері бар. Ешқандай тәлім-тәрбие көрмеген нәпсі **«әммара»** (жамандықтың әміршісі) деп аталады. Бұл иесін үнемі жамандыққа бастайды. Алайда ол тәрбиеленудің нәтижесінде **«ләууәмә»**, **«мүлһимә»** және **«мүтмаиннә»** дәрежелеріне дейін жетеді. Сонда ғана бұл азғын нәпсі иесіне мойынсұнған жуас ат секілді оны қалаған жеріне алып барады. Нағыз құлдық осы дәрежеде ғана іске асады. Аллаһтың қалауымен одан да ілгерілеген сайын **«разийя»**, **«мәрзийя»** және **«кәміл»** мәртебелеріне жетеді. Бұл мәртебелерге жетудің ең басты шарттарының бірі – Аллаһтың достарымен бірге болу және оларды шын жүректен сүю болып табылады. Қам тыйылған, дөрекі нәпсі мұны қаламайды. Ол бастапқыда адамды рухани тұрғыдан нашар адамдармен бірге болуға итермелейді. Бірақ әрбір қиындықтың бір жеңілдігі болатынындай мұның да жеңілдігі бар. Тура жолға түсуге тайсалмай тырысса, оның жолы ашылмақ. Сонымен қатар адамның періштеден де артық, жоғары дәрежеге жетуі тәрбиеленген нәпсінің арқасында іске асады. Адам ата аләйһиссәләм жаратылған кезде періштелерге берілген оған сәжде ету әмірі адамның нәпсіге ие екендігінің себебінен. Өйткені періште ешқандай

кедергісіз Хақ Тағалаға бет бұрады. Ал, адам баласы ондай істей алуы үшін нәпсі деген бөгеттен асуы керек. Сондықтан адамның Аллаһтың разылығына, махаббатына қауышу арқылы қол жеткізген табысы періштелердікінен әлдеқайда алғыс айтарлықтай артық әрі сый тартуды қажет етеді.

Мәснәуи: *«Шынайы досқа досынан көрген жапа қалайша ауыр тимек? Жапа мен бейнет бір нәрсенің іш немесе ортасы секілді. Достық болса оның қабығы іспетті. Достықтың белгісі – бәлекеттерді, жәбір-жапаны, азап-бейнетті ұнатып, одан ләзаттану емес пе? Дос алтын секілді. Ал, бәлекет болса отқа ұқсайды. Нағыз алтынды отпен қыздырып, сафтандырады».* (II т. 1459-1461)

Бұрынғылардың мынадай сөзі бар еді: *«Адамның асылы мехнатта, кеннің асылы отта белгілі болады»*. Шынында өмірдің ащысы да, тұщысы да біз үшін. Өмірдің сыйға және қаһарға толы көріністерінде адамдар үшін аса үлкен қауіп бар. Қаһарлы көріністің басқа түскен ауыртпалығына сабыр етіп, онан құтылу үшін себеп-салдарына жабысып, разылық білдіру Аллаһтың ризашылығына бөлейді. Ал, шыдамсыздық танытып қарсы келу болса, құрдымға әкетеді. Сыйға толы көріністер де осы секілді. Кеңшілік пен молшылықты Аллаһтан деп біліп, шүкіршілік ету рухани байлыққа, мол берекеге кенелтеді. Ал, оған «өз күшіммен қол жеткіздім» деп ойлап тәкаппарланып, менмендікке салыну адамға опық жегізеді.

Хақ достары, яғни көкірегі ояу данышпандар ой-пікірлері мен түсініктерін уахимен тәрбиелеп, кеңшіліктеде де күйзелісте де, аяқтары ақиқаттан таймай табысқа қол жеткізеді. Сондықтан мұндай жандар еш ойланбастан «Қаһарың

да хош, ілтипатың да хош» дейді. Раббымыздың қолдауымен біз де солай болуға тырысуымыз қажет. Қаһарлы көріністе де, сыйлы көріністе де шын мәніндегі табысқа жету істің сыртқы көрінісіндегі себептерді емес, **«мүсәббибүл әсбәбты»** яғни, себептердің Жаратушысын аңғарып, түсініп Аллаһқа разылық білдіруге байланысты іске асады. Бұған қол жеткізген адам **«рыза, разы болу»** мәртебесіне жетеді. Хазіреті Мәуләнә жоғарыдағы шумағында осыны меңзеген.

Мәснәуи: *«Басымызға төнген бәлекеттің ашулы дауылы қатты соғуда. Өміріміздің шамы болса сөнгелі тұр. Тез, жылдам әрекет етіп өміріміздің шамымен басқа бір шам жағайық, екінші бір шамға қол жеткізейік».*

«Ол екі шамның бірін дауыл өшіретін болса, ең болмаса екіншісімен жолымызды жалғастырайық». (VI т. 3108-3109)

Хазіреті Мәуләнә бұл шумағында да осы шындықты білдіріп, еш қашан үмітсіздікке салынбауды ескерткен. Әсіресе аяқ тайдыратын жағдайларға және әрекеттерге мұқият әрі сақ болу қажет. Себебі Хақ Тағала барлық құлдарына ақтық деміне дейін ұлы кешірімге қол жеткізу мүмкіндігін берген. Тек шын жүректен өкініп тәубе етсе болғаны.

Мәснәуи: *«Ах! Табиғаты бізге жат достың тигізген кесірі-ай. Ах! олардың жүрегімізге салған жарасы-ай. Ей ұлы кісілер, ей мәртебелілер! бір серпіліп ояныңдар да өздеріңе жақсы дос, үйлесімді жолдас табыңдар».* (VI т. 2950)

«Есіңді жи, сырт көрініске алданба, сұлу пішінге табынба. Ондай сөз де айтпа. Сырт көрініске, суретке қарап бірдей екен деме!» (VI т. 2953)

Достық жақсы және жаман қасиеттердің бірлестігінен үйлесімділігінен туындайды. Нағыз достық болса тек шынайы рухтарды ғана мекендейді. Бұл ерекшелікті адамдық қасиеттің ең жоғарғы дәрежесінде кездестіре аламыз. Бір оқиғаға екі кісі бірдей сезіммен қарағанда ғана достық іске асады. Нағыз достық – екі көңіл арасындағы байланыс желісі. Осы байланыс арқылы, яғни арадағы сүйіспеншіліктің нәтижесінде жақсы көрілген кісінің әрбір күйі сүйген кісіге өтеді. Сөйтіп көңілдегі ғашықтық сезімі толқып, махаббат оты лаулай бастайды. Сондықтан араларында ортақ сезімдері болмағандардың бауырмалдық, жолдастық секілді сырт көріністегі және кездейсоқтықтан туындаған, жақындықтар достықтың аясына жатпайды. Айтар болсақ, Әбу Ләһәб Хазіреті Пайғамбарымыздың туған немере ағасы бола тұра, оның нұрлы жолынан шет қалған бақытсыздардың бірі еді.

Шынайы Достық

Нағыз махабат бейнетті рахметке айналдырғандықтан, сүйікті жанның қаһарын ілтипаты сияқты құшақ жая қарсы алады. Кісінің махаббатының шын, не жалған екендігін біліп, әрі дәрежесін өлшеу үшін сүйіктісінің қаһарына қаншалықты төзе білетіндігіне қарау жеткілікті.

Шынайы Достық

Махаббат – екі жүректің арасындағы бейнебір көпір іспетті байланыс жүйесі. Ғашықтар сүйіктілерін ешуақытта көңілінен шығармағаны сияқты тілінен де тастамайды. Өз мүмкіндіктерін сүйіктілеріне аянбай арнап, өмір бойы осы жанкештіліктерінің қуанышы әрі тыныштығымен күн кешеді.

Жалпылама алғанда достық – адамдардың жақсы, не жаман мақсатпен бірігуі. Нағыз достық болса, таза жүректі жандардың шынайы рухтарында мекендейді. Достықтың шынайы әрі ең биік шыңында іске асуы да екі кісінің барлық іс-әрекетке қарай бірдей сезімде болуымен бейнебір екі денеде бір жүрек халіне келуімен мүмкін.

Адам көңілі ауған нәрсеге есі кетіп, ынтық болады. Арадағы махаббаттың ағымы нәтижесінде сүйіктінің барлық күйі ғашық адамға өтеді. Сонда көңілдегі ғашықтық сезімі толқып, махаббат оты лаулайды. Ақыры, өзінің қалауынан бас тартып сүйіктісіне еліктеп соңынан ере бастайды. Сондықтан мүмин кісі барлық қажыр-қайрат танытқан істерінде махаббат деген «эликсирді» дұрыс қолдана білуі қажет.

Нағыз махаббат бейнетті рахметке айналдырғандықтан, сүйікті жанның қаһарын оның ілтипаты сияқты құшақ жая қарсы алады. Бір кісінің сүйіспеншілігінің шын, не жалған екендігін біліп, әрі дәрежесін өлшеу үшін сүйіктісінің қаһарына қаншалықты төзе білетіндігіне қарау жеткілікті.

Хазіреті Мәуләнә шынайы махаббат пен достық достың ауыртпалығы мен жәбіріне төзімділік танытып, оған ризашылық білдіру арқылы іске асатынын өзінің хикаясында былай түсіндіреді:

«Қадірменді бір кісінің жағдайын сұрап келген жақын достары оған қауын алып келеді. Ол сүйікті жолдасы, көңілдегі әрі сезімтал, адал қызметшісі Лұқманды шақырады.

Лұқман келген соң қожайыны қауынның бір тілімін кесіп оған ұсынды. Лұқман бір тілім қауынды балдың дәмін татқандай сүйсініп жейді. Ләззаттанып, сүйсініп жегені соншалықты оны көргендердің де тәбеті ашылып, әлгі қызметкерге құштарлықпен қарай бастайды. Қожайыны оған тағы да бір тілім ұсынады. Қожайыны болса Лұқманның сүйсініп жегенінен әсерленіп, рахатқа бөленіп отырады. Осылайша қауынның соңғы бір тілімі қалады. Сонда қожайыны:

– Мұны да мен жейін. Қаншалықты тәтті қауын екенін көрейін, - дейді.

Қожайыны ол тілімді тістеп жегені сол еді, қауынның сондай ащылығы ауызын ашытып кетеді. Ауызы ашып, тамағы күйеді. Қауынның ащылығынан есінен танып қалады. Сонан соң Лұқманға:

– Ей, менің жаным қызметкерім! Ей, менің жиһаным! Мұндай уды қалайша сүйсініп жедің? Мұндай қаһарлыны қалайша ілтипат ретінде қабылдадың? Бұл не деген сабыр? Кім білсін, осы уақытқа дейін қандай азаптарға төзіп, шыдап бақтың? Әлде сен өз жаныңа жаумысың? Неге еш нәрсе айтпадың? Неге: «Мені қинамаңыз, қазір жей алмаймын» демедің? – дейді.

Сонда Лұқман:

- Мырзам мен сіздің қолыңыздан өте дәмді, тәтті тағамдар жедім. Сізден материялдық әрі рухани тұрғыдан өте қымбат азықтар алдым. Сізге бұларды қайтара алмайтыным үшін ұялып, қатты қысылып тұрмын. Қолыңызбен ұсынған нәрсеңізді қалайша «Бұл ащы, жей алмаймын» деп кері қайтармақпын?! Онсыз да сізден келген ащы нәрселер маған тәтті болып сезіледі. Себебі менің бүкіл тұла бойым сіздің нығметтеріңізбен қоректенеді.

Сонан соң Лұқман шын жүректен шыққан махаббатқа толы әрі әсерлі бұл сөздерін жалғастырды:

- Тақсыр! Сізден келген ауыртпалыққа төзе алмай қынжылатын болсам, мені қарғыс атсын. Мейірімді қолыңызбен ұсынған бұл қауында қалайша ащы дәм қалады? Махаббат ащыны тәтті қылады. Мыс махаббатпен алтынға айналады. Дәрменсіздер махаббаттан шипа табады. Өлілер махаббатпен тіріледі. Патшалар махаббат себебімен құл болады. Зындандар махаббаттан гүлстанға айналады. Қараңғы үйлер махаббаттан жарқырап нұрланады. Жанған от махаббатың арқасында нұрға айналады. Көріксіздер махаббаттың әсерінен айдай сұлуға айналады. Қайғы-қасірет махаббатпен қуанышқа айналады. Жолдан тайдырып, адастырушылар махаббаттың арқасында жол көрсетушіге, бақытқа бастаушыға айналады. Махаббаттың әсерінен науқастар сауығып, аттай желеді. Бейнет махаббатпен рахметке айналады...

Махаббат жаратылыстан бар жүректегі сезім. Бірақ жүректегі махаббат сезімі сүйіктінің мәртебесіне сай болуы керек. Осыған орай жүректегі шынайы да нағыз махаббат Аллаһқа арналуы тиіс. Алайда жүректің Аллаһқа деген өте

жоғары дәрежедегі махаббатты таси алуы үшін алдымен шамасы жететін ауыспалы махаббат арқылы бірте-бірте өзін үйретуі қажет.

Негізгі көзделген мақсатты, яғни **«Хаққа қауышуды»** ұмытып, мал-мүлік, атақ-даңқ және бала-шаға секілді фәнилік махаббаттың біріне тіреліп қалу рухани әлемнің әлсіреп құлдырауы деген сөз. Одан құтылу үшін барлық фәнилік махаббаттардың «өткінші» екенін естен шығармай, оларға қажетінше көңіл бөліп, әрі оларды иләһи махаббатқа себепші қылу міндет. Негізінде олар жүректің Аллаһқа деген махаббатты таси аларлық дәрежеге келуі үшін қажетті сатылар. Фәнилік махаббаттардың иләһи махаббатқа алып баратын баспалдақ қызметін атқаруы иманның өте ләззатты болуына септігін тигізеді. Пенделік уайым-қайғылардан арылып, кәміл иманмен ахіретін ойлаған әрбір парасат иесі тойымсыз нәпсінің қалауларын, ойын-сауықты, фәнилік құмарлықтарды тежеп, махаббатты Аллаһқа арнаудың жаратылыстың мақсаты екендігін жақсы біледі.

Өзінің фәнилік жаратылысындағы нәпсі құмарлықтарынан арылып, Жаратушысына мойынсұнған құл мәңгілік өмірге қол жеткізеді. Сөйтіп фәнилік денесі жерленіп, топыраққа айналғаннан кейін де өмір сүре береді. Ләйліге арнаған астарлы махаббатын ішкі әлемінде дамытып, Аллаһ махаббатына жеткен Мәжнүнді бұл жағдайдың ең белгілі мысалы деп келтірсек болады. Егер де Мәжнүннің махаббаты Ләйлімен шектеліп қалғанда көптеген фәнилік махаббаттардың бірі болып қалар еді. Сөйтіп есімі ғасырларға дастан болмай, топырақ астында көмулі қалар еді.

Хақ және ақиқат тек кітаптан оқу арқылы емес, көңілдегі яғни жүректегі махаббат арқылы танылады.

Жүрек фәнилерге арналған махаббаттың сатыларынан асып Хақ махаббатына толатын болса, сол уақытта ғана барлық сырлар, ақиқат нұрлары көкірекке құйылады. Сондықтан адамды мәңгілік бақытқа жетелейтін шынайы достық – Аллаһпен құрған достық.

Төмендегі хиқаядағы қожайыны мен құлының арасындағы мына әңгіме Хақпен құрылған шынайы достықты тамаша түсіндіреді:

Бір кісі құл сатып алған еді. Ол құл өте діндар әрі тақуа мұмин болатын. Қожайыны оны үйіне ертіп келген соң екеуінің арасында мынадай әңгіме болады:

Қожайыны:

– Менің үйімнен не жегің келеді?

Құл:

– Не берсең соны жеймін.

Қожайыны:

– Қандай киім кигің келеді?

Құл:

– Қандай киім кигізсең соны киемін.

Қожайыны:

– Үйімнің қай бөлмесінде тұрғың келеді?

Құл:

– Қай бөлмеде тұруымды қаласаң сол бөлмеде.

Қожайыны:

– Үйдегі қандай тірліктерді істегің келеді?

Құл:

– Қандай тірлікті қаласаң соны істеймін.

Бұл соңғы жауабынан соң қожайыны біраз үнсіз ойға шомып, артынан көздерінен аққан жасын сүртіп былай деді:

– Иә, мен де Раббыма осындай (дос) болсам ғой. Сонда менен асқан бақытты жан болмас еді.

Сонда құл:

– Уа қожайын! Қожайын тұрғанда құлдың қалауы, өз еркі қалай болсын?! дейді.

Қожайыны болса:

– Сені азат еттім. Аллаһ үшін бас бостандығың өзіңде. Бірақ менімен қалсаң жақсы болар еді. Жаныммен әрі малыммен саған қызмет етер едім..., - деді.

Кімде-кім Аллаһты шынайы танып, оған нағыз махаббатпен аттанатын болса онда ешқандай қалау да, ерік те қалмайды. Ол тек былай ғана дей алады:

«Аллаһ барлық жағдайымды біліп тұрғанда әрі мен Оған құл бола тұра мен Оған қалай талап қоймақпын?!»

Хақты сүйетін мүмин шын мәнінде өз қолында еш нәрсе жоқ екендігін біліп, оны сезінуі тиіс. Өйткені, ол барлық нәрсесін сүйіктісіне тапсырып қоюы қажет. Махаббат пидашылдықты қажет ететіндіктен ол бір нәрсеге ие болумен ерекшеленбейді. Махаббат адамның жандүниесінде заттық, не рухани түрде сыйға тарту бейімін тудырады. Бұл да махаббаттың қуатына қарай іске асады. Сондықтан адамдар өте құнды нәрселерін махаббат сезімінің арқасында пида етеді. Махаббаттың қуатына қарай тіпті сүйіктісі үшін жанын да пида етуге дайын тұрады. Ұлы Жаратушымыз бұл жағдайды өз аят кәримасымен былай қуаттайды:

«Ең сүйікті нәрселеріңді пида етпейінше ізгілікке әсте жете алмайсыңдар» (Әлү Имран сүресі, 92 аят).

Осыған орай Раббысын шын сүйетін және махаббатына берік кісі **«өз жанын, барлық мүмкіншіліктерін және ақырында не болатындығын»** Раббысына тапсырады. Өйткені, Аллаһ пен Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның достығы мен махаббаты әрбір муминнің оп-оңай қол жеткізетін қарапайым нәрсесі емес.

Шынайы достық пен махаббаттың шарты – ғашық адамның сүйіктісінің алдында ешқандай еркі болмауы. Хазіреті Ибраһим аләйһиссәләмның мына жағдайы Хақпен достықтың ең шыңын көрсететін өте ғибратты әрі әсерлі іс.

Нәмруд Хазіреті Ибраһим аләйһиссәләмды отқа лақтырған кезде оған жәрдем беру үшін келген періштелерге:

– Отты жандырған кім? Ол менің барлық жағдайымды жақсы біледі. Сендерден ешқандай қалауым жоқ. (Дос пен достың арасына араласпаңдар) - деген болатын.

Оның Раббысына осылайша берілуінің нәтижесінде жалындаған от гүлстанға айналды.

Кейіннен Хазіреті Ибраһим аләйһиссәләм өз ұрпағынан пайғамбар шығуы үшін Хаққа жалбарынды. Жаратушы Тағала оған қартайса да бір ұл сыйлады. Хазіреті Ибраһим аләйһиссәләм оны қатты жақсы көрді. Ол бейкүнә сәби Ибраһим аләйһиссәләмның жүрегіне тақ құрды. Достықтың белгісі әрі сынақ ретінде ол ұлын Досы үшін пида етуі әмір етілді. Бірақ ұлына деген шексіз сүйіспеншілігі көрген түсі жайында оны күмандандырды. Сол түсті қайта-қайта үш рет көргеннен кейін көңілі орнықты. Ол жолда азғырып, алдына бөгет болғысы келген Ібіліске тас атты.

Ол фәнилік махаббатын мәңгілік Досының махаббаты үшін құрбан қылуға алып барды. Мәңгілік Досы оның бұл нақты шешіміндегі табандылығы белгілі болған соң, оған көктен бір қошқар түсіріп, оның ұлын өзіне қайта сыйлады. Сондай-ақ, оның бұл достығы үшін былай деді:

«...Ей, Ибраһим! (көрген) **түсіңді іске асырдың. Біз ізгілерді осылайша марапаттаймыз. Міне бұл шын мәнінде өте ауыр сынақ.**

Біз оның орнына оған орасан зор құрбандық бердік. Кейін келетін нәсілдердің арасында оған абырой, даңқ қалдырдық. Ибраһимге жалынды сәлем» (Саффат сүресі, 104-109 аяттар).

Осылайша Хазіреті Ибраһим аләйһиссәләмның Аллаһпен достығы бүкіл адамзатқа дастан етіп жазылды.

Хақпен дос болғандар Хақтың жаратқандарымен де достасады. Барлық жаратылысқа Хақтың көзқарасымен қарайтындай ерекшеліке ие болады. Достықтың асқар шыңына жеткен ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да Тайф халқы оны таспен атқылаған кезде сол аймақтың халқы үшін шынайы досы Раббысына жалбарынып дұға қылған еді.

Достықтың ауыр сынағына түскен Хақ досы Халлаж Мансур өте көп иләһи құпияларды тамашалап, нұрға қарық болды. Бірақ шабытының күштілігінен оны көтере алмай есінен танып, жалпы көпшілікке құпия болған сырларды паш етіп қойды. Сондықтан ол тамашалаған рухани халдерден бейхабар халық оны таспен атып, жазалап жатқанда:

«Уа, Раббым! Менен бұрын маған тас атқандарды кешіргейсің. Өйткені олар менің бойымдағыларды білмейді. Олар маған тек дін үшін ғана шабуылдап жатыр», деп

адамдарға қалай мейірімді әрі кешірімді болу керектігін көрсеткен. Сондай-ақ жаратылғандарға Жаратушының көзқарсымен қараудың керемет үлгісін ұсына білген.

Кісі тек нәпсінің кедергілерін асқаннан соң ғана басына түскен бәлекеттер мен ауыртпалықтарға сабыр ете алады және бұларды Жібергенге разылық білдіре алатындай қабілетке ие болады. Бұлар руханият жолындағы бастан өтетін жағдайлар. Сондықтан құлға орасан зор сыйлықтар мен нағыз достық асқан табандылықтың, сабырлылықтың, тұрақтылықтың және шыдамдылықтың артынан келеді.

Мұндай дәрежеге жеткен мүминдер үшін өмірдің қайғысы да, қуанышы да бірдей. Өйткені бұл дүниелік нәрселерден ішкі жандүниесімен бас тартқандықтан өмірдің қуанышы мен қайғысы олар үшін бәрі бірдей болады. Жақсылық болсын, жамандық болсын барлығын Аллаһ Тағаладан деп разылық білдіреді.

Мына өлең шумағы бұл шындықты тамаша суреттейді:

Маған сондай ұнамды сенен келген,

Құлпырған бір гүл болсын, мейлі тікен.

Кебін болсын немесе сәнді киім.

Қаһарың да маған хош, ілтипатың.

Оқылуы оп-оңай бұл шумақта айтылған сөздерді өмірде іске асыру өте қиын әрі ауыр. Тек нәпсісін тәрбиелеп, разия мәртебесіне жеткендер ғана айта алатын бұл және осыған ұқсас сөздерді нәпсінің жалған сезімдеріне беріліп немесе еліктеп уақытынан бұрын еш тартынбастан айтудан сақтану қажет. Егер бұлай айтатын болса, өзінің осы дәрежеде екенін мақұлдаған болады да, Хақ Тағала құлының осы айтқан

сөзіне сай ма, жоқ па екенін сынайтын болса, бұл жолда көптеген құлдың аяғы тайып кетуі мүмкін.

Қысқасы жүрек Хақтан келген барлық нәрсеге ризашылық білдіру арқылы жай табады. Ал, ризашылық білдірмеу ешқандай пайда бермейді. Мұны Хазіреті Мәуләнә өте керемет түсіндіреді:

«Сен Аллаһтың берген нәрселеріне разы болмайынша, аман болайын, құтылайын деген мақсатпен қайда қашаң да ол жерде бір сәтсіздікке жолығасың. Келетін бәлекет бәрібір келеді. Қайда барсаң да сені табады».

«Есіңде босын, бұл фәни дүниенің ешбір қуысы тұзақсыз емес. Жүрегіңнен Хаққа орын беріп, Оған сыйынып, Оның рухани тыныштығында өмір сүруден басқа рахат жоқ. Қарашы! Бұл фәни дүниеде ең сенімді, бекем жерлерде өмір сүргендер де, өте қуатты болып көрінгендер де соңында өлімнің құшағына еніп жатқан жоқ па?»

«Сен фәнилік тұзақтардан аман болуға емес, Аллаһқа сыйынып жалбарынуға назар аудар. Ол қаласа уды сен үшін шипа қылады. Қаласа суды уға айналдырады».

Уа, Раббым! Біз секілді әлсіз құлдарыңа Хақ достарының рухани әлемінен пайдалануды нәсіп еткейсің!

«لَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَ لَا هُمْ يَحْزَنُونَ» **«...Оларға ешқандай қауіп-қатер жоқ. Әрі олар қайғырмайды»,** (Юнус сүресі, 62 аят) деген аяттың көріністерінен біздерге де үлес бергейсің!

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Ежелгі Махаббат және Жаратылыс Нұры

Мәснәуи: *«Келші, ей, көңіл! Нағыз бақыт – ардақты Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләммен қауышу. Себебі бұл әлем жарығын сол мұбәрак тұлғаның жамалының нұрынан алған.* (VI т. 1861)

Ежелден жалғыз өзі бар болған Хақ Тағала адамдар мен жындардың таным қабілетіне қарай білінуді (мағрифатұллаһ) және сол білінудің нәтижесі ретінде құлдарының ғибадаттар арқылы өз мәресіне жетіп, Өзіне жақындауларын қалағандықтан, бүкіл әлемді жаратты. Сондай-ақ Оның ең алғаш жаратқаны да **«Нұрұ Мұхаммеди»** еді. Бұл туралы Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Адам ата рух пен тән арасындағы кезде мен пайғамбар едім», - деген. (Термези, Мәнәқиб 1)

Олай болса Пайғамбарымыз аләйһиссәләту уәссәләмның негізгі болмысы болған Мұхаммеди нұр жаратылыс тұрғысынан ең алғашқы, ал сол нұр мен рухқа тән кидіріп пайғамбар сипатымен бүкіл адамзатқа рахмет ретінде жіберілуі тұрғысынан ең соңғы орында. Пайғамбарлық күнтізбесі жаратылыстың алғашқысы – **«Нұрұ Мұхаммедимен»** бастау алып, соңғы парағы – **«Жисмәнияту Мұхаммедимен»** (адам баласы ретінде дүниеге келуімен) тәмамдалған.

Нұрұ Мұхаммеди «Хақиқату Мұхаммединің» негізі, өзегі. Қымбат асыл тасты құр өзін тарту етпей, оның айналасына біраз әшекейлі заттармен бірге қораптың ішіне қоясыз. Міне, сол сияқты бүкіл жаратылыс та Нұрұ Мұхаммедидің қасында сондай дәрежеде. Бұлардың барлығы оның абырой құрметі үшін жаратылған. Бұл бойынша жаратылыстың ең басты себебі – Хақ Тағаланың өз болмысы, екінші себебі – Нұрұ Мұхаммедиді басқа жаратылыстармен қаптап безендіру еді. Бұл хақында бір хадис шәрифте былай айтылады:

«Адам аләйһиссәләм жәннәттан шығарылуына себеп болған және зәллә деп аталатын кішігірім қателігін жасағанда, қатесін түсініп:

– Уа, Раббым! Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің құрметіне Сенен мені кешіруіңді сұраймын, - деді. Аллаһ Тағала:

– Ей, Адам! Әлі Мен оны жаратпай тұра, Мұхаммедті сен қайдан білдің? деді.

Адам аләйһиссәләм:

– Уа, Раббым! Сен мені жаратып, маған Өз рухыңнан үрлеген кезде басымды көтерген едім, сонда ғарыштың бағаналарының жоғарғы жағынан «Лә иләһә иллаллаһ, Мұхаммәдүр-расулұллаһ» деген жазу көрдім. Сол кезде

Сенің өз есіміңе тек жаратылғандардың ең сүйіктісінің атын қосатыныңды білдім» деді.

Сол кезде Аллаһ Тағала:

– Дұрыс айтасың, ей, Адам! Шынында да ол маған жаратылыстың ең сүйкімдісі. Оның құрметі үшін маған дұға қыл. (Сен дұға қылған екенсің, ондай болса) Мен де сені кешірдім. Егер Мұхаммед болмағанда сені жаратпайтын едім, - деді (Хаким, Мүстәдрәк II, 672; Бәйхақи, Дәләил V, 488-489).

Адамда жүректің бар екендігінің ең алғашқы белгісі – ол махаббат. Ең кәміл махаббат – махаббатты жаратқан Аллаһ Тағалаға және оның Расулына арналған махаббат.

Мәснәуи: *«Ей, ұлым! Мына әлемді аузы-мұрнына дейін ғылым мен әсемдікке толы құмыра деп біл. Бірақ мынаны да біліп қой, бұл ғылым мен әсемдік көрінуі міндетті әрі көрінбеуіне де ешқандай себеп жоқ Аллаһтың ғылымы мен әсемдік теңізінің бір тамшысы ғана. Ол – жасырын қазына болатын. Өзінің білінуін қалады. Осылайша ол қазына толып-тасып, бойына сыймай жарылды. Сөйтіп Өзін ашық көрсетті. Топырақты көк жүзінен де жарық қылды. Жасырын қазына еді, кейін толқып тасыды. Топырақты атлас киім киген сұлтан кейпіне ендірді».* (I т. 2860-2863)

Аллаһ Тағала заман мен мекен деген ұғымнан пәк, шексіз. Ол замансыз әрі мекенсіз бір әлемде, өзіндік ерекшелігі тек өзіне ғана мәлім түрде бар еді.[7] Хақ Тағаланың бұл бар

7. Бұл жердегі «әлем» сөзі Аллаһ алдындағы ақиқаттың адамдардың түсінік дәрежесіне түсірілуі үшін астарлы мағынада лажсыздан қолданылған. Осы секілді ежел (заманда бастауы жоқ) және мәңгі (заманда соңы жоқ) сияқты сөздер де Хақ Тағалаға байланысты айтылса, олар да осы мағынаның шеңберінде айтылады.

болуы абсолютті, мұтлақ. Ал, өзге бүкіл жаратылыстың бар болуы болса өткінші әрі басқаларға қатысты.

Міне сондықтан ежелден жалғыз өзі бар болған және бар болу үшін басқа бір бар етушіге мұқтаж болмаған Аллаһ Тағала адамдар мен жындардың таным қабілеттеріне қарай білінуді және осы білінудің қажеттілігі ретінде ғибадаттармен ұлықталуды қалағандықтан «Әләму Кәсрат» (көптік әлем) деп аталатын бұл әлемді жаратты. Бұл шындық كُنْتُ كَنْزاً مَخْفِيّاً *«Мен жасырын қазына едім...»* (Исмаил Хаққы Бурсауи, Кәнзү Махфи) деген құдси хадиспен белгілі. Бұл хадис шәриф біз өмір сүрген мына әлемнің бар болу себебін және хикметін түсіну үшін бүкіл адамзат үшін ең негізгі өмір қағидасы.

Мәснәуи: *«Есіңде болсын! Иләһи сүйіспеншілік пен махаббаттан жұрдай болып қалған адам қандай бақытсыз, бейшара. Бәлкім, ол, хайуандардан да төмен. Алайда Асхаб Кәһфтың иті Аллаһқа ғашық болғандарды іздеп тапты. Рухани рахатқа кенеліп, әлгі қас құлдардың сүйіспеншілігімен өз болмысынан өтті. Сөйтіп, жәннәтқа кірді».* (II т. 1425-1428)

Асхаб Кәһф – Аллаһқа иман келтіріп, Аллаһтың бірлігін дәріптеген Құранда айтылған бірнеше жігіт. Бұл жігіттер өздері өмір сүрген қоғамдағы күпірліктен, бұзақылықтан, зұлымдықтан бет бұрып, сенімдерімен өмір сүруге әрекет еткен және тартынбастан имандарын ашық жариялаған еді. Соңында өмірлеріне қауіп төнген соң өздері тұрып жатқан қаланы тастап бір үңгірді паналады. Жолда олардың соңынан бір ит (Қытмир) еріп, үңгірде оларды қорғайды. Сол елдің патшасы Дакянус пен әскерлері бұл иманды жігіттердің соңына түсіп, үңгірдің ауызына дейін келеді. Бірақ оларды

қылыштап жазалаудың орнына үңгірдің ауызын таспен бекітіп, оларды осылай өлтіргісі келеді. Аллаһтың шарапатымен бұл жігіттер ұзақ ұйқыға кетеді. Арада үш жүз жылдан астам уақыт өткен соң қайтадан ұйқыларынан оянады.

Хазіреті Мәуләнә Құран Кәрімде айтылған (Кәһф сүресі, 9-22 аяттар) қиссадағы Қытмирдің жағдайына аса назар аударып, нағыз иманды, Хаққа ғашық жандармен бірге болу жағдайының итті де жәннатқа лайықты боларлықтай мәртебеге жеткізгендін айтады. Мұндай жандармен бірге болу итті де ақыл жетпес нығметтерге кенелтетіндігін айта отырып, егер оның орнында адам болатын болса қаншалықты ұлы нығметтерге бөленетіндігі жайлы ойланып, ақыл жүгіртуге бізді үгіттейді. Осылайша шыншылдармен, ізгілермен бірге болудың берекетіне тоқтала отырып, бізді осы жолмен жүруге шақырады, үгіттейді. Негізінде Хақ Тағала Құран Кәрімде **«...Шыншылдармен бірге болыңдар»** (Тәубе сүресі, 119 аят) деп бұйырғандықтан бұл жағдай Құранның да бір әмірі.

Сүйікті Пайғамбарымыз жәннәтта жануарлар болмайтындығын, тек Қытмирдің және ерекшелігі бар бірнеше ғана жануарлардың жәннәтқа кіре алатындығын айтып кеткен.

Мәснәуи: *«Махаббат лайланған суды мөп-мөлдір, тұнық қылады. Шынайы махаббат өлі жүректерді тірілтеді. Патшаларды да құл қылады».* (II т. 1530-1531)

Мәуләнәның *«Махаббат лайланған суды тұп-тұнық, мөп-мөлдір қылады»* дегені ғашықтық пен махаббаттың адам өміріне тигізер рухани пайдаларын меңзеген.

Расында да махаббат оянған кезде бейнет рахметке, қиындықтар жеңілдікке айналады. Шын ықыласымен ұнатып жолға шыққан адам, сол жолда кездескен қиындықтардың бәрін махаббаттың берген күш-жігерінің, қайратының арқасында жеңіп шығады. Қарапайым өмірде де кездескен қиындықтар бір іспен айналысқан кісінің сол іске деген махаббатының дәрежесіне қарай жоғалады немесе азайып елеусіз болып қалады. Сондай-ақ қадірменді сахабалар Ислам дініне мойынсұнып, Аллаһ пен Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды шын сүйгендіктен осы ұлы дінді тәблиғ ету үшін Қытай, Самарқанд, Стамбул секілді ұзақ өлкелерге өте ауыр, қиын сапарлар шеккен еді. Бірақ олар бұл сапарларында еш қиналмаған, шаршамаған. Себебі тұла бойларына сіңген пайғамбарлық нұрының іздері мен иманның қуаты бұл ұзақ әрі ауыр сапарларында бастарына түскен қиындықты оңайлатып, оларды бейне бір сол машақаттардан ләззат аларлықтай дәрежеге жеткізген еді. Фархатқа да тауларды бұзу фәнилік махаббатының арқасында оңай болды, әрі бұл ауыр істі сүйсіне отырып атқарды.

Жақсы көрген нәрсенің құндылығына қарай махаббат та күшейеді. Осыған орай ең қуатты, берік махаббат – **«махаббатұллаһ»**, яғни құлдың Раббысын сүюі. Себебі одан өзге шынайы махаббатты арнауға лайықты ештеңе жоқ, әрі болуы да мүмкін емес. Өйткені махаббатты жаратқан – Ол. Аят кәримәда мү'миндердің Аллаһқа деген махаббатын былай түсіндіреді:

«...Мү'миндердің Аллаһқа деген махаббаттары бәрінен жоғары, ерекше күшті ...». (Бақара сүресі, 165 аят)

Адамдар аса маңызды құндылықтарын ғашықтық себепті оны пида қылады. Фархатқа Шырын үшін тауларды бұзу,

ал Мәжнүнге Ләйлі үшін шөлде өмір сүру оңай болған. Осындай фәнилік жалған махаббат адамдарды сүйіктісі үшін жа нын құрбан ететіндей дәрежеге әкелетін болса, шынайы махаббат болған иләһи махаббат үшін мыңдаған жанды құрбан етсе де аз. Сүйген адам сүйіспеншілігінің дәрежесіне қарай сүйіктісі үшін жанқиярлық жасауға, тіптен жанын пида етуге барады. Сондықтан ардаөты сахабалар Аллаһ пен Расулының жолына жандарын да, малдарын да пида еткен. Әрі мұны өздері үшін үлкен сый деп білген. Міндет санаған. Шындығында да Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның кішкене өтінішіне де шын жүректен *«Әке-шешем, мал-мүлкім, жаным сенің жолыңда пида болсын, уа, Аллаһтың Расулы»*, - дейтін еді.

Фатих Сұлтан Мехмедтің әскерлері де **«Ыстамбул сөзсіз алынады. Оны алған қолбасшы қандай ғажап қолбасшы. Оны алған әскер де қандай ғажап әскер»** (Ахмед бин Ханбәл IV, 335; Хаким 468/8300) деген хадис шәрифтегі ілтипатқа қол жеткізу үшін жан-тәнімен, өлермендікпен әрекет еткен еді. Сонда төбелерінен құйылған ыстық майға, жалындаған отқа қарамастан Византия қамалына өрмелеп шығып, қуатты иманмен, көңілдері толқып:

«Бүгін шәһид болу кезегі бізде» - деп жатқан-ды.

Жоғарыдағы мысалдарда айтылып өткеніндей пенделік махаббат адамды қандай жанқиярлық әрекеттерге итермелейтін болса, адам бойындағы сүю қабілеттің шыңы болған махаббат Аллаһ пен Расулына бағытталса мүʼминді, яғни Хаққа ғашық адамды қандай биікке алып шығатындығын ойлану керек. Хаққа ғашық адамның бойындағы мұндай хал өзінің фәни екендігін түсініп, шынайы құлдық дәрежесіне жету яғни, Аллаһтың салтанатында, өзінің

түкке тұрмайтындығын, еш нәрсе емес екендігін сезініп, құлшылықтың шыңына шығу халі деген сөз.

Руханият аясында иләһи қайнардан нәр алған махаббат жәннәт бақшаларының хош иісті гүлдеріне ұқсайды. Оның жапырақтары кейде төгіліп, гүлдері солса да, көктемнің келуімен қайта нәр алып берекеге кенеледі.

Бірақ, өз теңін, мақсатын таба алмаған махаббат мына фәнилік өмірдегі сан соқтырар өкініштердің бірі. Ұстағанның уысында, тістегеннің ауызында кететін қадірсіз, байғұс махаббаттар ертелі-кеш тапталып, езіліп кететін жол шетіне біткен гүлге ұқсайды. Көшеге түсіп жоғалып қалған алмас қандай бақытсыз. Қабілетсіз кө-ңілге ие болу қандай өкінішті тақсірет.

Мәснәуи: *«Тәнді өртеп күйдірмейінше, иләһи махаббаттың ләззатын алу мүмкін емес».* (I т. 22)

Жоғарыдағы бәйітте тоқталып өткеніміздей құл жаратушысына махаббатын арнап, бұл махаббаты ғашықтық дәрежесіне жететін болса, фәнилік нәрселер мен оған қатысты барлық жаратылыстар оның аұылында еленбей, маңызын жояды. Арада **«мен»** және **«сен»** деген нәрсе қалмайды. Мендік жоғалып, фәнилік болмыстар Аллаһқа тән «Сен» (барлығы Сенікі, барлығында Сенің барлығың, бірлеулігің байқалады) сөзімен қайтадан тіріледі.

Бұл шындықты қарама-қарсы мағынасымен түсіндіретін болсақ, жүректі фәнилік дүниеден және олардағы түрлі нығметтерден, әрі оларға деген махаббаттан арылдырмайынша, өмірімізде иләһи махаббаттың таңы еш атпайды.

Аллаһтың шарапаты түспейді. Жүректі дүниеге деген махаббаттан арылдырмайынша, махаббатұллаһ толық оянбайды.

Хазіреті Мәуләнә былай деген:

«Жел мен топырақтан қорқатын тамшы секілді болма. Өйткені бұл екеуі тамшыны жояды. Жел оны кептіріп жібереді. Ал, топырақ сорып алады. Егер де ол тамшы теңізге түсетін болса күннің ыстығынан да, желден де, топырақтан да құтылады. Сол тамшының көзге көрінетін болмысы теңізде жоқ болады. Алайда оның тұлғасы мен ақиқаты үнемі ол теңіздің бір бөлігі болып қалады.

Фәни болмыс өзін мәңгілік болмыстың қолына тапсыратын болса, ол да мәңгілік әрі өлімсіз күйге өтеді. Ей, мына әлемде бір тамшы секілді болған адам! Есіңді жи да, өкініп опық жемей тұрып, нағыз бақытқа қол жеткізу үшін, өз болмысыңды Хаққа тапсыр. Тапсыр да, бір тамшы іспеттес жаныңды беріп, теңізге қосыл, сөйтіп сен де ұшы-қиыры жоқ теңіз бол. Есіңді жи, болмысыңды Ұлы құдіретке пида ет. Теңіздің қойнына кір де, нәпсінің дәліздерінде жоқ болудан құтыл».

Мәснәуи: *«Ғашықтық, махаббат, достық секілді қасиеттер опаға тәуелді, әрі үнемі опалы кісілерді іздейді. Бұлар опасыз көңілдерге әсте жақындамайды».* (V т. 1165)

Опашыл болу – адамдағы тұрақтылық пен табандылықтың нәтижесі. Тұрақсыз, жанып сөнетін махаббатпен ешқайда бара алмайсың. Бойында тұрақтылығы бар кісі иләһи махаббаттың ләззатын бір рет қана татса болды, ендігәрі ол жолдан әсте бас тарпайды. Өзінің фәнилік болмысы жойылғанша сол жолда болып, ілгері баса береді.

Бойында тұрақтылығы мен табандылығы жоқ адамның жүрегі махаббатұллаһты ұзақ уақыт таси алмайды. Ондай адамдар қолындағы нығметтің қадірін толық білмейді. Егер толық білетін болса оның ләззаты ақтық деміне шейін ол кісіден айырылмайды.

Демек, жүректе тұрақтылық пен опашылдық болмаса, ол жүректе ғашықтық пен махаббат тұрақтай алмайды. Ал, махаббатұллаһ болса жүректерден ондай еркешеліктерді көрмейтін болса, ол жүрекке назар да салмайды.

Опашылдық пен жанқиярлық – жүректің дәрежесін көрсететін ең маңызды өлшемдер. Жанқиярлылықтан қол үзіп, опашылдықтан мақрұм қалу махаббат пен достыққа жасалған қиянат болып саналады.

Мәснәуи: *«Өзен теңізге барып құйған соң өзен деген нәрсе қалмайды. Ол құйылған теңіздің бір бөлігіне айналады».* (IV т 2619)

«Жеген нанымыз асқазанда қорытылып, бойымызға тарап, денеміздің бір бөлігіне айналады. (Ғашық кісінің тұлғасы да бойындағы махаббаттың дәрежесіне қарай сүйіктісіне қосылып, бірігеді)». (IV т. 3166)

«Ғашықтық болмағанда күллі болмыс қалай пайда болар еді? Нан ешқвшвн да өзін саған бермес еді? Ешқан да сенің денеңе қосылып, саған айналмас еді?

Нан өзін саған беріп «сен» болды. Неге олай болды? Әрине ғашықтықтан, қалаудан болды. Әйтпесе нан сенің денеңе сіңуге жол берер ме еді?

Демек, ғашықтық өлі нанға да жан бағыштайды. Ол фәни болған жаның саған қосып мәңгілікке жетіп отыр». (V т. 2012-2014)

Махаббат – ғашық пен сүйіктісін біріктіріп бір тұтас қылады немесе бірі екіншісін өзіне қосып жоқ қылады.

Махаббат артқан сайын бет бұрған нәрсесіне қатысты барлық нәрсені өзіне баурап, оны тұтас қамти бастайды. Мысалы бір кісіні өте жақсы көрген адам оның туған ауылын, ол ауылдың адамдарын, сүйіктісінің аттастарын көргенде т.б. көңілі елеңдеп, оларға бүйрегі бұрып тұрады. Мұны махаббаттың санаға терең бойлай енуі деп те атайды. Пакистанның атақты ойшылы Мұхаммед Иқбал Мәуләнә Жәләләддин Румиді бек жақсы көргені соншалықты, мінген ұшағы Түркияның ауа кеңістігіне кірген кезде қатты толқып, еріксіз орнынан ұшып тұрып:

«Қазір Мәуләнәның отанына келдік» деген.

Йәсриб қаласын Мәдинатүн-Нәби қылған және көңілдерде тақ болып құрылуына ықпал еткен фактор – қойнауында ақыр заман Пайғамбары саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның жатқандығы. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мен оның қаласы Мәдина еске алынған сайын мү'миндердің көңілінде таң самалы еседі. Ұхуд тауын мыңдаған таудан айырып, сүйікті қылған – ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның Ұхудқа деген ерекше махаббаты.

Мұндай махаббат ұлғая-ұлғая барлық жаратылысты қамтыған кезде оның аты **«нағыз махаббат»** болады. Барлық жаратылыс Өзіне тәуелді бола білген тек – Аллаһ Тағала ғана. Себебі олардың барлығы Аллаһтың халиқ (жаратушы) сипатының бір тамшысы ретінде пайда болған.

Олай болса адамзат түсінігі бойынша махаббаттың шыңы болған шынайы ғашықтық махаббат тек Аллаһқа арналғанда ғана іске асады. Бұл махаббаттың ішіне Аллаһпен байланыста болғандықтан барлық жаратылыс кіреді. Хақтың назарымен жаратылыстарға қарау осылайша басталады. Бұдан кейін жылан да сұсты әрі қорқынышты болмай қалады. Осы өлшеммен қарап, бағалайтын болсақ, нағыз махаббат тек Аллаһқа ғана тән іс.

Біз Аллаһқа тән басқа да сипаттарды әр түрлі жаратылысқа, әсіресе адамға теліп айтамыз. Мысалы бір кісіні **«ғалым»** немесе **«әділ»** дейміз. Бірақ бұл арқылы адамды Аллаһ секілді ғылым иесі немесе әділетті демейміз. Егер де соны меңзейтін болсақ, Аллаһқа ортақ қосқан (шірк жасаған) болар едік. Біз бұл сипаттарды Аллаһтан өзгелер үшін қолданғанда Аллаһтың **«Мүхаләфәтүн лил-хауадис»**, яғни «жаратылғандардың еш біріне ұқсамау» сипатын жадымыздан шығармаймыз. Бұл сөздеріміз арқылы ғалым немесе әділ деген кісінің пенделік күш-қуатына және қабілетіне қарай бұл иләһи сипаттардан өз несібесін алғандығын білдіргіміз келеді. Ғашықтық та дәл сол секілді. Осыған орай айтар болсақ, нағыз ғашық әрі нағыз ғашық болатын болмыс ол – Аллаһ Тағала болмақ.

Фәни адам Аллаһтың мейірімділікпен, рақымдылықпен және махаббатпен қоршап алған бұл әлемге, осы рахмет пен берекеттің көрінісі ретіндегі үлесімен үңіліп қараған мөлшерде ғана **«ғашық»** болып саналады. Мұндай күйдегі кісі «фәнә филләһ» мәртебесіне жеткен болады. Яғни ол өз болмысын Аллаһта жоқ қылып, әр түрлі дау-дамайдан бас тартып, фәниліктің шыңына қол жеткізеді. Әрі мұнысынан ләззаттана бастайды. Тамшы теңіздің ләззатын татқан сәтте рахмет теңізінен өз нәсібін алып, теңізге қосылған болады.

Хақ достары бұл жағдайды қысқа да нұсқа етіп, былайша керемет баяндаған:

Сен (менмендік) шықсаң арадан,
Қалады сені Жаратқан.

Мәснәуи: *«Ғашықтық – нәпсілік болсын, рухани болсын, соңында бізді мәңгілікке бастайтын жолсерік».* (I т. 111)

«Анау өлімсіз, мәңгілік Аллаһқа деген махаббатты таңда. Сонда ол саған жаныңа жан қосатын рухани нәр беріп, өмір сыйлайды». (I т. 219)

«Сен аса ұлы болмысқа деген махаббатты таңда. Өйткені барлық пайғамбарлар Оған ғашық болу арқылы күш-құдірет алып, абыройға, бақытқа жеткен». (I т. 220)

Шариғат рұқсат еткен ғашықтықтың барлық түрі адамды жанқиярлыққа үйретіп, менмендіктен құтқарғаны үшін құпталған. Бұған қоса олар адамның рухани жетілуіне септігін тигізеді.

Мал-мүлік пен бала-шағаны Аллаһ белгілеген шектен шықпай, Аллаһ разылығы үшін жақсы көретін болса, олар ұлы мақсатқа ұластыратын баспалдақ, Аллаһқа қауыштырарлық жаттығу іспеттес болмақ. Бірақ, Раббымыз сыйлаған бұл махаббатты нәпсінің ойыншығына айналдыру және жүректе ұлғайтып пұттастыру әсте жөн емес. Кеменің жүзуіне септігін тигізетін зат сырттағы суды сыртқа емес, керісінше кеменің ішіне тартатын болса, онда, ол кемені батыруға әрекет еткені болмақ.

Жүректе Аллаһтан өзге нәрселерге шын ғашық боларлықтай махаббат ояту, шынайы мү'минге жарасар қылық та, құлық та емес. Бұл фәнилік махаббаттар иләһи

махаббатқа баратын жолдағы өткелдік қызметін атқарғанда ғана құпталады. Жүрек Аллаһтан өзге нәрсеге іші жылып, оған махаббатпен байланатын болса әрі бұл махаббат жүрекке тамырын жайып мықтап орнығатын болса, онда бұл ширк (Аллаһқа серік қосқан) болады. Аят кәримада былай делінеді:

«Нәпсінің қалауларын тәңір етіп алғандарды көрдің бе?» (Фұрқан сүресі, 43 аят; қосымша қараңыз: Жәсия сүресі, 23 аят)

Иләһи махаббатқа арна болуы және жүректі махаббатұллаһқа лайықты қылу жолында айтарлықтай рөлі бар фәнилік махаббаттарда немесе шектен тыс тәуелділікте, оның ішінде мал-мүлікке, бала-шағаға деген махаббат адамның көңіл әлеміне қауіп төндіретін болғандықтан Құран Кәрімде: **«Мал-мүліктерің және бала-шағаларың сендер үшін фитнә** (сынақ)**...»** (Әнфәл сүресі, 28 аят) делінген. Бұл аят мал-мүлікке және бала-шағаға арналған махаббаттың өте берік әрі жалынды болатынын білдіреді. Әйтпесе өткінші жәрдемші құрал ретінде, белгіленген шектен аспай жаратылысқа махаббат арнаудың еш сөкеттігі жоқ. Тіпті жүректің махаббатұллаһқа лайықты халге келуі үшін жәрдемші әрі жаттығу ролін атқарған мұндай махаббаттарға рұқсат етіліп, мақұлданған.

Мәснәуи: *«Ей, дос! Ғашықтардың өмірі – өлу. Сен көңіліңді бермейінше, көңіл таба алмайсың».* (І т. 1751)

Жоғарыда айтып өткеніміздей ғашық сүйіктісіне еніп жоқ болуға өте құштар. Ол одан ләззат алады. Асхаб кирам барлық мүмкіндіктерін дәнекер ретінде ұғынып пида етуге дайын болды. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның кішкене ғана қалауына:

– *Жаным, малым сен үшін пида болсын, уа, Расулаллаһ!* деп үн қатқан еді олар. Адамның мұндай халге жетуі жүректің махаббатұллаһқа тән арман-тілегінің ең күшті халде іске асуы деген сөз. Бұл халден аз да болса үлес алу бақытына жеткен көбелектер «түнгі жынды көбелек» деп аталды. Ол жарық қуып, оның төңірегінде шыр айналып, өзін отқа тастап, күл етіп махаббатын дәлелдейді. Бұл жайтты Мұхаммед Иқбал мына бір өлеңінде керемет түсіндіреді:

«Бір күні түнде кітапханамда отыр едім. Бір күйенің түнгі көбелекке былай дегенін естідім:

"Ибн Синаның кітаптарының арасына орналастым. Фарабидің еңбектерін көрдім. (Олардың ұшы-қиыры жоқ құрғақ жолдарын және ол жолдардағы әріптердің арасын араладым әрі оларды кемірдім. Осы арада Фарабидің «ізгілердің қаласы» деген мағынадағы «әл-Мәдинатүл-Фазыласын» үтір-нүктесіне дейін аралап, егжей-тегжейлі зерттедім. Бірақ, бұл өмірдің пәлсапасын еш түсіне алмадым. Қайта-қайта тұйыққа тіреліп, ол жолдан шыға алмадым. Жарық берер күнім де жоқ төбемде...

Күйенің бұл зарын тыңдап тұрған түнгі көбелек оған күйген қанаттарын көрсетіп:

– Қарашы! Мен осы ғашықтық үшін қанаттарымды күйдірдім, - деді. Сосын сөзін былай жалғастырды:

– Өмірге нәр беріп, оны мәнді қылатын – тыным таппай шабу мен махаббат. Өмірге қанат бітіретін де махаббат.

Яғни көбелек күйеге күйген қанаттарын көрсетіп ішкі жандүниесімен:

– Сен бұл пәлсапаның түпсіз тұңғиығына батып кетпей

тұрып, өзіңді құтқар. Мәснәуидің махаббатқа, руханиятқа толы дариясынан қана ішіп, Хаққа қауышу үшін қанат қақ”» деген еді.

Ғашықтық тыным таппай әрекет етумен басталады. Өмір дариясынан өтіп, Хаққа қауышу – махаббатпен және руханиятпен тынбай әрекет етудің берекелі нәтижесінде іске асады.

Ежелгі Махаббат және Жаратылыс Нуры

Ұмытпағайсың, Аллаһқа махаббат мұхитына алып баратын мейірімділік пен махаббаттың жалғыз бұлағы – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды сүю Аллаһты сүюмен тең. Оған мойынсұну Аллаһқа мойынсұну деген сөз. Оған қарсы шығу да Аллаһқа қарсы шығумен пара-пар

Ежелгі Махаббат және Жаратылыс Нұры

Құдси хадис ретінде танылған бір риуаятта былай айтылады:

«Мен жасырын бір қазына едім. Біліпіп, танылуымды қаладым. (Мағрифатыма махаббатым ауды) да (бұл) әлемді жараттым». (Исмаил Хаққы Бұрсави, Кәнзү Махфи)

Осы риуаятқа сүйенсек бүкіл әлем және барлық жаратылыс иләһи махаббаттың арқасында пайда болған. Сондықтан мына әлемге көкірек көзімен қарай алатындар барлық затты, барлық жаратылысты сүйіспеншілік пен махаббаттың бейнесі ретінде көреді. Олар Аллаһ Тағала барлық жаратылысты Өзінің өнері мен ұлылығының дәлелі ретінде жаратқандығын да аңғарады. Иләһи өнердің керемет туындысы – адамның жаратылуы да сүйіспеншілік пен махаббаттың кемелді көрінісі ретінде іске асқан.

Хазіреті Мәуләнә Мәснәуиінде сүйіспеншілік пен махаббаттың адам үшін маңыздылығын былай түсіндіреді:

«Мынаны біліп қой! Иләһи сүйіспеншілік пен махаббаттан жұрдай қалған адам қандай бақытсыз, бейшара. Бәлкім, ол, хайуандардан да төмен. Ал, Асхаб Кәһфтың иті болса Аллаһқа ғашық болғандарды іздеді. Тапты. Рухани рахатқа кенеліп, әлгі ізгі құлдармен бірге болғандығы үшін жәннәтқа лайық болды».

Хақ достары да жаратылыстың пайда болуының себебі:

«Сүйіктім! Сен болмағанда бұл әлемді жаратпас едім» деген иләһи сөз өзіне қаратып айтылған жаратылыстың нұры Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләм екендігін жақсы біледі. Сондықтан бұл әлем оған арналған.

Пайғамбарлар күнтізбесінің алғашқы және соңғы парағы

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм нұрымен Хазіреті Адам аләйһиссәләмнан бұрын, ал, тәнімен барлық пайғамбарлардан кейін келіп, пайғамбарлық күнтізбесінің алғашқы және соңғы парағы болған. Сондықтан **ол жаратылуы жағынан алғаш, ал, келген уақыты жағынан соңғы пайғамбар.**

Бүкіл жаратылыстың жаралуына Хазіреті Мұхаммед саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның нұры себеп болғандықтан Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмды Аллаһ Тағала **Хабибім** (сүйіктім) атауына лайық болатындай етіп жаратқан. Раббымыз Пайғамбарымыз саллалаһү аләйһи уә сәлләмның айрықша әрі таңдаулы өмірін сырттай және іштей өте тамаша халде тәрбиелеп, оны бүкіл адамзатқа тарту етіп жіберді.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның жаратылысы мен мүбәрак тұлғасы тек адамзат түйсіне алатын тұстарының өзімен-ақ адамзаттық ұстанымдар тізбегінің ешкім жете алмас шыңында тұр. Өйткені, Аллаһ ол мүбәрак жанды барлық адамзатқа **«Үсуәтүн Хасана»** яғни ең көркем ахлақпен өнеге етіп жаратқан. Міне сондықтан оны қоғамдағы ең төменгі дәреже болып саналатын «жетімдік-

тен» бастатып, өмірдің барлық сатыларынан өткізіп, құдірет пен билік тұрғысынан ең жоғарғы мәртебеге яғни, мемлекет басшылығына және пайғамбарлыққа дейін көтерді. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның өмірінің барлық кезеңдері адамзат өміріндегі кездесетін әр түрлі мәселелерге шешім боларлық үлгілерге толы. Сол себептен Оның өмірі қандай жағдайда әрі қандай дәрежеде болсын барлық адамзатқа өз шама-шарқына қарай еліктей аларлықтай өнеге болған. Яғни Ислам діні барлық дәрежедегі адамдардың қиындықсыз түсіне алуы үшін Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның мүбәрак өмірінде көрініс тапқан.

Негізінде Хақ Тағала Оған пайғамбарлық міндетін бергеннен бастап, қияметке дейін келетін бүкіл адамзатқа өнеге ретінде жібергенін былай баяндайды:

«Шын мәнінде сендер үшін Аллаһты және ахірет күнін қалағандарға және Аллаһты өте көп зікір еткендерге Аллаһ Расулында көркем өнеге бар». (Ахзаб сүресі, 21 аят)

Бұл дегеніміз, барлық адам иман мен ахлаққа, нақтылап айтсақ тасаввуфтық ұстанымның кемелдігіне жете білу үшін ол мүбәрәк тұлғаның өмірі мен іс-пиғылын толық үйренуі тиіс. Әрбір адам үйренгенін өзінің шамасына қарай іске асыруы керек. Бұл болса, Оған арналған махаббаттың және Оның руханиятын жамылудың дәрежесіне қарай іске асады.

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм пайғамбарлықтан бұрын да тәухидке сай түрде өмір сүрген еді. Әсіресе Өзіне пайғамбарлық міндеті берілуге жақындаған кезде, Өзін бұрынғысынан да көбірек Аллаһқа шынайы құл болуға атаған болатын. Хира (Нұр) тауына барып, ұзақ уақыт оңаша қалып, терең ойға шомып пікір ететін еді.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның Хираға барып оқшаулануына түрткі болған жағдай сырт көріністе халық арасында жайлаған азғындық пен зұлымдықтың көңілді сыздатқан жан азабы және бүкіл әлемді қамтыған мейірім еді. Ал, шын мәнінде болса адамзатты мәңгілік бақытқа жетелейтін Құран Кәрімнің Аллаһтың құзырынан Хазіреті Пайғамбарымыз арқылы адамзатқа жіберілуіне дайындық мезгілі еді.

Бұл жайында Құрандағы бір қасиетті аятта былай айтылады:

«(Расулым! оларға) **Айт: Егер кім Жәбірейілге дұшпан болатын болса біліп қойсын, Құранды тура жолға бастаушы, бұрын келген кітаптарды растаушы етіп және мү'миндерді қуанту үшін Аллаһтың бұйрығымен сенің жүрегіңе ол түсірді».** (Бақара сүресі, 97 аят)

Таңғажайып рухани және заттық көріністердің арқасында оның жүрек әлемі толығымен сафтанып, уахиды түсініп қабылдай алатын дәрежеге жетті. Уахиді қабылдауға дайын болған мүбәрәк жүрек алты айы бойы **«шынайы түстер»** көру арқылы рухани ишараттар мен шабыттарға қанықты. Осылайша оған рухани әлемнің сырлы перделері ашылды. Бұл кезең қарапайым адамдар көтере алмайтын уахидің ауыр жүгін арқалай білу үшін Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның жаратылысынан бар жасырын қабілеттің сыртқа шығу кезеңі еді. Темірдің табиғатында болатқа айналу қабілеті қалай бар болса, Оның да киелі жаратылысында пайғамбарлыққа тән қабілеті бар еді.

Қысқасы ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бұрынғы пайғамбарлардың қызметі мен міндеттерінің барлығын өз тұлғасы мен іс-пиғылында жинады.

Тектілік пен әдептілік, сымбаттылық пен кәмілдік Оның бойында өз шыңына жетті. Ол үкімдер шығарды. **Жүректі тазартып, нәпсіні күнәдан арылтуды үйрете отырып, кіршіксіз жүрекпен Хақ Тағалаға жасалатын құлшылық пен дұғаны үйретті. Ең кәміл ахлақпен өмір сүріп, адамзатқа теңдессіз, керемет өнеге болды.**

Тасаввуфтың негізі

Тасаввуф – негізі жағынан ішкі жандүниеміздің сәлим яғни, таза, мөп-мөлдір, кіршіксіз, ешқандай рухани аурусыз халде сәлеметке жетіп, Аллаһты жүрекпен тану деген мағрифатұллаһ пен мұхаббатұллаһтан үлес алатын деңгейге жете білуді және сол арқылы Аллаһтың разылығына бөленуді қамтамасыз ететін бабына келуі. Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға уахиді ұғына алуы үшін берілген рухани тәрбие – жүректі тазартып, нәпсіні күнәдан арылдырудың негізін құрайды.

Әлі уахи келмей тұрып-ақ белгілі бір рухани дәрежеге жеткен ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм салауатты өмір сүретін әрі көркем мінезге де ие болатын. Ал, Аллаһтан нұсқау алып, Хира үңгірінен қайтқан кезде бұрынғы өмірінен әлдеқайда жоғары мәртебелерге жеткен еді. Осылайша ұлы Раббысымен өте мықты рухани байланысқа барып, тәухид пен мағрифатұллаһтың нұрын бүкіл тұла-бойына сіңіріп, тақуалық пен шынайылықтың шыңына жеткені сонша, түнгі уақытын көзіне жас алып, аяқтары ісіп кеткенше құлшылықпен өткізетін. Көздері ұйықтаса да, жүрегі үнемі ояу болатын. Аллаһты зікір етуден, ойға шомып пікір етуден бір сәт те алшақтамаған еді.

Аллаһтың мейірімділігінің арқасында қол жеткізген осы рухани деңгеймен барлық адамзатқа һидаятты жеткізу ықыласымен хақ дінді тәблиғ еткен, өзіне берілген бұл иләһи аманатқа деген жауапкершілік сезімі оны шыңдардың шыңына шығарды. Міндетін атқаруына кедергі болатын барлық дүниелік ұсыныстардан еш ойланбастан бас тартып, Жаратқанға құл болуды барлық нәрседен артық санаған.

Расында, ең алдымен бүкіл әлемнің Раббысына хамдмадақ айтумен басталып, соңында жүректі жаман сезімдер мен пікірлерден және күмәндардан арылдырып, бүкіл жаратылыстың жалғыз Раббысына сөзсіз әрі бұлтарыссыз сыйынуды әмір етіп аяқталатын Құран Кәрім қияметке дейін адамзатты һидаятқа бастаушы болды. Адамзаттың іс жүзінде адамнан шыққан бір жолбасшысы болса, ол – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм және Оның өмірінің соңына дейін үйреткен сүннеттері.

Аллаһқа махаббат мұхитына алып баратын мейірімділік пен махаббаттың жалғаз бұлағы – Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм екендігін білу керек. Сондайақ **Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәл-ләмды жақсы көру Аллаһты жақсы көру деген сөз. Оған мойынсұну Аллаһқа мойынсұнумен тең. Оған қарсы келу Аллаһқа қарсы келумен тең.** Сондықтан Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның қадірлі тұлғасы бүкіл адамзат үшін махаббат баспанасы.

Міне, осылайша тасаввуф – Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның мүбәрак өмірімен іштей және сырттай үйлесе отырып, шетсіз де шексіз берік махаббатпен біте қайнасудан тұрады. Өйткені **Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның барлық ахуалы – тасаввуф.**

Басқаша айтар болсақ, **тасаввуф – ұлық бір несібенің Адам ата аләйһиссәләмға рух үрленуінен бастау алып, ақырзаман Пайғамбары саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның кемелдігінен махаббатқа толы жүректерге түскен фәйзге толы шықтардан тұрады.**

Мәснәуи бойынша

Пайғамбар Ахлағы

Мәснәуи: *«Мен сондай біреуге ғашықпын. Барлық нәрсе Онікі. Барлық нәрсе Оның жаратылысы. Менің ақылым да, жаным да Оның сүйіктісіне құрбан болды».* (III т. 4136)

Сүйіспеншіліктің ең жоғарғы дәрежесі – ғашықтық деп аталады. Ең жоғары дәрежедегі махаббат тек Хақ Тағалаға араналағанда ғана өз кемеліне жетеді. Мұның жолы бірте-бірте **«ауыспалы ғашықтық»** аталатын пенделік махаббаттар сатысынан өту арқылы іске асады. Бұл жолдың нәрлісі, ең берекеттісі – **«Мұхаббатұ Расулиллаһ»**, яғни Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға деген махаббат. Өйткені, барлық жаратылыстың жаратушысы Аллаһ Тағала Оны бүкіл әлемге рахмет шуағы етіп сыйлады.

Хазіреті Мәуләнә да бұл шумағында Аллаһтың сүйіктісі болған Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға ақылын да, жанын да құрбан ету арқылы мұхаббатұллаһқа қол жеткізгендігін айтады. Асхаб кирам (қадірменді сахабалар)

бұл жағдайдың ең керемет мысалы. Олар Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның кішкене ғана қалауына: «Жаным, малым саған пида болсын, ләббай уа, Расулаллаһ» деп, дайын тұратын.

Мәснәуи: *«Ей, адамдар! Сендер барлығың бір-біріңе отар әрі шопансыңдар. Пайғамбар болса барлығыңа шопан. Халық отар қой болса – Пайғамбар аләйһиссаләту уәссәләм оның қойшысы».*

«Шопан өз отарын бақылап, қадағалап отырудан қорықпайды. Ол оларды ыстықтан әрі суықтан қорғайды».

«Шопан отардағы қойларына ашуланып айғайлайтын болса, бұл оның барлық отарды жақсы көргендігінен». (III т. 4146-4148)

Хазіреті Мәуләнәның жоғарыдағы шумақтарында адамдар үшін **«отар»** сөзін қолдануы оларды кемсіткені емес. Олардың басқарылуға, басшыға мұқтаж екендіктерін көрсету үшін осы сөзді қолданған. Расында да бір хадис шәрифте **«Сендердің барлықтарың шопансыңдар әрі қолдарыңның астындағыларға жауаптысыңдар»** (Бұхари, Жұма 11, Истиқраз 20; Мүслим, Имара 20) делінген. Бұл хадис те барлық адамның белгілі бір деңгейде басшылық міндетке ие екендігін және сол міндетінен жауапты екендігін айқын көрсетуде. Шопанның отарға ілесе алмай артта қалған ауру, әлсіз малдарды арқалап алып отарға әкеп қосып жатқанына жиі-жиі куә боламыз. Басшыдағы ең керемет ерекшеліктердің бірі – мейірімділік, рақымдылық және шынайылық. Сонымен бірге қолының астындағы көпшілікке көңілінен орын беріп, аялай білуі.

Мәснәуи: *«Құран Кәрім – пайғамбарлардың сипаты мен халі. Оны оқып іске асыратын болсаң өзіңді пайғамбарлармен және әулиелермен бірге болғандай сезін».*

«Құранды оқи тұра оның әмірлеріне құлақ аспайтын болсаң және құран ахлағы бойынша өмір сүрмейтін болсаң, пайғамбарлар мен әулиелерді көруден не пайда?!»

«Пайғамбарлардың қисса-баяндарын түсініп, ұғынып, лайықты түрде оқыған сайын тән қапасы жан құсына тар бола бастайды». (I т. 1516-1518)

Құран Кәрім адамдарды һидаятқа бастап, оларды дүниеде де, ахіретте де бақытқа кенелту үшін жіберілген. Ол бұл мақсатқа жету үшін иршадын (тәлім-тәрбиесін) көптеген тақырыпқа тоқтала отырып, әр түрлі тәсілмен түсіндіреді. Бұл тақырыптардың арасында әсіресе пайғамбарларға және олар жіберілген қауымдарға қатысты түсіндірілген қиссалардың орны ерекше. Бұл қиссаларды оқыған кісі Аллаһ разы болған пайғамбарлар мен ізгі жақсылардың кенелген нығметтері жайында және Хақ Тағалаға қарсы шыққан кәпірлер мен залымдардың кесапатқа ұшырап, жойылғандықтары хақында көптеген мағлұмат алады. Соған қарай тура жолға түсіп, өмірін реттейді.

Құран Кәрімде пайғамбарларға қатысты айтылған бұл қиссалардан тиісінше сабақ алу үшін, адамның ішкі дүниесі де бұған дайын болуы қажет. Құран Кәрім аяттардың мағыналарын терең түсіне алмау, жүректердің бітеліп құлыпталып қалғандығына байланысты екендігін былай баяндайды:

«Олар Құранды терең бойлай түсінбей ме? Әлде олардың жүректері құлыптаулы ма?» (Мұхаммед сүресі, 24 аят)

Бұл аят кәриманың мазмұнына қарайтын болсақ Құран Кәрімді түсініп, ұғынып әрі сезіну үшін және сырларын меңгере білу үшін жүректің арылып, тап-таза болуы қажет. Себебі Құран Кәрім сырларын тек кіршіксіз жүректерге ғана ашады. Құран Кәрімнің ең ұлы тәпсіршісі Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм болғандықтан, оның барлық хадис шәрифтері Құран Кәрімнің түсіндірмелі тәпсірі іспетті. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнан кейінгі ғасырлардағы ең көрнекті әрі нағыз тәпсіршілер – ғылымымен амал еткен және Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның руханиятынан нәр алған ғұлама, әулие кісілер. Бұл турасында Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Құран Кәрімді ең жақсы түсінгендер – онымен өмір сүргендер».

Бұлыңғыр тартып, қарайған жүректер Құран Кәрімнен еш нәрсе ала алмайды. Сондай-ақ Исламды зерттейтін батыстық ориенталистер (шығыс танушылар) тек ғылыми қағидалар мен ережелерді ғана біліп, рухани ғылымнан жұрдай болғандықтан Құран оларға тура жолды көрсетпейді, сырын да ашпайды. Аллаһ Тағала былай дейді:

«...Олар барлық мұғжизаларды көрсе де оған сенбейді. Тура жолды көрсе де оны жол қылып ұстанбайды. Ал, теріс жолды көретін болса, дереу сол жолға түседі. Бұл олардың аяттарымызды өтірікке шығарып, олардан бейғам болғандығынан». (А'раф сүресі, 146 аят)

Құранды оқудағы мақсат – оның ахлағын бойға сіңіру. Ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дүние салғаннан соң Хазіреті Айшадан оның ахлағын сұрағанда:

«Оның ахлағы Құран еді» - деген. (Мүслим, Мүсәфирин 139; Нәсәи, Қиямүл Ләйл 2)

Құран болса адамдарды ахлақ тұрғысынан періштелерден де абзал қылатын үкімдер мен іс-шараларды қамтиды. Жоғарыдағы бәйітінде Хазіреті Мәуләнә Құранды ұғына отырып оқу Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның ахлағын бойға дарытатындығын айтқан болатын. Құрандағы ахлақ Пайғамбарымыздың тілімен **«иләһи ахлақ»** деп аталған, сондай-ақ ол аяулы тұлға үмметіне: *«Аллаһ Тағаланың ахлағын бойларыңа дарытыңдар»* деп бұйырған. (Мүнәуи, әт-Та'ариф 564)

Ибн Аббастың мына қиссасы Құран ахлағына өте керемет мысал болады. Бір адам Ибн Аббасқа жағымсыз, жаман сөздер айтады. Ибн Аббас радиаллаһү анһү болса оған үндемейді. Әлгі адам аң-таң болып Ибн Аббастан неге жауап қайтармағанын сұрайды. Сонда Ибн Аббас:

– Менің бойымда үш қасиет бар. Саған жауап беруіме солар бөгет болды, дейді де ол ерекшеліктерін түсіндірді:

– Біріншісі: Аллаһтың Кітабынан бір аят оқылған кезде, шіркін, адамдардың барлығы мына менің естігенімді білсе ғой, деп аңсаймын.

Екіншісі: Мұсылман бір қазымен ешқандай дүниелік және рухани байланысым болмаса да оның әділдікпен үкім бергенін естігенде қатты қуанамын. (Мен тек Исламның әсемдігі мен әділдіктің қанат жайғанына ғана қуанамын)

Үшіншісі: Мұсылмандардың өлкесіне жаңбыр жауған кезде де қатты қуанамын. Ол аймақта жайылған бірде-бір малым, бірде-бір жерім болмаса да (Дін бауырларымның қуанышы мен үшін үлкен бақыт).

(Менің көңілім осындай күйде болған кезде саған жауап беріп қалайша бір мұсылманның көңілін қалдырамын...) деді». (Һәйсәми, Мәжмәүз-Зәуәид IX, 284)

Мәснәуи: *«Пайғамбарлардың ішкі жандүниесінде тірілтіп, жан беруші әуендер бары сонша бұл әуендер Хақты іздегендер үшін баға жетпес өмір сыйлайды».* (I т. 1919)

Адамзат өмірі дұрыс әрекеттер мен дұрыс пиғылдың арқасында ғана ерекшеленіп, құнды болады. Бұл ақиқатқа және жақсылыққа қол жеткізу деген сөз. Бұларға жеткізетін таңдаулы әрі жалғыз жолбасшы – пайғамбарлар. Себебі Хақ Тағала оларды, әсіресе ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмды бүкіл адамзатқа үлгі әрі өнеге ретінде көрсеткен. Қадірменді Мәуләнәның жоғарыдағы бәйіті де сол жәйтті баяндайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның адамдарға ықпалы мен ұсынған өнегелі тұлғасы өз дәуірінен бастап барлық адамзатты қамтыған. Оған сенбегендердің өзі Оның ахлағы мен артықшылығын мойындауға мәжбүр болған. Оған сенгендер болса іштеріндегі сезімдерін әсем әуенмен жырлап өткен. Асхаб кирам «Малым, жаным, барлық нәрсем шын жүректен саған құрбан болсын» деп тәуелділігі мен бағыныштылығын баяндаған. Қияметке дейін жалғасын табатын ғашықтар керуені оның сүйіспеншілігімен, шаттығуымен жалғасуда. Бүкіл ғалам Оның күннен де жарық нұрымен жарықтануда. Иманның ләззатына Ол арқылы ғана қол жеткізеді. Оны толық сипаттап, түсіндіруге фәнилердің шамасы жетпейді. Өйткені, Ол ахлағы мен жаратылысы тұрғысынан бүкіл ғаламның ең құнды гауһары. Ғашықтар, ақындар мен жыраулар Оны

қанша дәріптесе де құштарлықтары басылмаған. Сондай Хаққа ғашық жандардың жан тебірентерлік әуендерінен махаббат сезімі ретінде қағаз бетіне өлең болып түскен маржан сөздері төмендегідей:

Тегі христиан болғанымен, Мұхаммеди ақиқатты шын таныған соң шынайы бақытқа жетіп, иман келтіріп, көзінен жас кетпеген және бертін кездердің Пайғамбар ғашығы **Яман Деденің** мына өлең шумақтары қандай әсерлі:

Сусыз қалсам, күйіп тұрған шөлдерде жан берсем, қайғы шекпеймін.
Жанартаулар жанады көкірегімде, дарияларда тұрсам да сөнбеймін.
Алаулар жауса аспаннан, оларды ұстасам да сезбеймін.
Жамалыңмен жұбатшы мені, күйіп тұрмын уа, Расулаллаһ!
Қандай бақыт саған деген махаббаттан көз жұмып, жолыңда жан беру!
Нәсіп болмай ма Сұлтаным! Үйіңнің табалдырығында жан беру?
Жұмыларда көздерім жеңіл болар, ах-ыңнан жан беру.
Жамалыңмен жұбатшы мені, күйіп тұрмын уа, Расулаллаһ!
Басымды идім, байқұспын, бұл дерттің сенде шарасы.
Ернім күйді алаудан, аяғым жүреді ізіңмен.
Қашан тілесең ілтипатыңмен сыйла бұл КЫТМИРді[8]
Жамалыңмен жұбатшы мені, күйіп тұрмын уа, Расулаллаһ!

---

8. Құран Кәрімде Кәһф сүресінде баяндалған асхабү кәһф/үңгір иелері туралы айтады. Қытмир Аллаһқа иман келтіргендігі үшін жұрттарынан қуылған оншақты жас жігітке серік иттің аты. Жәннәтқа кіретіндігі айтылған бір неше жануардың бірі осы ит.

Тағы бір таяу заманның атақты шәйх-ғұламаларынан ұлы Хақ досы **Мұхаммед Әс'ад Әрбіли** Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға деген махаббатының көңіл тебіренткізер жалынымен өртенгенін қандай көркем баяндайды:

Жамалың көрінгелі бері көктем алау!

Раушан алау, бұлбұл алау, бәйшешек алау, топырақ та, тікен де алау!

Барлық ғашықтарды күйдірген күндей жарқыраған нұрың. Сондықтан көңіл алау, көкірек алау, жылаған екі көз алау.

Мүмкін бе, ғашықтық шәһидің сондай алаумен жуындыру?

Тән алау, кебін алау, шәһидті жуатын таза судың өзі алау!

Сұлу атаулысының барлығы өз сұлулығын Оның нұрлы әсемдігінен алған сияқты. Бұл жаратылыс бағында оның құлпырған сұлу бейнесінен де асқан сұлулық жоқ.

Фузули әйгілі «**Су қасидасында»** бұл шындықты мына мағынада баяндайды:

Ей, көз! Көңілімдегі ғашықтық отына суыңды шашпа,

Күшті ғашықтық жалынымен тұтанған бұл отқа су төгу шара емес.

Бірақ, көк күмбез судың түсіндей ме,

Әлде көз жасым көк күмбезді басып алды ма білмеймін.

Бағбан гүл бақшасын суғарып бекер әуре болмасын!

Мыңдаған гүл бақшасын суғарса да, Сенің жүзіңдей бір гүл ашпайды!

Ей, достар!

Хазіреті Пайғамбардың қолын сүю арманымен өлетін болсам,

Қабірімнің топырағынан құмыра жасап жарыма су тарту етіңдер!

Ағын су Рахмет Пайғамбары басқан топыраққа жетемін деп,

Еш тоқтамай, өмірбойы тастан тасқа соғылып, сергелдеңдеп ағуда...

Мәснәуи: *«Егер кімде-кім Хазіреті Пайғамбарымыздың білгендерін білетін болса, көңілінде жалбарынып, өтінуге дәрмен қалмас еді. Әрі бойында ораза ұстап, намаз оқитын шама қалмас еді».* (II т. 1913)

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға білдірілген ақиқаттар үш санаттан тұрады:

Бірінші санатқа кіретіндер Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мен Хақ Тағаланың арасында мәңгілік сыр болып сақталған. Ардақты Пайғамбарымыз бұлардың бірде-бірін ешбір жанға тіс жарып айтпаған. Осыған байланысты былай деген болатын:

«Аллаһқа ант етейін! Егер менің білген нәрселерімді білгендеріңде аз күліп, көп жылар едіңдер. Төсектеріңде әйелдеріңмен ләззаттанып көңіл көтермес едіңдер. Шөлге қарай жол тартып (бәлекеттен құтқаруы үшін) Аллаһқа жалбарынып, тіленер едіңдер». (Ибн Мәжә, Зүһд 19)

Себебі бұл санаттағы ақиқаттарды тек пайғамбарлық нұры арқылы ұғынуға болады. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмдан өзгелерде ондай қабілет болмағандықтан, ол мағлұматтар адамзат арасында мәңгілік құпия болып қалады.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға білдірілген ақиқаттардың екінші санатына кіретіндері адамдар арасында айрықша қабілет пен ерекшеліктерге ие санаулы кісілерге ғана білдірілген. Бұл мағлұматтар жалпы халыққа қатысты емес. Бұл ерекше қабілетке ие санаулы кісілердің Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Әли екендігі бізге мәлім. Сондай-ақ Әбу Һұрайра мен Хұзәйфәтұл Йәманиға ардақты Пайғамбарымыздың кейбір сырларды ашқандығы белгілі.

Бұл санатқа кіретін мәліметтер – тасаввуфқа қатысты мағлұматтар. Сондықтан тариқаттар сілсиләсі, яғни пірлер шежіресі Хазіреті Әбу Бәкірге немесе Хазіреті Әлиге барып тіреледі. Бұл бөлімге кіретін мағлұматтар хаууасқа яғни руханиятқа құштар қас жанларға ғана тән. Бұл мағлұматтар жүректен жүрекке өту арқылы келген. Әрі дәл осылай қияметке дейін жалғасады. Олардың кітаптарға түсірілген аз ғана бөлігі жемістің сыртқы қабығы секілді. Оның өзегі болса сөзбен емес тек хал арқылы ғана білінеді.

Аллаһ Тағаланың Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға білдірген мағлұматтарының үшінші санаты жалпы халыққа арналған. Бұлар шариғат заңдылықтары. Міне, бұл заңдылықтар бүкіл адамзатқа қатысты. Өйткені, Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм белгілі бір қауымға немесе белгілі бір кезең үшін жіберілмеген. Ол бүкіл адамзатқа пайғамбар етіп жіберілді. Осыған орай Оның пайғамбарлығынан бастап қияметке дейін барлық

адамзат Мұхаммед үмметі болып есептеледі. Бірақ, бұлар да екіге бөлінеді. Ол ұлы тұлғаның дағуатын қабыл еткендерді «үммәтү ижәбә» дейді. Ал, қарсы келгендерді «үммәтү ғайрү ижәбә» немесе «үммәтү дағуат» дейді. Дағуат болса бүкіл адамзатқа арналады.

Мәуләнә да жоғарыдағы шумағында осы шындықты меңзеген және бірінші санатқа жататын мағлұматтардың адамның қабілетінен тыс екенін, сондықтан бұл орайда оны айтудың қажетсіз екендігін білдірген.

Мәснәуи: *«Хазіреті Пайғамбар былай деген:*

«Ей, асхабым! Ей, үмметім! Мен сендерге әкеден де мейірімді әрі мархаматтымын». (ІІІ т. 1934)

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның үмметіне деген махаббаты, әкенің балаларына деген махаббатынан да салыстыруға келместей артық, күшті. Сияр кітаптарында бұл шындықтың жанды мысалдары көптеп кездеседі. Бұған дәлел ретінде мыңдаған мысал келтіруге болады. Үмметі аш кезде ол да нәр татпаған. Тіпті аштықты сезбеу үшін қарнына тас байлап жүрген кездері де болған. Имам болып намазда тұрған кезде сәбидің жылаған дауысын еститін болса намазды ұзатпай, қысқа сүрелер оқып тез бітіретін-ді. Ауыр, қиын-қыстау кезеңдерде де үмметінің ең алдында еді. Ұхудта, Хұнайнда әскерлері быт-шыт болып шашырап кеткен кезде де Ол саллаллаһү аләйһи уә сәлләм орнынан табжылмаған еді. Тіпті кейде жау әскерлерінің ортасында да қалған еді. Кейбір ғазауаттарда артта қалып, ілесе алмаған әскерлерін күтіп, олардың ордаға қосылуын қамтамасыз ететін. Оның үмметіне өте ынтызар екендігін Құран Кәрім былай баяндайды:

«Ант етемін! Сендерге өз араларыңнан өте ардақты пайғамбар келді. Сендердің қиналғандарың оған өте ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық, мүʼминдерге өте мархаматты әрі мейірімді». (Тәубе сүресі, 128 аят)

Аллаһ Тағала бұл аятта Пайғамбарын өзіне ғана тән **«Рауф»** және **«Рахим»** есімдерімен атап, таныстырған еді.

Ол іс-әрекетімен, сөзімен және ахлағымен бүкіл адамзатқа құшағын жайған мейірбан жан әрі жолбасшы еді. Һидаят жолындағы барлық машахат пен қайғы-қасіреттің ең ауыры оның мойнына түскен еді. Ол мойнына алған иләһи міндетін өте керемет деңгейде атқара білді. Бұл жолда жанқиярлықпен қажыр-қайрат көрсеткені, сабырлылық танытқаны соншалық, кейде өзін күйзелтпеу үшін Аллаһтан ескерту келетін-ді.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның адамзаттың сәлеметтілігі мен игілігі үшін көрсеткен ұлы қаһармандығы Құран Кәрімнің мына аятында өз көрінісін тапқан секілді:

«(Расулым!) **Олар иман келтірмеді деп өз жаныңды қиярдай болдың».** (Шұʼара сүресі, 3 аят)

Пайғамбар Ахлағы

Ең соңғы дін Исламның бүкіл адамзатқа ұсынған ахлақи кемелдік және өнегелі тұлғасы – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм. Екі дүниеде де бақытқа қол жеткізудің бірден бір кепілі Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның рухани өмірі мен ұлы ахлағынан нәр алу.

Пайғамбар Ахлағы

Адамгершілікке сай өмір сүрудің жалғыз жолы – дін мен ахлақ. Иманды болып, һидаяттан алшақтамай құл ретінде өмір сүре білуі үшін Хақ Тағаланың адамзатқа тарту еткен ең қымбат сыйы болған теңдессіз ұлы ахлаққа ие пайғамбарлардың иманнан кейінгі ең басты міндеті – мүминдерді нәпсіқұмарлықтан тыйып, ең көркем ахлаққа жеткізу.

Ең соңғы дін Исламның барлық адамзатқа ұсынған ахлақи кемелдік пен өнегелі тұлғасы – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм. Бұл тұрғыда Хақ Тағала былай дейді:

«(Ей, Расулым!) **Күдіксіз сен ең ұлы ахлаққа иесің...».** (Қалам сүресі, 4 аят)

Екі дүниеде де бақытқа қол жеткізудің бірден-бір кепілі, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның рухани өмірі мен ұлы ахлағынан нәр алу. Бұл бақытқа қол жеткізе білу тек Оған деген махаббат және Оның руханиятын жамыла білуіміздің мөлшерінде ғана іске аспақ.

Мына әлем иләһи махаббаттың көрінісі. Бұл көріністің өзегін де Нұрұ Мұхаммеди құрайды. Дүние мен ахірет бақыты Оған деген махаббаттың арқасында келеді. Сондай-ақ Оған деген махаббат гауһарымен безенген кезімізде әлемнің ең күшті әрі абзал елі болғанымызға тарих куә.

Адамзат аса нәзік және иләһи өнер туындысы әсемдікпен жаратылған. Сондай-ақ ол тұңғиық тереңдіктерге самғай

алатын қабілетке де ие болып жаратылған. Адам баласы осы құндылықтарын тек Аллаһқа құл бола білгенде және Хабибұллаһтың іс-әрекеті мен ұлы ахлағынан өз несібесін алып, сол бойынша өмір сүргенде ғана адамдық қасиетін сақтап қалады.

Хазіреті Мәуләнә Пайғамбарымыздың бақыттылық ғасырында (асрү саадат) адамгершілік пен ар-ожданнан жұрдай, сезімдері өлген, әдепсіз, дөрекі бір адамның Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның көркем нәзіктігі және һидаят тәсілімен қалай иман келтіргендігін өз әдісімен былай түсіндіреді:

Кешқұрым бірнеше мүшрік мешітке келіп, ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға қонақ болды. Олар:

– Ей, бүкіл әлемдегі адамдарды рухани тұрғыдан қонақ еткен ұлы адам. Біз мұнда саған қонақ болғалы келдік. Ішіп-жейтін еш азығымыз жоқ. Әрі біз өте алыс жерден келдік. Бұл жерде танитын ешкіміміз де жоқ. Қане жомарттығың мен қайырымдылығыңды көрсетіп бізді нұрға бөле. Қонақжайлық танытып біздей ғаріптерді қуандыр, көңілімізді шаттыққа бөле деді.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сахабаларына:

– Уа, достар! Бұларды бөлісіп үйлеріңе алып барыңдар, құрмет көрсетіңдер. Сендердің мінез-құлықтарың да, жомарттықтарың да менікінен кем емес. Өйткені менің ахлағымды өз бойларыңа дарытқансыдар, - деді.

Асхабтың әр бірі бір кісіден алып үйлеріне кетті. Олардың араларында еңгезердей әдепсіз әрі дөрекі бір кісі

бар еді. Ол өте ірі әрі зор денелі болатын. Бұл алпамсадай алып кісіні үйіне алып кетуге ешкімнің батылы бармады. Ол шоқиып судың шөгіндісі сияқты жалғыз өзі мешітте қалды. Ешкім әкетпеген бұл алып тұлғалы кісіні Хазіреті Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләм алып үйіне кіргізді. Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның сауылатын жеті ешкісі бар еді.

Ешкілерді сауу үшін үйге әкелген болатын. Әлгі алып қонақ ашаршылықтан шыққандай дастархандағы тағам мен нанның бәрін жеп, жеті ешкінің де сүтін қотара ішті. Үйдегілердің барлығы бұл көргенсіз, санасыз кісіге реніш білдірді. Өйткені үйдегілердің барлығының тағамын бұл ынсапсыз адам бір өзі жеп қойған еді.

Бұл мешкей адам он шақты адамның тамағын жалғыз өзі жеп, қарны айналып, тырсиып шыға келді. Жатарда басқа бір бөлмеге кірді. Қызметші қыз бұл өзімшіл адамға ашуланып есікті сыртынан құлыптап қойды. Мұнымен қоймай тағы да есікті сыртынан шынжырлады. Себебі оған қатты ашуланып, оның бейқамдығына қатты ренжіген болатын.

Түннің бір уағында қонақтың сыртқа шыққысы келді. Таң атқанша іші ауырды. Төсегінен ұшып түрегеліп, есікке қарай жүгірді. Есікті ашпақшы болған еді, оның құлыптаулы әрі шынжырлы екенін аңғарды. Ол мешкей адам есікті ашу үшін әбден әрекет етті, бірақ аша алмады. Қатты қиналды. Бөлме бір өзіне тар келе бастады. Әбден састы. Әбден тынышы қашып, әбіржіп мазасызданды. Қиналғанын ұмыту үшін бүктеліп жатып ұйқыға кетті. Түсінде өзін қаусап, қираған бір жерде көрді.

Сыртқа шыға алса қираған бір үйге баруды ойлаған еді. Түсінде де сондай жерді көрді. Қирандыда өзінің оңаша

екенін көрген ол сол жерге дәрет сындырды. Оянған кезде жатқан жерінің нәжіс болғанын көріп, қатты ұялып жерге кіріп кете жаздады.

«Бұл түн өтіп, есік бір ашылса ғой» деп күтіп жатты. Төсегін нәжіс қылып бүлдіргенін көрмесін деп, есік ашыла салысымен дереу қашуға дайындалып жатты.

Таңертең Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм келді. Бөлменің есігін ашты. Әлгі жолынан жаңылған адамға жол берді. Бірақ, Хазіреті Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләм есікті ашқан соң әлгі масқара болған адам көріп ұятқа қалмасын деп жасырынып қалды.

Әлгі қонақ қашып кетті. Үйдегілердің бірі нәжіс болған төсекті алып бейне бір «Қара, қонақтың істегенін көр», дегендей, Пайғамбарымызға келді.

Бүкіл әлемге мейірбан болған Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм күлімсіреді:

– Маған су алып кел, бәрін өз қолыммен жуамын, - деді.

Ол жерде отырғандардың барлығы орындарынан ұшып тұрып, ұялғандарынан:

– Жанымыз саған құрбан болсын. Қоя бер, нәжісті біз жуайық. Бұл қолдың жұмысы, көңілдің жұмысы емес. Біз саған қызмет ету үшін бармыз. Қызметті сен ететін болсаң, біз кімбіз? Яғни біздің қандай пайдамыз бар? деді.

Сонда ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Мені қатты жақсы көретіндеріңді білемін. Бірақ, қазір мұны менің істеуімде үлкен хикмет бар деді.

Отбасы мүшелері Пайғамбардың бұл сөзін естіген соң, бұл істің соңындағы хикметті көру үшін күте бастады. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм әлгі нәжісті жуарда Аллаһтың әміріне шын жүректен берілген еді. Өйткені оның көңілі «Бұларды сен жу» деп жатқан болатын. Бұл істе көптеген хикметтер бар еді.

Әлгі имансыз қонақтың «пұт» деп ұстанып жүрген кішкентай тұмары бар еді. Оны әрдайым мойнына тағып жүретін. Оның жоғалғанын аңғарған соң, амалы таусылып, ол өзіне-өзі:

– Бұл қасиетті тәңірімді байқамай жатқан бөлмеде қалдырып кеткен болуым керек - деді.

Істеген жағымсыз істерінен ұялды, бірақ мойнына таққан тұмар пұтқа деген беріктігі бұл ұятын жеңді. Пұтын іздеп табу үшін өайтадан жүгіріп келді. Хазіреті Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның бөлмесінен өзінің пұтын көрді. Көрді, бірақ Аллаһтың құдірет қолы мен рахметі болған Хазіреті Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның ол былғаған төсекті өз қолымен жуып жатқанын көрді. Сөйтті де, пұтты жүрегінен өшіріп, көңіліндегі оған деген махаббатты жойды. Есін жиып, көңілі қатты толқыды. Киімінің жағасын жыртып, екі қолымен жүзін, басын сабалады. Басын есікке, дуалға соқты. «Ей, ақымақ бас» деп басын сабалады. Көкірегін төбелеп «Ей, қараңғы көкірек» деп бақырды. Өз-өзіне «Ождансыз бейшара» деп сәждеге бас ұрды:

– Ей, жер-жаһанның абыройлы, мәртебелі ұлы адамы. Сенің көрсеткен жақсылығыңа опасыздық жасағаныма ұяламын, - деді.

Қайғы-қасіретке толы көңілімен жер жүзіне былай дауыстады:

– Ей, ғибратқа толы жер-жаһан! Сен Аллаһтың әміріне бағынып мойынсұнасың. Оған деген махаббатыңмен тоқтаусыз айналасың. Ал, мен сенің үстіңдегі нығметтермен қоректенген әлсіз адам бола тұра нәпсіме берілдім. Азғындыққа салындым. Сен Аллаһтың алдында қорқып, тітіреп оны зікір етесің. Мен болсам, Оның әмірлеріне қарсы шығамын. Қарғыс атсын мені...

Жүзін аспанға қаратып Хазіреті Пайғамбарға:

– Ей, бүкіл әлемнің қыбыласы, саған қарауға бетім жоқ, - деп зар жылады.

Осылайша оның көңілі қатты толқып, өз шегінен шығайын дегенде Хазіреті Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләм күпірліктен құтылғысы келген әлгі бейшараны жан сарайына алып тыныштандырды. Оның қаяу түсіп, құлазыған көңілін тірілтті. Оған терең мағыналы, әрі сырлы сөздер айтты.

Осылайша бұрын пұтын қатты жақсы көретін бейқам адам, бұрын танымайтын бұл көркем ахлақты, кеңпейілді кісіге жақын дос бола салды. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның Аллаһтың кеңшілігінің арқасында теңдесі жоқ кішіпейіл болғанына таң қалды.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оған:

– Мұнда кел, - деді.

Әлгі адам ауыр ұйқыдан оянғандай есін жиып, оған қарай аяңдады.

Сосын:

– Ей, Аллаһтың біреулігінің куәгері! Маған кәлимә шәһәдәтты үйретші. Аллаһтың бірлігіне иман келтіріп, сенің пайғамбарлығыңды құптап, бақыт керуеніне қосылайын. Мен енді мұндай дөрекіліктен, сезімсіз ожданнан және еңгезердей денемнен жалықтым. Енді иманның нұрлы жолына түсейін.

Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ол адамға иманды танытты.

Оның қасиетті кәлимә шәһәдәтты, яғни «лә иләһә иллаллаһ, Мұхаммедүр-расулұллаһ» деп айтуы барлық байланған түйінді шешті. Хазіреті Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оған:

– Бүгін түнде де үйіміздің әрі көңіліміздің қонағы бол, - деді.

Мұсылман болған әлгі бақытты адам:

– Уаллаһи, қайда болсам да, қайда барсам да, мәңгілікке дейін сенің қонағыңмын. Мен өлі едім, тірілттің. Енді мен сенің азат еткен құлыңмын. Сенің қызметшіңмін. Негізінде дүние мен ахиреттің өздері де Сенің шапағат дастарханыңның қонағы – деді.

Ол түні де бәдәуи Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның қонағы болды. Бір ғана ешкінің сүтінен аздап ішті. Сосын шүкіршілік етіп дастарханнан тұрды.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– Сүт іш, же, - деп қоймаған еді. Әлгі жаңа мұсылман:

– Уаллаһи, мен шынымен де тойдым. Мен мұны алдап немесе ұялып қалмау үшін, я болмаса өзімді көрсету үшін айтып тұрғаным жоқ. Енді сенің рухани берекетің дарыған

бір үзім нан жүздеген үзім нанға тең болды. Мен кешегі аш көздікпен жегенімнен де бетер тойдым...

Барлық отбасы мүшелері:

– Бұл алып шырағдан қалайша бір тамшы зәйтүн майымен толып қалды? - деп аң-таң болды. Бір-біріне:

– Бір Әбәбил құсының тамағы мұндай пілдің қарнын қалай тойдырды? Ғажап. Алпамсадай адам шыбынның тамағын жейді, - десті.

Қысқасы, күпірліктің құмарлығы мен тойымсыздығынан құтылған соң мешкей асқазан құмырсқаның азығына ғана тоятын болды.

Хазіреті Мәуләнәның астарлы мағынамен түсіндірген бұл хикаясында көптеген хикметтер бар. Ең алдымен Хақ жолында басшылық еткен жолбасшыларға берік қағида ұсынады. Бұл қағиданы өзі орындап көрсете білген Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ешкім қабыл етпеген имансыз, ашкөз қонақты үйіне алып барып, оны сыйлап, қонақжайлылық танытты. Сонымен қатар өз үлестерін де оған беріп, артынан ол адамның жасаған жағымсыз әрекетін Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм өз қолымен дұрыстап, әлгі кәпірді таң қалдырарлық әрекет көрсетті. Қызметшілердің тазалауға қиналған нәрсесін өз қолымен тазалады. Әрі ешкімді де кінәламай, асқан кемеңгерлігімен үлгілі мүминнің бейнесін ұсынды. Соңында өз қара басын ойлайтын тойымсыз дененің және көрсоқыр көңілдің һидаят нұрымен толуына себепкер болды және де ол бақытты көңілдің Пайғамбар ахлағымен безеніп, ескі мінез-құлқы мен қателіктерін түзелтуіне түрткі болды.

Міне, Пайғамбар ахлағы!

Бұл ахлақ кәпірді мү'мин қылды, тойымсыз адамды қанағатшыл, ынсапты қылды.

Бұл ахлақ небір азғын рухтарды бағынышты қылды. Аяушылықты білмейтін қатігез, тас жүректерді мархамат дариясына айналдырды.

Бұл ахлақ жартылай жабайы, қараңғы надан халықты адамзаттың ең ұлы қоғамына айналдырды.

Бұл ахлақ көңілдерді дәргаһқа айналдырып, оны әлсіздердің баспанасы әрі мекені қылды.

Бұл ахлақ өздерін барлық жағымсыз әрекеттерге жауапты деп санайтын иманы күшті адамдарды жетілдірді.

Бұл ахлақ адамды бастан-аяқ қайтадан құрған, іс-пиғылымен һидаятқа жол бастайтын, қоғамды бөлінуден қорғайтын кәміл әрі кемеңгер тұлғалардың шығуына ықпал етті.

Бұл ахлақ жамандықты жақсылықпен және ізгілікпен әсем етуді үйретті. Себебі адамдар ізгіліктің құлы. Ізгілік артқан сайын дұшпандық та азаяды. Екі арада қалған адам да оған дос болады

Қасиетті аятта былай айтылады:

«Сен жамандықты ең жақсы болған нәрсемен жой». (Мү'минун сүресі, 96 аят; Фүссиләт сүресі, 34 аят)

Бұл ахлақ Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды екі дүниенің сұлтаны етті.

Қысқасы, бұл ақлақ Аллаһты разы ететін ең ұлы ахлақ. Өйткені, Ол **«Күдіксіз сен ең ұлы ахлаққа иесің»** (Қалам сүресі, 4 аят) деген аятпен мадақталған.

Бұл ұлы, мақтаулы ахлақтан өз нәсібін ала білген ізгілер қандай бақытты.

Аллаһым! Біздің ахлағымызды Расулыңның ахлағымен безендір. Оның шексіз әсемдікке толы іс-әрекетін, сүннеттерін орындауды күллі иісі мұсылман қауымға нәсіп ет!

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Ренжітпеу және Ренжімеу

Мәснәуи: *«Бұл көңіл үйінде кімнің бар екенін білетін болсаңдар, онда бұл көңіл иесінің есігінің алдында неге тәрбиесіздік жасадыңдар?»*

«Ақымақтар адамдардың салған мешітін құрметтейді. Ал, көңіл иелеріне немқұрайды қарап, олардың көңілдерін қалдырады». (II т. 3108-3109)

Көңіл – Хақ Тағаланың назар салатын жері. Нәпсінің ең үлкен қылмысы біреудің көңілін қалдыру. Сондықтан Хазіреті Мәуләнә өзге бір шумағында:

«Қағба бұняд-ы Халил-и ест,
Діл назаргах-ы Жәлил-и Әкбәр ест» - деген.

Яғни, Қағба Әзердің ұлы Халил Ибраһимнің тұрғызған ғимараты. Көңіл болса, ұлылардың Ұлысы Хақ Тағаланың назар салатын жері. Осыған орай Аллаһтың назар салатын көңілді бұзу, Қағбаны құлатудан да ауыр күнә деп есептелген.

Хазіреті Юнус Әмре де:

Ақ сақалды пір қожа,
Бейхабар өз халінен.
Қажылыққа әрекеттен бас тартсын,
Бір көңілді егер қалдырған болса,

- деп, дәл осы жағдайды меңзеген.

Адам жаратылыстың ішіндегі ең құрметтісі. Ал оның жүрегі болса Аллаһтың назары түскен жер. Құдси хадис ретінде танылған мына риуаят та «Мен көк пен жерге сыймаймын. Мү'мин құлымның жүрегіне ғана сыйямын», (Ажлуни, Кәшфу-л Хафа II, 195) делінген. Осылардың барлығы адамның дәрежесінің қаншалықты қадірлі екенін көрсетеді және оның көңілін қалдырып, ренжітудің қаншалықты ауыр күнә екендігін білдіреді.

Жаны жара, көңілі нала адамдардың Аллаһ Тағаланың алдындағы қадірі мен дәрежесі жоғары. Аллаһтың ризашылығына бөленгісі келгендер осы секілді мұңды көңілдерді қуантуы қажет. Бір күні Хазіреті Мұса аләй-һиссәләм:

– *Уа, Раббым! Сені қай жерден іздейін?* - деп жалбарынған еді. Аллаһ Тағала:

– *Мені көңілі қаяулы адамдардың қасынан ізде!* (Әбу Нуайм, Хиля II, 364) - деді.

Әбу Һұрайрадан келген бір құдси хадисте де Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«Қиямет күнінде құдіретті де ұлы Аллаһ былай дейді:

– Ей, адам баласы! Мен науқастандым, менің көңілімді сұрамадың!

Құл айтады:

– Уа, Раббым! Сен бүкіл әлемнің Раббысысың, сенің көңіліңді қалай сұраймын?

Хақ Тағала:

– Білмейсің бе, менің пәленше құлым науқастанды. Бірақ сен оның көңілін сұрамадың. Білмейтін бе едің?, егер оның көңілін сұрағанда, қасынан мені табар едің дейді.

Аллаһ Тағала тағы былай айтады:

– Ей, адам баласы! Мен сенен тамақ сұрадым, бірақ сен мені тойдырмадың.

Құл айтады:

– Уа, Раббым! Мен сені қалай тойдырамын!? Сен бүкіл әлемнің Раббысысың.

Хақ Тағала айтады:

– Менің пәленше құлым сенен тамақ сұрады. Сен оны тойдырмадың. Білмейсің бе, егер сен оған тамақ бергеніңде, Мен оның қасында едім.

Раббымыз былай дейді:

- Ей, адам баласы! Мен сенен су сұрадым, маған су бермедің.

Құл:

– Уа, Раббым! Мен саған қалайша су ішкіземін? Сен бүкіл әлемнің Раббысысың ғой, - дейді. Сонда Аллаһ Тағала:

– Пәленше құлым сенен су сұрады. Сен болсаң оған су бермедің. Білмейсің бе, егер оған су бергеніңде Мені сол жерден табар едің, - дейді. (Мүслим, Бирр 43)

Зұлымдыққа ұшырап, көңіліне қаяу түскен барлық құлдың дұғасы, мейлі ол иманды немесе кәпір болсын бәрі бір Хақ Тағалаға жеткізіледі, әрі тез арада қабыл болады. Жәбірленген кісінің дұғасы мен Хақ Тағаланың арасында ешқандай перде, бөгет жоқ. Ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қадірменді сахабаларға жәбірленушінің дұғасынан сақтануларын былай өсиет еткен:

«Зұлымдыққа ұшырап, жәбірленген кісінің дұғасынан сақтаныңдар. Өйткені, оның дұғасы мен Аллаһ Тағаланың арасында перде жоқ». (Мүслим, Иман 29)

«Үш кісі бар, Аллаһ олардың дұғасын кері қайтармайды:

1. Ауыз ашқанға дейін ораза ұстаған кісінің дұғасы.

2. Жәбірленушінің дұғасы.

3. Әділетті мемлекет басшысының дұғасы». (Термези, Дәауат 48; Ибн Мәжә, Дұға 2)

Хақ Тағала құлдарының кемсітіліп, қорлануына разы болмайтындығын мына хадис шәриф тамаша баяндайды:

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«Бір адам: «Уаллаһи, Аллаһ пәленшені жарылқамайды» деп кесіп айтты.

Аллаһ Тағала:

«Пәленшені жарылқамайтындығыма ант еткен кім? Мен оны жарылқадым, ал, сенің амалыңды жойдым», - дейді». (Мүслим, Бирр 137)

Мәснәуи: *«Бір Хақ досының, яғни пайғамбардың немесе әулиенің көңілі күйінбейінше, Аллаһ ешбір қауымды масқара, қарабет қылмаған».* (ІІ т, 3112)

Бұл шумақ қауымдардың қорлануының ең басты себептерінің бірі Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды немесе Аллаһ досын ренжіту екендігін баяндауда. Аллаһ алдында қадір-қасиетке ие бір құлға құрмет көрсетіп, оның қадірін біліп қастерлеген кісінің немесе қоғамның керісінше абырой даңқы артып, мәртебесі үстем болады.

Бір құдси хадис шәрифте былай делінеді:

«Кімде-кім менің әулие құлыма дұшпандық жасайтын болса мен оған қарсы соғыс ашамын. Құлым өзіне әмір еткен парыздарымнан сүйкімді еш нәрсемен Маған жақындай алмайды. Құлым (парыздардан соң орындалған) нәпіл құлшылықтармен де Маған қарай жақындайды. Осылайша Мен оны жақсы көремін. Құлымды жақсы көрген соң Мен оның сөйлейтін тілі, толғанатын жүрегі, еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын. Менен не тілесе сөзсіз беремін. Жәрдем сұраса жәрдемші боламын, Мені паналаса қорған болмын...». (Бұхари, Риқақ 38)

Енді осыған тарихтан бір мысал келтірейік. Перғауынның сиқыршылары Хазіреті Мұсаның ұлылығын және рухани күш қуатын аңғарып:

- Ей, Мұса! Алдымен асаңды сен тастайсың ба, жоқ әлде біз тастайық па? – деп сұрады.

Осылайша Хақ досына жол беріп ілтипат көрсетудің берекетімен һидаятқа кенелді. Бірақ соңында пайғамбармен бәсекелесуге бел байлағаны үшін жазаға тартылды. Яғни рухани қысасқа ұшырады. Олар Перғауынның бұйрығымен

алдымен азапталып, артынан қиғашынан алынып қолдары мен аяқтары кесіліп шәһид етілген еді.

Бір күннің ішінде пайғамбармен бәсекелесуге шығып күпірліктің зорын жасап, әрі Перғауынға қарсы тұрып, қарама-қарсы екі әрекетке барған сыйқыршылар соңында иманның ләззатын татты. Перғауынның зұлымдығы мен қоқан-лоқысына қарсы тұрып фәнилікті (өткінші өмірді) бақилыққа (мәңгілік бақытқа) айырбастады да:

«(Сыйқыршылар былай) **деді: Сені бізге келген ашық мұғжизалардан және бізді жаратқаннан артық көре алмаймыз. Олай болса істейтініңді істе. Әрине сен осы дүниеде ғана үкіміңді жүргізе аласың».** (Таһа сүресі, 72 аят).

Тағы бір аят кәримәда:

«(Сиқыршылар) **айтты: Оқасы жоқ. Біз сөзсіз Раббымызға қайтамыз»** (Шұ'ара сүресі, 50 аят) деді.

Перғауын сыйқыршылардың қол-аяқтарын кесіп жәбірлеп жатқанда, олар имандарының әлсіреп кетуінен уайымдап, Хақ Тағалаға жалбарынып сабырлылық пен имандарының беріктігін тіледі:

«...Раббымыз бізге сабыр бер, әрі мұсылман болған күйде жанымызды ал». (А'раф сүресі, 126 аят)

Мәуләнә құддисә сирруһ (Аллаһ оның сырын қасиетті етсін) бұл ақиқатқа рухани тараптан былайша талдау жасайды:

«Малғұн, залым Перғауын сиқыршыларды иман келтіргені үшін өліммен қорқытып:

– Қол-аяқтарыңды қиғаштап кестіремін. Сосын сендерді көздеріңе көк шыбын үймелетіп астырамын, - деген болатын.

Перғауын сол уақытта сиқыршылардың зәресі ұшып, үрейленіп өзіне мойынсұнады деп ойлаған еді.

Бірақ Перғауын сиқыршылардың қорқу мен уайым-қайғыдан құтылып, иләһи сырлар мен ақиқатқа қол жеткізгендерін білмейтін.

Олар өмірдің келісінде жүз рет түйіліп ұн болса да көлеңкелерін өздерінен ажырата алатындай парасат пен көрегендікке қол жеткізген болатын».

Яғни рухтың негіз, ал дененің көлеңке екенін түсінген еді. Әрі дереу бұл көлеңкені пида етіп ***«фәнә филләһ»*** *мәртебесіне жеткен еді.*

«Ей, адам, бұл өмір ұйқы мен түс секілді. Сен ол жердегі сауық-сайранға, жылтыраған сәнге әсте алданба. Егер түсіңде қолың кесілсе немесе денең парша-парша болып тұралса да қорықпа. Өйткені, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«"Бұл өмір түс секілді" деген болатын».

Мәснәуи: *«Кейбіреулер пайғамбарларға қарсы соғыс жариялады. Олардың дене тұрқын көріп, оларды жай ғана қарапайым адам деп ойлады».* (II т. 3113)

Пайғамбарларды қарапайым адамдардың бірі деп есептеп, олардың бойындағы иләһи қуат пен хикметті көрмейтіндер өз нәпсілерін әдепсіздікке итермелеуде. Тарихқа қарайтын болсақ, үнемі осылай болған. Пайғамбарларды иләһи қызметі мен рухани дүниесі тұрғысынан тани алмағандар мойынсұнып бағына алмаған. Бұл әдепсіздіктерінің салдарынан да масқара болған. Әбу Жәһілдер, Әбу Ләһәбтар

Хазіреті Пайғамбарды өздері секілді ет пен сүйектен тұратын біреу деп ойлап, бұл саяз түсініктерінің құрбаны болып құрып кетті.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды жақыннан танитын сахабалар болса сүйсіне отырып Оған ерді. Хазіреті Әбу Бәкір Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның жанында болған кезінде де Оған тәнті болып екі дүниенің Сұлтанын сүйсіне отырып тамашалайтын.

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның бас азаншысы, Пайғамбар мешітінің бұлбұлы Хазіреті Біләл радиаллаһу анһудың халі тіптен бөлек. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм дүние салған соң тілін жұтып қойғандай, жұмған ауызын ашпайтын болды. Орасан Мәдина қаласы оған тар келе бастады.

Халифа Хазіреті Әбу Бәкір радиаллаһу анһу азан шақыру үшін Біләлға қаншама рет өтінді. Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға ғашық жүрегі дертті Біләл сонда:

– Уа Әбу Бәкір! Менің жағдайымды білгің келсе, Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан кейін азан шақыруға дәрменім қалмады. Мені қинама. Мені өз жайыма қалдырыңызшы!» - деді.

Хазіреті Әбу Бәкір радиаллаһу анһу болса Расулұллаһқа деген сағынышпен Біләлдан азан шақыруын өтініп:

– Үммет Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан кейін Оның азаншысынан да мақрұм қалсын ба? - деді.

Қайта-қайта қоймаған соң, соңында шыдай алмаған Біләл таң намазына азан шақыру үшін басы иіліп, көзіне жас толып мұнараға шықты. Бірақ өксігін баса алмағандықтан

азан шақыра алмай қайтадан түсті. Әбу Бәкір радиаллаһү анһү содан соң оны қинамады.

Біләл радиаллаһү анһү Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның мүбәрак естеліктеріне толы Мәдинада бұдан кейін көп тұра алмады. Ол таң намазынан кейін дереу жолға шықты. Шамға сапар шекті. Тез арада Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға қауышу үмітімен шекараларда шәһидтікті аңсап соғыстарға қатысты. Бірақ Аллаһтың жазмышына амал қанша, әр бірінде ғази болып оралды. Осылайша жылдар өтті.

Бір күні Хазіреті Біләл түсінде Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмды көрді. Түсінде ардақты Расул саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оған:

«Ей, Біләл! Неге мұнша жапа шегесің? Мені зиярат ететін уақытың әлі келмеді ме?» - деді.

Хазіреті Біләл селк етіп оянып, орнынан ұшып тұрды. Дереу түйесіне мініп, ұшы-қиыры жоқ шөлге еніп кетті. Жалғыз өзі, тоқтамай бірнеше күн жол жүріп, ақыры Нұрлы Мәдинаға келді. Ешкімге көрінбестен тіке Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның қабіріне беттеді. Мазарын құшақтай кетті. Мазардың топырағын жүзіне сүйкеп, көзінен жас парлап:

«Келдім, уа, Расулаллаһ, келдім!» - деді.

Дәл осы сәтте ардақты Расул саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның немерелері Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хұсайын шыға келді. Оларды көрген Біләл мазардың үстінен тұрып:

– Ах! Расул саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның көзінің қарашықтары, деп, сағынышпен оларды құшақтады.

Хазіреті Хасан радияллаһу анһу:

– О, Біләл! Сізден бір өтінішім бар, орындайсыз ба? - деді. Хазіреті Біләл радияллаһу анһу:

– Айта ғой жаным, айта ғой, - деді. Хасан радияллаһу анһу:

– Мәсжид шәрифте Расулұллаһ үшін шақырған азаныңды аңсап сағындық. Оны естуге құштармыз. Тағы да шақырасыз ба? - деді.

Біләл радиаллаһу анһу да:

– Сендер үшін шақырайын, - деді.

Бесін уақытында Хазіреті Біләл Мәсжидун Нәбәуидегі бұрын азан шақырып жүрген жеріне шықты.

Тұла бойы алаулап, дертке толып «Аллаһу Әкбәр, Аллаһу Әкбәр» деген еді бүкіл Мәдина Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның кезіндегі азанмен дүр сілкінді. Тау-тас бұл әсерлі әуенмен еңірегендей болды.

«Әшһәду әл лә иләһә иллаллаһқа» келгенде Мәдина шайқалып, теңселді.

«Әшһәду әннә Мұхаммәдән Расулұллаһ» дегенде бүкіл халық көшелерге түсіп ағылды.

– Не болды, Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм дүниені тағы да нұрландырды ма? – деп бір-бірінен сұрап, жылап, еңірегендер...

Хазіреті Біләл болса өксігін басып, Азан Мұхаммедиді соңына дейін бітіруге тырысты. Бірақ, амал қанша... Өксігеннен демі жетпей тұншыға жаздады. Өзін-өзі ұстай алмай, көзінен жас парлаған күйде тұрған жеріне құлап қалды.

Жұмақ ханымдарының патшайымы Фатима анамыз мүбәрак әкесі рахмет Пайғамбары саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның фәниден айырылғанына қатты қайғырып:

– Әлемдердің Сұлтанының мәңгілікке аттануымен менің басыма ауыр қасірет келді. Егер бұл қасірет қараңғылыққа келетін болса, қараңғының түсі өзгерер еді, - деді.

Раббымыз біздің жүрегімізді ардақты Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның, қадірменді сахабалардың және олардың жолымен жүрген әулиеұллаһтың махаббатымен нұрландырсын. Сүйікті Пайғамбарымызды шынайы танып, Оның ахлағы мен жүріс-тұрысынан лайықты үлгі алуды нәсіп етсін. Жүрегімізден Оған деген махаббатты еш сөндірмей, еселеп арттырсын. Әрі мұны көңіліміздің азығы етсін!

Әмин!

Мәснәуи: *«Сен ашу-ызаға беріліп көңілдерге қаяу түсіріп, оларды өртеген болсаң, ол от сен үшін тозақ отының ұрығы болады».*

«Ашу-ызаң сені бұл дүниеде де күйдіреді, яғни масқара етіп қорлайды. Одан туындаған тозақ оты болса бұл қорлықтың кесірі ретінде сені ахіретте мәңгілік өртейді».

«Сенің ашу-ызаң бұл дүниеде адамдамрға кесір болып тиеді. Бұл кесірдің кері нәтижесі ретінде туындаған тозақ оты болса ахіретте саған мәңгілік бәле болып тиеді». (III т. 3472-3474)

Кәміл адам көркем ахлаққа, керемет жаратылысқа ие болады. Ол Аллаһтың разылығынан тыс ешкімді ренжітпейді және ешкімнен ренжімейді. Ол:

«(Тақуалар) **молшылықта да, жоқшылықта да Аллаһ үшін мал-мүлкін жұмсайды. Сондай-ақ, олар ашуларын жеңіп, адамдарды кешіреді. Аллаһ та ізгілік жасаушыларды жақсы көреді»** (Әлү Имран сүресі, 134 аят) аятына лайық болады.

Риуаят бойынша Хазіреті Жағфар Садықтың бір құлы бар еді. Ол оның жеке істерімен айналысып, қызмет ететін. Бір күні бұл құл кесеге құйып әкеле жатқан сорпаны байқаусызда Хазіреті Жағфардың үстіне төгіп алды. Үстібасы сорпа болған Хазіреті Жағфар ашуланып құлының бетіне қарады.

Сол кезде құл:

– Тақсыр! Құранда «وَ الْكَاظِمِينَ الْغَيْظَ» (Ашуларын жеңеді) делінеді, - деді.

Сонда Хазіреті Жағфар:

– Ашуымды жеңдім, - деді.

Ал құлы болса:

– Құранда дәл сол жерде «وَ الْعَافِينَ عَنِ النَّاسِ» (Адамдарды кешіреді) делінген, - деді.

Хазіреті Жағфар:

- Жарайды кешірдім сені, - деді.

Құл тағы да:

– Аяттың соңында «وَ اللهُ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ» (Аллаһ ізгілік жасаушыларды жақсы көреді) деп айтылған, - деді.

Осыған орай Хазіреті Жағфар Садық:

– Бара бер, сен енді азатсың. Аллаһ үшін сені азат еттім, - деді.

Өмір кітабының ашу-ыза бабы қайғылы оқиғалардың тарихы іспеттес. Бұл қиын қауіп қатерлерден құтылу үшін, бұл жағымсыз қылыққа қарсы бауырмалдылық пен сабырлылықты қолдана отырып, тепе-теңдікті бұзбай ашуды жеңе білу керек.

Әбуд-Дарда радиаллаһу анһу Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға:

– Маған жәннәтқа жетелейтін бір нәрсе үйретші, - деген еді, әлемдердің Сұлтаны саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Ашуланба, – деді. (Бұхари, Әдәб 76; Термези, Бирр 73)

Тағы бір кісі ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға:

– Уа, Расулаллаһ! Көп нәрсені үйреніп, есте сақтайтын шамам жоқ. Мені бақытқа жетелейтін қысқа бір нәрсе айтшы, - деген. Сонда саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамыз:

– Ашуланба, - деді. (Бұхари, Әдәб 76; Тірмізи, Бирр 73)

Басқа хадис шәрифте де былай айтылады:

«Аллаһ Тағала ашуын жеңген адамның кемшілігін жасырады». (Ихя III, 372)

«Адамды Аллаһтың ризалығына жетелейтін ашуын жеңуден асқан сауапты іс жоқ». (Ихя III, 392)

«Күшті-қуатты палуан біреуді жығып, жеңген адам емес. Нағыз палуан – ашуланған кезде өзін ұстай білген адам». (Бұхари, Әдәб 102; Мүслим, Бирр 106-108)

Мәснәуи: *«Жер жүзінде әлсіз, байғұс бір адам Хақтан жәрдем сұрайтын болса, көк жүзінің әскерлері (періштелер) мазасызданады».* (I т 1315)

«Ей, адам, егер өзгелерден зұлымдық, жамандық көретін болсаң ол сенің жаман мінез-құлқыңның оларда көрініс тауып, соған шағылысуы». (I т 1318)

Хадис шәрифте жәбірленушінің наласынан қорқу керектігі ескертілген, жәбірленушінің қарғысының Аллаһтың құзырына жетуіне еш нәрсе кедергі болмайтыны білдірілген. Сол себептен зұлымдықтан барынша сақтану қажет. Мұнымен қатар жәбірленуші де басына түскен зұлымдық пен қатерді, өзінің жаман мінез-құлқының басқа кісіде көрініс тауып, өз алдынан шығуы деп ойлауы керек. Сонымен қатар Мәуләнә адамның ішкі және сыртқы әлеміндегі тыныштық пен тынышсыздықты басқа шумақтарында былай түсіндіреді:

«Егер саған тікен кірген болса, ол тікенді өзің отырғызғаныңды ұмытпа. Егер жұмсақ және маталардың ішінде жүрсең, ол маталарды да өзің тоқығансың».

«Сен терең ойланып, көз жүгіртіп өз мінез-құлқың мен табиғатыңды таразыға салатын болсаң, жамандық пен әдепсіздіктің өзіңнен екенін білер едің.

Егер сен Аллаһтың нұрымен қарағаныңда, жамандық тұрғысынан басқаларды кінәлап, басқалардың қателігін іздеп ғапылдыққа түсер ме едің?»

Негізінде бір кісінің басына түскен бәлекеттер мен жамандықтар үнемі оның жасаған қателіктерінің нәтижесі бола бермейді. Егер осылай болатын болса күнәсіздік сипатына ие пайғамбарлардың басына ешқандай қауіп-қатер

төнбес еді. Бұл бәлекеттер кейде сынақ әлемі болған бұл өмірдің қажеттілігі ретінде, кейде кісінің рухани тұрғыдан жетілуіне жәрдем ету мақсатымен келеді.

Бірақ басқа түскен жамандықтың бір бөлігі жоғарыда айтылғандай адамның бқрын жасаған қателігіне байланысты келгендіктен, ондай жағдайларда нәпсіден есеп алып таразылау қажет. Сондықтан сөйлер алдында ауызымыздан шығатын әрбір сөзге мұқият болуымыз қажет. Өйткені басты мақсат жүректерді улы тілімізбен шағу емес, жүректерге өз жүрегіміздің төрінен орын беру болуы тиіс. Іс-әрекетіміз сөйлеген сөзімізге сай болуы керек және барлық жағдайда айналамызға әсемдік шашуымыз қажет.

Мәснәуи: *«Бір кісіні ренжіткен адам, Аллаһты да ренжіткенінен бейхабар. Ол құмыраның суы Хақ өзенінің суымен қосылғанын білмейді»*. (І т. 2520)

Аллаһтың жаратылысын ренжітетін әрекет ол жаратылыстан бұрын Хақ Тағаланың ашуын туғызатынын ойлану керек. Себебі Аллаһтың мақлұқатына деген махаббаты шексіз. Сондықтан күнәхар яғни Раббысына қарсы келген құлдың да күнәсі мен кемшіліктерін жариялап жаюға тыйым салынған және бұл **«ғайбат»** деп аталып ауыр күнәлардың бірі болып есептелген.

Хақ Тағала **«... Оған рухымнан үрледім...»** (Хижр сүресі, 29, Сад сүресі, 72) дей отырып, Өзіне жақындау үшін адамға қабілет берген және оны өте әсем түрде **«ахсану тақуим»** сырымен жаратқан. Сондықтан Раббымыз құлының қорлануына, менсінбей ренжітілуіне разы болмайды. Риуаят бойынша Мұхиддин Араби жағалауда кетіп бара жатып,

бір құмыра шарапты көтеріп ішіп жатқан жігітті көрді. Мұнымен тұрмай бұл жігіт қасындағы әйелге тиісіп отырды. Мұхиддин Араби ішінен былай ойлады:

«Адам өзін барлық мақлұқаттан төменмін деп санауы керек, кішіпейіл болуы тиіс. Бірақ мен шамасы мына күнәһар жігіттен әлдеқайда артықпын. Шарап ішпеймін, әдепсіз жаман қылықтар да жасамаймын».

Дәл осы уақытта теңіз жақтан бір дауыс естілді:

– Құтқарыңдар, батып барамыз.

Әлгі жігіт бұл дауысты ести сала қолындағы құмырасын тастап, дереу теңізге қарай жүгірді. Бірнеше минуттың ішінде батып бара жатқан төрт кісіні құтқарып, жағаға шығарды. Сонан соң барлық болған жайтты мұқият бақылап отырған Ибн Араби жаңа ғана ішінен ойлаған күдіктеріне жауап тапты да, өзіне-өзі:

– Қара, сен менсінбеген күнәһар және сорлы деп ойлаған жігіт төрт кісіні бірден құтқарды. Ал сен не істедің? Бір кісіні де құтқара алмадың...- деді.

Бұл хикаяда айтылғанындай сыртқы іс-әрекетін көрген кейбір адамдарымызда біз көрмеген қасиеттер мен ерекшеліктер болуы мүмкін. Пайғамбарлардан басқа ешкімнің ақтық демінде жағдайы не боларына кепілдігі жоқ. Сондықтан тасаввуфшылар Аллаһтың құлдарын менсінбеуді жүректің қылмысы деп қабыл еткен.

Мәснәуи: *«Барлық қиындықтарға ашуланып, әдепсіздерге кек сақтайсың. Жарайды, ысып жалтыратпайынша қалай айна болмақсың».* (I т. 2980)

Адамды жетілдіретін тапшылық пен машахаттар. Барлық тауқыметтен қашу – жалқаулық, менмендік және ынжықтық. Ең дұрысы төзуге тура келетін машақат пен оның соңындағы нәтиженің арасында тепе-теңдіктің бар-жоғына көңіл бөлу.

Бұл өлшемге сай келмейтін бір әрекетке тап болған кісі дереу қызбалыққа салынып, жауап қайтармастан бұрын, өзіне қарсы айтылған сөзге лайық болған-болмағандығын білу үшін нәпсісінен есеп алуы керек. Егер лайық болмаса да басына бір жаман әрекет келетін болса, бұл жамандыққа сабыр ету жетістікке жеткізетін баспалдақ болатын болса, ал шүкіршілік етіп бұл жағымсыз әрекетті жасаған кісіге жаны ашып аяушылық білдіру ең жоғарғы мәртебе. Бұл іс осындай дәрежеде болмағандықтан мұндай істі тындыра алар палуандар өте аз.

Әлсізге, пақырға, кедейге, жалғызға жаны ашып олармен бірге болу мейірімділіктің белгісі. Бірақ:

Зұлымдықпен, жауыздықпен адамдарды қан-жылатқан залымның ар-ожданына;

Қолындағы бар мүмкіндігін фәнилік сауық-сайранға құл қылған бейшара рухтарға;

Хақ (ақы) пен хұқық болмаған ортада мейірімділіктен жұрдай, қара басының қамын ойлайтын қарабет адамның рухына одан бетер жан ашып аяушылық білдіру қажет. Өйткені олар ахиретте, яғни мәңгілік өмірде нағыз сорлаған адамдар болады.

Йәсин сүресінің 13-27 аяттарында баяндалған Хабиб Наджар оқиғасы осындай жағдайдың өте кетемет бір мысалы. Хабиби Наджар халқына ақиқатты уағыздағаны үшін

тастың астында қалып, шәһид болды. Ол өмірден өтіп бара жатқанда көзінен иләһи перделер ашылды. Бұл жағдайды Құран былай баяндайды:

«Әттең, қауымым Раббымның мені жарылқап, ардақтылардан қылғанын білсе ғой» - деді. (Йәсин сүресі, 26-27 аяттар)

Хақпен достығының белгісі ретінде өзін шәһид еткен қауымының ғапылдығына және бейшаралығына жаны ашыды.

Мәснәуи: *«Ең маңыздысы раушан гүлі секілді бола білу. Яғни бұл дүние бақшасында тікендерді көріп, оларға өкпелеп тікен секілді болу емес, араға қыс сияқты ауыр да қатал ауыртпалықтар кірсе де оларды көктем мезгілімен құшақтап, бүкіл әлемге раушан гүлі бола білу».* (III т. 3259)

Адамның раушан гүлі болуы ізгілік пен игілікті бойына сіңіруі деген сөз. Мұндай адамдар жыланды, үйреткіш, көндіре алады.[9] Өйткені, Хақ достары Аллаһтың ешқандай мақлұқатына өшпенділікпен, жиіркенішпен қарамайды. Жамандықтарға қарсы табиғи түрде өздігінен туындайтын ашу-ызаны да өзіне бағындыра біледі. Мұндайды **«бұғдұ филләһ»** яғни **«Аллаһ үшін ашулану»** дейді.

9. Хазіреті Әбдұлқадир Гәйланиге шабуылдаған жылан жайында мәшһүр бір мысал бар. Бір күні Хазіреті Гәйлани мешітте құлшылық қылып жатқанда алдынан бір жылан шыға келді. Иреңлеңдеп оң жағына бір, сол жағына бір өтеді. Мешіттегілердің бәрі қашып кетеді. Ал ол болса табжылмай бәз-баяғы қалпында тұра береді. Жылан Хазіреті Гәйланидің айналасында біраз жорғалап, сосын кетіп қалады. Махмуд Сами ұстаздың да осыған ұқсас оқиғасы бар. Мәдинада тұрып жатқан кезінде үйлеріне жылан кіреді. Барлығы шошып қорқады, ал ұстаз болса абыржымай, асып-саспастан тыныш қана отырып жыланның зиян тигізуге келмегендігін айтады. Шынымен де жылан үйдің ішінде біраз жорғалап, қайтадан кері кетіп қалады.

Бірақ, әлемдегі болып жатқан оқиғаларға қарсы осыншалықты оңтайлы көзқарас пен сезімге ие болу оңай емес. Бұл үшін **«нәфсү әммәрадан»** басталатын сапардың ең шыңы болған **«нәфсү кәміләға»** қарай едәуір жол жүру қажет.

Хазіреті Мәуләнә раушан гүлімен бейне былай тілдеседі:

«Раушан гүлі тікенмен тату тұрғандықтан керемет хош иіске ие болды. Бұл шындықты раушан гүлінің өзінен де естіп көр. Оның не дейтінін тыңда:

Тікенмен бірге болғаныма неге қайғырайын, неге мұңға батайын? Мен жаман қылықты тікенмен бірге тұруға төзгендігім үшін күлуді үйрендім. Оның арқасында әлемге әсемдік беріп, хош жұпар иіс шашудамын...».

Бір мү'мин алдындағы кісіге әсер етуі үшін іс-әрекетімен де, тілімен де алдындағы кісінің жасаған қателігіне өзін жауаптымын деп санайтындай бір дәрежеге қол жеткізуі қажет. Дәрігердің міндеті науқас адамға ашулану емес, ауруды жазудың жолдарын тауып науқастың айығуына жәрдем ету болғанындай, тасаввуфшылар күнәһар адамға ашуланбастан оны қанаты сынған құс секілді қабылдайды. Оны көңіл сарайына кіргізіп, күнәға деген жиіркенішін күнәһарға бағыттамайды.

Ренжітпеу және Ренжімеу

Ренжітпеу былай қарағанда оңай. Ал ренжімеу қолдағы нәрсе емес. Өйткені ол көңіл мәселесі. Олай болса, ренжімеу тек фәнилерден келіп жүрекке қадалатын улы жебелердің әсерсіз қалуымен ғана іске асады. Бұл да нәпсіні арылдырып, жүректі тазартудың кемелдігіне байланысты көрініс табады.

Ренжітпеу және Ренжімеу

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның азаншыларының бірі Абдұллаһ ибн Үммм Мәктум радияллаһу анһу оқта-текте ардақты Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның қасына барып:

– Уа, Расулаллаһ! Аллаһтың саған үйреткендерінен маған да үйретші, - деп өтінетін.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да көңілі таза сахабасын ренжітпей, жылы сөзбен барлық сұрақтарына жауап беретін.

Бір күні Құрайштың алдыңғы қатарлы атқа мінерлерінің бірнешеуі Пайғамбарымыздың қасында тұр еді. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның да «Бәлкім Құрайштың бұл атқа мінерлері иман келтіріп, олардың қолы астындағылар да һидаятқа келер» деген үмітте еді. Осы кезде тумадан соқыр азаншысы Абдұллаһ бин Үмми Мәктум де қасына келді. Соқыр болғандықтан Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның жанында кімдердің тұрғанын білмейтін. Сондықтан әдеттегідей сұрақтар қоя бастады. Қонақтарының алдында бұл орынсыз сұраққа Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм реніш білдіріп, зеріге бастады. Басын теріс бұрып оған көңіл бөлмеді. Осыған орай Абдұллаһ бин Үмми Мәктум біраз кейіңкіреді. Осыған байланыста Абәсә сүресінің алғашқы екі аяты түсті:

«(Расулұллаһ) **соқыр келді деп қабақ шытып бет бұрды».** (Абәсә сүресі, 1-2 аяттар)

Осы жағдайдан кейін Хазіреті Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қай уақытта Абдұллаһ ибн Үмми Мәктумды көретін болса:

«Ей, Раббымның мені ескертуіне себепкер болған жан! Хош келдің!», - дейтін. (Уахиди, *Әсбәбу Нузулил Құр'ан* 471)

Еш күмәнсіз бұл оқиға үмметті тура жолға бастау үшін Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның бойында көрініс тапқан иләһи өнеге. Осы арқылы барлық мүминдерге мұндай жағдайларда баса назар аударуы қажет екендігі туралы бағыт-бағдар көрсетілген. Сондықтан Хақ достары мұндай мәселеде, яғни біреуді ренжітпеуге қатты мән берген. Сонымен қатар көңілді Аллаһ назар салатын жер немесе «Рухани Қағбатұллаһ» деп атаған. Осылайша кім көңіл қағбасына зиян тигізетін болса, шын мәнінде оның Иесін (Аллаһты) ренжіткен болады. Осыған орай айтылған мынадай сөз бар:

«Аллаһ көңіліне қаяу түскен адамдармен бірге».

Хадис шәрифте де былай айтылады:

«Мұса аләйһиссәләм Хақ Тағалаға сыйынып жатып:

– *Уа, Раббым! Сені қай жерден іздейін? – деді.*

Аллаһ Тағала сонда:

– *Мені көңіліне қаяу түскендердің қасынан ізде» - деді.* (Әбу Нұайм, Хиля II, 364)

Хазіреті Мәуләнәның айтқан мына хикаясы да бұл жайтты өте тамаша суреттейді:

Бір дәруіш кememен кетіп бара жатқан еді. Ешқандай жүгі де, заты да жоқ еді. Көркем мінезді, мәрт және

адамгершілігі бар адам еді. Бірде кеме суда жүзіп бара жатқанда кемеде бір қалта алтын жоғалды. Дәруіш сол сәтте ұйықтап жатқан болатын. Барлық адамды тексеріп таба алмады. Сосын дәруішті көрсетіп:

– Анау ұйықтап жатқан жарлыны тексерейік деді.

Ақшаның иесі басы қатып дел-сал болып орынсыз оны оятты. Бейкүнә дәруішке кінәлі адамдай қарап:

– Бұл кемеде бір қалта алтын жоғалды. Барлық жолаушыларды тінтіп таба алмадық. Кезек сенде, шапаныңды шеш, халықтың сенде күмәні қалмасын, - деді. Дәруіш:

– Уа, Раббым! Күнәсіз құлыңды кінәлап жатыр, жағдайымды саған айтып жалбарынамын, - деп Аллаһқа сыйынды.

Кемедегілер дәруішке көңілін қалдырарлықтай әрекет жасады. Ол пәк көңілдің Иесі, яғни Хақ Тағала оның ренжігеніне разы болмай, балықтарға әмір берді. Сол уақытта сансыз балық жиналып тнңізден бастарын шығарды. Әр бірінің ауызында өте қымбат, ірі інжу бар еді. Әр бірінің ауызында бір-бір інжу, бірақ қандай інжу... Ол інжудің әр бірі бір мемлекеттің байлығына тең еді. Бұлар Аллаһ тарапынан берілген еді. Бұл інжулерде ешкімнің ақысы жоқ еді.

Дәруіш балықтардың ауызынан бірнеше інжу алып, кеменің ортасына лақтырып жіберді. Ал, өзі секіріп ауада орындықта отырғандай отырды. Патшалардың тақта отырғанындай ауада молдас құрып отырды. Кеме де оның алдында жүзіп отырды. Дәруіш кемедегілерге былай деді:

– Қане, бара беріңдер. Кеме сіздердікі болсын, Хақ менікі болсын. Ол мені ұрлықпен айыптамайды және де кемшілігімді жария еткен адамның қолында қалдырмайды.

Кемедегілер:

– Ей, кемеңгер құл! Саған бұл ұлы мәртебені неліктен берді? - деп сұрады. Дәруіш:

– Рухани сұлтандарға құрмет көрсеткенім үшін берілді. Жоқ-жітік жайында жаман ой да ойламадым. Нәзік те әсем кедей-кепшіктер бар емес пе, Абаса сүресі оларды ұлықтау үшін түсті ғой. Олардың кедейлігі дүние үшін емес немесе дүниеге берілу үшін емес. Олардың дүниеде Хақтан басқа еш нәрселері болмағандығы үшін олар кедейлікке разы болды, - деді.

Бұл жәйт ақынның тілімен былай баяндалады:

Кімде-кім кедейдің көңіліне тисе
Оған Аллаһтың оғы тиеді.

Бұл хикаядан өзіне сабақ алған Хазіреті Мәуләнә былай деді:

«Бір кісіні ренжіткен адам Аллаһты да ренжіткенінен бейхабар. Ол құмыраның суы Хақ өзенінің суымен қосылғанын да білмейді».

«Білімсіздігімізбен және надандығымызбен Аллаһтың әулиелерін қорлап, оларды ренжіткіміз келеді».

«Бәлекетке, кесапатқа ұшырау кеселдің бір түрі. Бәлекетке ұшыраған кісіге жан ашиды. Ал, ақымақтық болса басқаларды жаралайтын және ренжітетін жаман бір кесел».

«Ақымақтар адамдардың салған мешітін құрметтейді. Ал, көңіл иелеріне немқұрайды қарап, олардың көңілдерін қалдырады».

«Бұл көңіл үйінде кімнің бар екенін білетін болсаңдар, онда бұл көңіл иесінің есігінің алдында неге тәрбиесіздік жасадыңдар?»

«Бір Хақ досының, яғни пайғамбардың немесе әулиенің көңілі күйінбейінше, Аллаһ ешбір қауымды масқара, қарабет қылмаған».

Сондықтан тасаввуф ренжітпеу мәселесіне өте көп тоқтайтыны сонша ренжімеу мәселесіне аса назар аударады.

Хазіреті Сами ұстаз Дәру-л Фунун құқық факультетін жаңа бітірген болатын. Оның көркем тұлғасы мен тап-таза, пәк жүріс-тұрысын қатты ұнатқан бір Аллаһ досы оған:

- Балам! Бұл алған білімің жақсы, бірақ сен негізгі білімді толықтыруға көңіл бөл. Сені парасат мектебіне жазайық, ол жерден көңіл ғылымдарын және ахірет сырларын үйрен..., - деді.

Артынан тағы былай деді:

- Балам! Ол мектепте қалай тәлім тәрбие беретінін, не үйрететінін білмеймін. Білетін жалғыз ғана нәрсем бар, ол білімнің алғашқы дәрісі ренжітпеу, соңғы дәрісі ренжімеу...

Ренжітпеу былай қарағанда оңай. Ал, ренжімеу қолдағы нәрсе емес. Өйткені ол көңіл мәселесі. Олай болса ренжімеу тек фәнилік нәрселерден келіп жүрекке қадалатын улы жебелердің әсерсіз қалуымен ғана іске асады. Бұл да нәпсіні арылдырып, жүректі тазартудың ең жоғарғы дәрежесімен болады. Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Тайфта тас тиіп қорланып жәбірленген кезінде періштелер:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Қаласаң мына екі тауды бір-біріне соғып, бұл жердің залым халқын жоқ қылайық, - деген еді.

Бірақ ол бүкіл әлемге мейірім-шапағатын шашу үшін жіберілген ұлы Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм періштелердің бұл ұсынысын қабыл етпей, мейірімімен және мархабатымен мүбәрәк жүзін Тайфқа қарай бұрып, ол жердің халықының һидаятқа келуі үшін дұға жасады. (Қараңыз: Бұхари, Бәдүл Халқ 7; Мүслим, Жиһад 111)

Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға ғашық Халлаж Мансур да жазаға тартылып, таспен ұрылып жатқанда:

«Аллаһым! Бұлар білмейді, менен бұрын оларды жарылқағайсың!», - деп дұға жасаған.

Бұл шынайы ғылыммен, яғни рухани тәрбиенің нәтижесінде қол жететін пәк жүректі құлдарға тән қасиет. Әбул Қасым әл-Хакимнен пәк жүректің ерекшеліктерін сұраған кезде ол кісі былай деген болатын:

«Пәк жүректің үш еркешелігі бар. Олардың:

Біріншісі: Ренжітпейтін жүрек,

Екіншісі: Ренжімейтін жүрек,

Үшіншісі: Жақсылықты Аллаһтың ризашылығы үшін істеп, оған алғыс күтпейтін жүрек».

Бір мү'мин ешкімге жәбір көрсетпегенде ғана Хақ Тағаланың құзырына шынайы тақуалықпен (уәра) бара алады. Көңілін Аллаһқа бұрып, ешкімнен ренжімегенде ғана опашыл болып бара алады. Ал, жасаған ізгі әрекеттеріне ешбір дүниелік нәрсені ортақ етіп қоспағанда ғана ықыласпен бара алады...»

Бір шайыр мұны төменгі өлең жолдарында былайша көркем баяндаған:

Жаһан бағында, ей, ақылды! Осы ғой адам мен жынның ең құпталғаны,
Не ешкім саған ренжімесін, не сен ешкімге ренжіме.

Ренжітпеу және ренжімеудің ең маңызды тұстарының бірі – кемшілік пен қателікті жасыру. Бұл көркем ахлақты жүзеге асыру үшін Бәлх ғұламаларының бірі Хазіреті Хатәм «Әс'ам – құлақтары еститін саңырау» деген лақап атқа ие болған. Бұл оқиға былай:

Бір күні Хазіреті Хатәмға көңіліндегі дерттері үшін шағымданып бір әйел келді. Ол өзінің мақсат-мүддесін енді айта бастағанда, байқаусызда еріксіз жел жіберіп қояды. Әйел ұялғанынан үні өшіп, жерге кіріп кете жаздайды. Хазіреті Хатәм болса, әйелдің масқара болып, ұятқа қалмауы үшін еш нәрсе естімеген секілді өзін саңырау етіп көрсетеді. Қолын құлағына алып барып:

– Қызым! Құлағым естіңкіремеуші еді, дауысыңды шығарып айтшы! Не айтқаныңды ести алмадым, - деді.

Осылайшы әлгі әйел өзінің еріксіз жасаған жөнсіз әрекеті естілмей жасырын қалды деп ойлап, көңілі жай табады. Сосын өзінің ішкі дертін жоғары дауыспен қайтадан түсіндіре бастады.

Осы оқиғадан кейін **Хазіреті Хатәм** «Хатәми Әс'ам» (Саңырау Хатәм) деп аталды.

Бұл айтылған мысалдағы нәзіктік пен ахлақи дәрежені тек кітаптардан алынған мағлұматтармен ғана іс-әрекетке асыру әрине мүмкін емес. Хазіреті Хатәмның сыпайылығы мен ренжітпеу сезіміне оның Хақ Тағаланың Рахман және

Сәттарүл Ұюб яғни **«Айыптарды жасырушы»** сипатынан алған үлесін өз жаратылысына дарыту арқылы жеткендігін айта аламыз.

Хадис шәрифте ренжітпеу жайында былай айтылады:

«Адамның мұсылман бауырын менсінбеуі оған күнә ретінде жеткілікті...». (Мүслим, Бирр 32)

Хадис шәрифте ренжімеу хақында болса былай айтылады:

«Жақсылық жасағандарға жақсылық жасап, жамандық жасағандарға жамандық жасау сендер үшін артықшылық емес. Нағыз артықшылық – сендерге жамандық жасағанға дәл солай жамандық жасамай, керісінше жақсылық жасау, яғни «тас атқанға ас ат». (Термези, Бирр 63)

Хақ Тағала былай айтады:

«Рахманның құлдары жер жүзінде сыпайылықпен жүреді. Надандар оларға тіл тигізетін болса (ренжітпестен) **сәлем деп жауап қайтарады».** (Фұрқан сүресі, 63 аят)

Мұндай жоғары халдер парасаттылықтан туындайды. Әйтпесе адамдар білместікпен көңілге тиетін небір сөздер айтуы мүмкін. Сондықтан сөзсіз парасаттылық, тек қана парасаттылық істеу, істеп үйрену керек.

Парасаттылық не нәрсе?

Парасаттылық пайғамбарлардың сипаттарының бір бөлігі. Парасаттылық – асқан зеректікпен алдындағы адамының ақылының деңгейіне қарай әрекет ету. Өйткені бір кісіні қуандырған әрекет, басқа бір кісіні ренжітуі мүмкін. Сондықтан адам тәрбиесі оның психологиялық жағдайын анықтап және әрбір әрекеттің екі-үш сатыдан кейінгі нәтижесін алдын-ала есептеумен іске асады.

Парасаттылықтың шыңына шығу өлім жұмбағын шешуге әрекет етуден бастау алады. Себебі фәни әлемдегі сырлар мен шындықтарды игеру тек «өлместен бұрын өлу» арқылы мүмкін. Яғни нәпсілік және дүниелік қалаулардан бас тарта білу ләзім. Хақ достары бұл бағытта мына қағидаларды ұстанады:

Екі нәрсені ұмытпа:

1. Аллаһты.
2. Өлімді.

Екі нәрсені ұмыт:

1. Саған жасалған жамандықты.
2. Жасаған жақсылықтарың мен ізгіліктеріңді.

Бізге жасалған жамандықтарды ұмыту кешірім ретінде іске асқан кезде бұл өте керемет қасиетке айналады. Өйткені құл кешіре-кешіре Аллаһтың кешіріміне бөленеді. Қасиетті аяттарда былай айтылады:

«(Расулым!) **Сен кешірім жолын ұстан және жақсылықты әмір ет, надандардан бет бұр»**. (А'раф сүресі, 199 аят)

«Егер жақсылықты білдіріп немесе жасырсаңдар және де жамандықты кешірсеңдер, онда Аллаһ күдіксіз аса кешірімді және тым күшті». (Ниса сүресі, 149аят)

«...Аллаһтың сендерді кешіруін қаламайсыңдар ма?». (Нұр сүресі. 22аят)

Ибн Омар радиаллаһу анһу былай түсіндіреді:

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға бір адам келіп:

– Қызметшімді қаншалықты кешірейін? - деп сұрады.

Сүйікті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оған жауап бермеді. Ол адам қайтадан:

– Уа, Аллаһтың Расулы! Қызметшімді қаншалықты кешірейін? - деп сұрады. Сонда әлемдердің Сұлтаны саллаллаһу аләйһи уә сәлләм (көпті меңзеп):

– ***Күнде жетпіс рет кешір***, - деп жауап берді. (Әбу Дәуіт, Әдеп 123-124/5164; Термези, Бирр 31/1949)

Дүниеден өтер кезінде қадірлі Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мүбәрак ауызынан шыққан мына бір сөзі өте терең мағыналы еді:

«Намазға! Намазға мән беріңдер! Қолдарыңның астындағылар (құлдарың, әйелдерің мен балаларың) жайында Аллаһтан қорқыңдар!» (Әбу Дәуіт, Әдеп 123)

Тағы бір хадис шәрифте Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«Адамдарға қарызға ақша беретін жомарт бір кісі бар еді. Ол кісі қызметшісіне:

– (Қарыз берген) кедейге (қарызды алу үшін) бара қалсаң (өтейтіндей шамасы болмаса) одан бас тартып, оны кешір (ақшаны оған тарту ет). Бәлкім, Аллаһ та бізді кешірер, - дейтін.

Соңында ол адам Аллаһқа қауышты. Аллаһ та оны кешірді». (Бұхари, Әнбия 54; Муслим, Мусәқат 31)

Міне, бұл нағыз парасаттылық. Бүкіл әлемнің мырзасы – Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм біздің де осылай әрекет етуіміз үшін бұл ұлы қасиетті тәлімді көңілімізге ұсынды. Бұл қасиетке ие болғандар Аллаһпен

дос болады. Сондықтан ешбір Аллаһ досы ақымақ болмайды. Ешбір ақымақ та Аллаһқа дос бола алмайды.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға бір адамды мақтаған кезде:

– *Оның ақылы қандай еді,* - деп сұрайтын.

Хақ Тағала аят кәрималарда жиі-жиі:

«Ақыл жүгіртпей ме? Ойланбай ма?» - деп бізді парасаттылыққа шақырады.

Яғни Аллаһ Тағала құлдарына ықыласпен ақылдарын қолдануын қайта-қайта ескертеді. Ең ұлы парсаттылық – болашақ туралы жұмбақты шеше білу. Оны шеше білген адам ешбір фәнилік нәрсеге ренжімейді. Ешкімді де ренжітпейді. Барлық істегі Аллаһтың ықтиярын және ежел мен мәңгіліктің сырын сезеді. Аллаһтың ризашылығына қарай әрекет етеді.

Халид Бағдади былай дейді:

«Раббыңа қарата үнемі әдепті бол. Әрбір істің Хақ Тағаланың тағдырымен іске асқанын ұмытпа. Арадағы себепші болған нәрселердің барлығы жай көріністен ғана тұрады».

Көкірек көзі ояу жандар былай дейді:

«Адамдар арасында мына үш қасиетке ие болғандар, өз шегін білетін жандар:

1. Желді де ренжітпейтіндер,

2. Өздерінің аттары мен ерекшеліктерін айтуға ұялатындар,

3. Аллаһтың жаратқан нәрселеріне мейірімділікпен және жанашырлықпен қарайтындар».

Қорыта айтқанда, ренжітпеу және ренжімеу тұрғысындағы дәрежеміз «Сені өлтіруге келген адам, сен арқылы қайта өмірге келсін» қағидасын іске асыратындай деңгейде болуға тиіс.

Хақ Тағала бұл ұлы қасиетті, яғни әсем, нәзік көңілге ие болуды баршамызға нәсіп етсін!

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Тәкаппарлықтың Әбігері

Мәснәуи: *«Жер беті көк жүзіне мойынсұнып «Мен бір тұтқынмын. Қалағаныңды жаудыр» деуде».* (III т. 452)

«Жер бетіне күннен от жауатын болса, жер жүзі ол отқа бет бұрады. Одан қашу былай тұрсын, ол оттың алдында жүзін жерге жайып, үнсіз оған бағынады». (III т. 450)

«Ей, адам баласы, сен де жер бетінің бір бөлшегісің. Оның үстінде өмір сүресің. Сен де Аллаһтың бұйрығына, тағдыры мен қазасына қарсы келме».

«Сендерді топырақтан жараттық» аятын естідің. Демек, Аллаһ та сенің топырақтай болуыңды қалайды. Аллаһтың әміріне қарсы келме».

«Аллаһ Тағала былай деді: Ей, адам! Мұқият зер салып қара! Сенің топырақтан жаратылған денеңе рухымнан бір тұқым ектім. Сөйтіп сені ұлық қылдым. Сен бұл топырақтың бір тозаңы едің, сені ең ардақты жаратылыс қылдым. Саған ақыл бердім, махаббат бердім».

«Сен тағы да бір әрекет жасап, топырақтың сипатын яғни кішіпейілділікті өзіңе сипат етіп, бойыңа сіңір. Мен де сені бүкіл жаратылысымның басына қожайын қылайын». (III т. 453-456)

Мәуләнә бұл шумақтарында кішіпейілділіктің адамға таңсық емес екендігін, тіпті жаратылысында бар екендігін баяндайды. Адамның денесі топырақтан шыққан азықтармен қоректеніп, өніп-өскеніне қарағанда оның тәнінің негізі де топырақ. Рух болса Аллаһтың істерінен бір іс болып Аллаһқа тән. Адамды бүкіл мақлұқаттан артық қылып жер жүзінде Аллаһтың халифасы ретінде танытқан фактор – адам денесіне тәңірлік үрлеу арқылы енгізілген рух. Адам баласы тәнінің негізі және бастауы болған топырақ секілді кішіпейіл болуға міндетті. Адам денесінің негізі болған топырақтың ерекшеліктерін бойына жинауы жаратылысқа сай нәрсе. Бірақ бұл табиғи қасиеттер **«ақыл мен ерік»** деген екі қабілеттің дұрыс қоланылмауының нәтидесінде зиянға ұшырап бұзылады әрі адам кішіпейілділіктен алшақтап, бойына шайтанның сипаты болған тәкаппарлықты жұқтырады. Осының нәтижесінде ол өзінің негізгі жаратылысымен қоштасып бойындағы ұлы қасиеттерге қайшы әрекет етеді.

Көктен не жауса да жер қарсылықсыз оны қабыл етеді. Өйткені жерде қалау жоқ. Адам да иләһи тағдырға топырақ секілді мойынсұнуы қажет және тағдырға жердің көкке бағынғанындай сөзсіз бағынып, Аллаһтан келген нәрсеге разы болуы керек. Сонда барып жаратылыс мақсатының шыңына жетеді. Осылайша жер жүзінде өзі үшін белгіленген **«халифатұллаһ»** мәртебесіне лайық болады.

Мәснәуи: *«Әрбір жемістің дәні алдымен жерде болады. Жерге кіріп, содан кейін жерден өсіп шығып бой көтереді».*

«Барлық нығметтердің асылы көктен топыраққа түсіп, топырақтың астына кірді. Одан кейін кіршіксіз жанға азық болды». (III т. 459-460)

Жанды-жансыз барлық жаратылыстың денесінің негізі – **топырақ**. Топырақтың өзгеріп әр түрлі күйге енуі жанды нәрселердің пайда болуына ықпал етті. Хақ Тағала жер жүзінің төрттен үшін сумен толтырып, тек төрттен бірін ғана топырақ қылған. Бұл төрттен бір бөліктің тек бір бөлігінің ғана бетіндегі 30 см. бөлігі өсімдіктердің өсуіне қолайлы. Яғни жер жүзінің он алтыдан бірін құрайтын бөлігіндегі топырақ қана дүниеге келген және келетін өсімдіктерді, жануарлардың және адамдардың қоректеніп, өсіп-өнуі үшін таусылмас қазына болған. Аллаһ Тағала оны шексіз түрде метамарфоз (өзгеріс) заңына ұшыратып, сансыз тірі организм үшін оны жалғыз күнкөріс көзі қылған.

Егер дүниеге келіп-кететін өсімдіктер мен жануарлардың бір ғана түрі жер бетіне бір мезетте барлығы келетін болса, орын да, қорек те ол бір ғана түрге жетпес еді. Бұл бір түрдің орнына шырша ағашын немесе пілді қойып ойланып көрейікші. Адам да дәл солай. Бүкіл адамзат жер бетіне бір уақытта келетін болса, барлығына бірдей азық та жетпес еді. Аяқ басатын жер де қалмас еді. Міне сондықтан Хақ Тағала бүкіл жаратылыстың негізі болған топырақ қазынасын қолдана отырып, иләһи тәртіппен кезегімен дүниеге жібереді. Барлық жанды нәрсе үшін өмір топырақта басталып, соңында тағы топырақта бітеді.

Адам топырақтан жаралғандықтан топырақтың ерекшеліктеріне ие. Топырақ кейде құрғап, ыстықтан қақ айырылып суды аңсайды. Белгілі бір уақыт қыстың машақатын

тартады. Уақты келгенде көктемнің нөсер жауынымен қайта тіріледі. Мың бір әсемдігімен, хош иісімен, түсімен және үйлесімділігімен Аллаһтың құдіретін көрсетеді. Адам да осындай. Тағдырдың тәлкегінде шөлдегі құмды дауыл секілді үйіріліп бір де онда, бір де мұнда жүреді. Нәпсінің билігіне беріліп өзін әбігерге салады. Тек нәпсінің тосқауылдарын бұзу арқылы кәмілдікке жетеді. Топырақтың көктемнің нөсер жауынынан тірілгеніндей рухани байлыққа, мейірім-шапағатқа бөленіп өзгелердің қамын ойлайтын болады. Осылайша өзіне берілген нығметтерді көктемнің мол берекетімен Аллаһ разылығы үшін құнарлы топырақ секілді айналасына шашады.

Хазіреті Мәуләнәның тұқым жайында берген мысалы сол тұқымнан пайда болған өсімдіктің қайтадан тікелей немесе бірнеше кезеңнен кейін топыраққа қайтқанын білдіреді. Бұл заңдылықтан ешқандай жанды нәрсе тыс қалмайды. Бұл хал әлемдегі иләһи құдіреттің сансыз көріністерінің бірі. Ақыл жүгіртіп пікір еткен адамдар қандай бақытты. Аят кәримәда былай айтылады:

«Адам жеген тағамына назар салсын. Біз мол-мол жаңбыр жаудырдық. Сосын қара жерді қақ жарып ол жерден дәнді дақылдар, жүзім бақтарын, көкөністер, зәйтүн және құрма ағаштарын, қалың бақтар, жемістер мен шабындықтар өсірдік. (Бұлардың барлығы) **сендерді және малдарыңды пайдаландыру үшін еді».** (Абәсә сүресі, 24-32 аяттар)

Мәснәуи: *«Бағы жанған, адамгершілігі бар кісі зеректікпен өзін ақылды деп санауы ібілістің жолы екенін, ал махаббат пен құлдық Адам атаның жолы екенін біледі».*

«Шайтан секілді зерек болғандар, мұхитта жүзіп жүргендер секілді. Алып мұхитта жүзіп жүрген адамның құтылып аман қалуы екі талай. Ол соңында суға кетеді. Яғни ақылына сеніп шариғат кемесіне мінбегендер соңында құрдымға кетеді».

«Сен жүзуді қоя тұр, алдымен менмендіктен арыл, өшпенділіктен құтыл. Сенің жүзіп жүрген суың кішкене өзен, бұлақ емес, мұхит қой. Негізінде бұл мұхит – тағдыр және қаза мұхиты». (IV т. 1402-1404)

Хазіреті Мәулөнә ақылды шайтанға тән ерекшелік деп айтса да, ол уахимен тәрбиеленбеген жабайы ақылды айтып тұр. Анығында ақыл Хаққа және жақсылыққа бастайтын ең бірінші құрал. Бірақ бұл құрал өзінің иесін Хаққа және жақсылыққа алып баруға жеткіліксіз. Яғни ақыл қажетті, бірақ толық жеткіліксіз құрал. Сондықтан Исламда ақылды **«Ақлү нақыс»** яғни **«жеткіліксіз ақыл»** деп атайды. Ақыл өзінің жеткіліксіз екенін біліп, оны толықтыруға жәрдемші болатын уахиға тәуелді болғанда ғана толығады. Ақыл – Раббымыздың бізге берген ұлы нығметі. Бірақ, бұл нығмет уахидың, яғни Кітап (Құран) пен Сүннеттің (Хадис) шеңберінде жүргенде ғана қадірлі әрі қастерлі болады. Ал, олай болмаған жағдайда иесін нәпсіге құл қылып тамұқтың түңғиығына айдайды.

Хазіреті Мәулөнә осы әлемді мұхитқа теңеп, адам баласын сол мұхитта жүзіп жүрген, суға кетуі ықтимал жүзуші ретінде суреттейді. Пенденің пенделік ақылы мен қалауына сеніп, тағдырға қарсы шығуы болса, ол анық барып тұрған ақымақтығы. Өйткені ақыл мен қалау тағдырға, яғни Аллаһтың қалауына мойынсұнбайынша ешқандай оңды нәтиже бермейді.

Тағдыр болса толығымен беймәлім. Сондықтан адам құтылуы үшін өз шама-шарқынша себептерге жүгініп, өз қалауын қолданғаннан кейін тағдырға бағынуы қажет.

Егістікті екпей-ақ егіннің шығуын күту бос нәрсе болғанындай, тек тұқымды сеуіп қана қойып, осымен ол өніп-өсіп, бой көтереді деп ойлау да бекер нәрсе. Тұқымды себу адамның ісі, ал өсімдікке жан бітіру болса, ол Аллаһтың тағдыры мен құдіретіне қатысты. Міне сондықтан адам тұқымды егу арқылы себептерге сүйенуі керек. Осыдан соң өзінің күші мен қалауынан тыс жел, жаңбыр, уақыт секілді нәрселер тағдырдың иесі Раббүл Әләминге тәуекел етіп мойынсұнуы керек.

Мәснәуи: *«Иләһи махаббат таңдаулы мүминдер үшін кеме секілді. Бұл кемеге мінгендер апатқа, бәлекетке онша ұшырамайды. Көбінесе құтылып, аман-сау қалады».*

«Ей, Хақ жолаушысы! Сен ақылды, зеректікті сатып, есесіне таңырқауды ал. Өйткені зерек ақылды болу пікір жүргізуден болатын белгісіз ойға салыну деген сөз. Ал, таңырқау болса Хақтың әсемдігін, құдіретін, өнерін көріп аң-таң болып ғажапқа кенелу».

«Ақылды Хазіреті Мұстафаның құзырында құрбан етте «Аллаһ маған жетеді» де». (IV т, 1406-1408)

«Ақыл мен зеректік саған кібірлік пен тәкаппарлық әкеледі». (IV т, 1421)

«Ақылды Достың махаббатына құрбан ет. Себебі барлық ақыл Достың жағында. Өйткені рухтардың да, ақылдың да бақытқа жететін жері Хақ Тағала. Міне сондықтан ақылды Хақтың махаббатына құрбан ет».

«Ақылдылар ақылдарын Достың жанына, арғы жаққа жіберген. Ал, бұл дүниеде қалған ақыл – махаббаттан хабары жоқ, сүймейтін, сүйілмейтін ақымақ ақыл». (IV т. 1424-1425)

Жоғарыдағы шумақтардың түсініктемесінде айтқанымыздай ақылды дұрыс қолдану – оның иләһи әмірлердің хикметіне бағынуы, яғни Кітап пен Сүннет шеңберінің ішінде ол хикметтерді ұғынуы арқылы мүмкін. Ал, мұны орындамай ақылды шексіз құдіретке ие деп санау, құмырсқаны атқа теңеу сияқты ақымақтық.

Хазіреті Мәуләнә *«Ақылды Хазіреті Мұстафаның құзырында құрбан ет»* деу арқылы оның көмегімен іске асатын иләһи әмірлерге мойынсұнудың маңыздылығын білдірмекте. Ақыл осылайша уахидың тізгінімен тізгінделмейінше иесін шексіз күдік пен пайымдауларға жетелеп, соңында бәле-кеттерге жолықтырады. Адам **«таңырқау»** және **«таңдану»** сезімдері арқылы Аллаһтың өнері мен құдіретін аңғара алады. Адам ақылын осы сезімдер үшін қолданатын болса кәміл иманға қол жеткізеді және осы сезімдер арқылы ақылының жеткіліксіз екеніне толық көзі жетеді.

Алайда таңырқау мәртебесіне толық қарық болғандар адамзат өмірі үшін қолдану өте зәру болған «мұқият болу жүйесін» өз болмыстарына ұялата алмағандықтан есін жия алмайтын ғашық күйінде қалып қалады. Мұндай жағдайға шексіз фәйз бен берекеге толы болса да тыйым салынған. Өйткені бұл, адам өмірінің қажеттіліктеріне кері әсерін тигізеді. Сондықтан дінде мәжзуб, яғни тартылысқа ұшырағаннан гөрі жәзиб, яғни тартушы күйге ену құпталған. Жәзиб таңырқау және таңдану сезімдеріне берілген «Аллаһ өз құлына жеткілікті» қағидасына сай, бірақ мұнымен қатар

сақтық жасай білетін адам. Мәуләнә да дәл осылай алды-артын ойлай отырып, осы сезімдерге берілуді жөн көрген.

Мәснәуи: *«Өз нәпсісін төмен санаған қандай бақытты. Өзін көкке көтеріп, артық санаған адамға қандай өкінішті».*

«Мынаны жадыңнан шығарма: Кібірлік, яғни өзін басқалардан артық санау өте қауіпті умен тең. Ақымақтар осы улы шарапты ішіп мас болады». (IV т. 2746-2747)

Мү'мин жан көптеген қасиеттер мен ерекшеліктерге ие болса да өзін кішік санап, өзінде барын жеткіліксіз деп есептеп, кішіпейілділік танытуы қажет. Сонда ғана кәмілдік жолына қадам басып, шыңдарға жетеді. Өйткені өздерін артық санағандар, қателіктерін түзетуге әрекет етпейді. Себебі ол қателіктерінің бар екендігін мойындамайды. Тек өз кемшіліктерін мойындап, даңдайсымайтын адамдар ғана бұл ізгі жолда ілгерілейді. Сондықтан хадис шәрифте былай айтылады:

«Кімде-кім Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін белгілі бір дәрежеде кішіпейілділік көрсететін болса, Аллаһ Тағала да осы әрекеті үшін оны белгілі бір дәрежеге көтереді. Ал, кім Аллаһқа қарсы белгілі бір дәрежеде тәкаппарлық көрсететін болса, Аллаһ та оны осы әрекеті үшін белгілі бір дәрежеге төмендетеді. Соңында оны «әсфәлу сәфилинге» (төмендердің төменіне) тастайды». (Ибн Мәжә, Зүһд 16)

Аллаһтың дәріптеген кішіпейіл құлдары аят кәримәда былай суреттеледі:

«Рахманның құлдары жер бетінде кішіпейіл, сыпайы жүреді. Надандар оларға тік сөйлесе де, оларға «есен болыңдар!» деп сәлемдесіп қана қояды (сөз таластырмайды)**».** (Фұрқан сүресі, 63 аят)

Ал, тағы басқа аяттарда болса, адамға тәкаппарсып, астамшылдық жасаудан аулақ болуы әмір етіледі:

«Жер жүзінде жүргенде даңдайсып асқақтама! Өйткені сен (ауырлық, не ұлылықпен) **жерді әсте жара алмайсың, бой жағынан да таулармен иық теңестіре алмайсың».** (Исра сүресі, 37 аят)

«Адамдарға паңсынып шертиме, жер бетінде кердеңдеп кетпе. Өйткені Аллаһ әспенсіген мақтаншақтарды ұнатпайды». (Лұқман сүресі, 18 аят)

Мынаны естен шығармау қажет, кішіпейілділік құл үшін жақсы қасиет болғанымен, Аллаһтың өзіне берген нығметтерін жоққа шығаруына жол ашпауы керек. Кішіпейілділіктегі ең маңызды мәселе – Ол берген нығметтердің қадірін білумен қатар, олардың шын иесінің Аллаһ Тағала екендігін ұмытпау. Мұны дінде **«тахдисү нығмет»**, яғни нығметтің Хақ Тағаладан келгенін біліп, шүкіршілік ету дейді. Бұл тәкаппарлық емес. Тәкаппарлық – нығметтерді өзіне тән деп білу. Қарунды нәпсінің шырмауына орап құрдымға әкеткен және соңында жердің түбіне батуына себеп болған осы менмендік еді. Міне сондықтан Хазіреті Мәуләнәның жоғарыда айтқан ақыл, қалау, кішіпейілділік, тәкаппарлық секілді сөздерін осы мағынада ұғыну қажет.

Мәснәуи: *«Бір патша басқа бір патшаны жеңетін болса оны өлтіреді немесе зынданға тастайды».*

«Дәл сол патша жаралы, бейшара бір адамды тауып алатын болса, оның жарасын таңып барлық жағдайын жасайды».

«Өзін артық санап патшалығына тәкаппарлану заһар болмағанда жеңген патша жеңіліп тұтқын болған патшаны ешқандай күнәсі болмаса да өлтірер ме еді?»

«Ол бейшара жаралы адам, оған қызмет жасап, құрмет көрсетпесе де неге оған жақсылық жасап жаны ашиды? Осы екі жағдайға қарап тәкаппарлықтың қандай улы заһар екенін аңғаруға болады». (IV т. 2750-2754)

Хазіреті Мәуләнәның жоғарыдағы келтірген мысалдары кішіпейіл және тәкаппар адамның шын пейілмен жасаған әрекеттерін көрсетеді. Шынымен де жаралы адамға оның кім екенін, жақсы не, жаман екенін білмей-ақ, барлық адам жәрдем береді. Өйткені оның мүшкіл халі оны көрген адамдардың мейірімділік, жәрдем ету сезімдерін оятады. Тәкаппар, өзін артық санайтын адамды көрген адамдарда басқаша сезім оянады. Ол адамдарда көре алмаушылық және бақталастық сезімі оянып бір-біріне күш көрсетуге дейін барады. Яғни кішіпейіл адам осы таптырмас қасиетінің арқасында әлсіздерге қол ұшын беріп, қиналғандарға демеу болады. Ал, тәкаппар адам бұл нығметін өз қолымен тегін беріп, құр қол қалады. Қысқасы кішіпейілділік пен әлсіздік Аллаһтың құзырында да, адамдардың арасында да мейірімділікті оятады.

Мәснәуи: *«Қызыр (аләйһиссәләм) залым адамдардың қолына түспесін деп кемені тесіп зақымдады».*

«Сынып қираған, дәрменсіз болған құтылатын болса, сен де қирап зақымдан, дәрменсіз бол. Азаттық пен амандық – тапшылықта. Қане сен де менмендіктен, «бармын» деген сезімнен құтылып, жоқтыққа қарай ұмтыл».

«Қойнауындағы рудада аз ғана алтын немесе күміс бар тау қазу, бұрғылау жұмыстарымен быт-шыт болады».

«Қылыш мойыны бар адамның мойынын кеседі. Көлеңке болса жерге жайылып жатады. Мойыны мен денесі болмағандықтан жараланбайды да кесілмейді». (IV т. 2756-2759)

Хазіреті Мәуләнә жоғарыдағы шумақтарында өркөкіректікті басқа тұстан түсіндіреді. Тәкаппарлар бойларында бар деп санаған қасиеттерін оңға-солға аяусыз шатып, қолданып басқалардың қызығушылығын туғызады. Осылайша олардың оған дұшпандығы оянады. Кең тараған мақалда:

«*Бұлбұл бәлені тілінен тапты*» делінеді. Яғни, бұлбұлдың әсем дауысы болмаса ешкім оны торға қамамас еді. Шынында да ешкім қарғаны торда ұстап асырамайды.

Бұл жерден шығатын мына мағынаны да айта кеткен жөн. Жақсы адамға бұл дүниеде дұшпан табылады. Тіпті ол пайғамбар секілді жақсылық пен қайырымдылықты ту қылып ұстайтын адам болса да.

Бұл шындықты шайыр былай тілге тиек етеді:

Лайықсыздар қарсы шығады лайықтыларға,
Әрбір Ахмедтің алдынан да Әбу Жәһілдер шығады.

Мәснәуи: «*Ей, дүние малы үшін зыр жүгірген, дүниеге табынған бейқам адам! Перғауынның бойындағы жаман қасиет толығымен сенде де бар. Сен де тәкаппарсың, сен де өзіңді артық санайсың, сен де мал-мүліктің, құмарлықтың соңынан қуудасың. Бірақ сенің айдаһарың яғни нәпсің әлсіреп,*

шамасыз қалған. Перғауын секілді қырып-жоя алмайды, қолынан еш нәрсе келмейді».

«Қандай өкініш! Бұл айтылған сөздердің барлығы сенің халің, сенің жағымсыз қасиеттерің. Ал, сен бұлардың барлығын Перғауынға жабасың».

«Егер сенің жаман әрекеттерің, жағымсыз қылықтарың жайлы айтылатын болса саған ұнамайды, естігің келмейді. Ал басқалар жайында айтылатын болса саған ертегі сияқты болады». (III т. 971-973)

Барлық адамда нәпсінің қалаулары мен руханият қатар болады. Себебі Хақ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

«Нәпсіге және оны жаратылыс мақсатына сай түрде бейнелеп, оған жамандық пен тақуалық қабілетін бергенге серт». (Шәмс сүресі, 7-8 аяттар)

Арамдық пен тақуалық үнемі адамды іштен түртіп бағыт беріп отырады. Сондықтан адамның бойында жақсылыққа бастайтын руханият пен жамандыққа бастайтын нәпсі арасында қақтығыс болып тұрады. Адам баласы нәпсісін толық жеңе білгенде періштеден артық, керісінше нәпсісінен жеңіліп оған толық мойынсұнған кезде хайуандардан да төмен (бәлһұм әдал) болатыны даусыз. Адам баласының періштеден артық болу себебі періштенің жақсылық жасап Аллаһқа бет бұруына нәпсі секілді кедергілер жоқ, ал адамның алдында өте мықты тосқауылдар бар. Адам осы тосқауылдарды бұзып, жақсылыққа бет бұрғаны үшін періштеден артық болады. Барлық адамның ішінде Перғауындыққа итермелейтін жасырын күш бар. Бірақ бәрінің мүмкіншіліктері, жағдайлары бірдей болмағандықтан, кейбірінде бұл күш әлсіз әрі қауқарсыз болса, енді бірінде өте мықты болып, одан әрі күшейіп отырады.

Хазіреті Мәулөнө осыны меңзей отырып, тарихтағы әйгілі Перғауынды айыптайтындарға өз нәпсілерінде де кішкентай перғауын бар екенін естерінен шығармауларын айтады. Бірақ бұл кішкентай перғауынның мүмкіншілігі тарихтағы әйгілі Перғауынның мүмкіншілігіндей ыңғайлы болмағандықтан сол күйінде қалған. Егер оның да мүмкіндігі туындайтын болса зұлымдық пен жамандықта негізгі Перғауыннан кем түспейді.

Осылайша Хазіреті Мәулөнө басқаларды айыптайтындар көбінесе бұл айыптан өздерін «пәк» деп ойлап, өз нәпсілерін алдайтындығын және бұл жағдайдың тәкаппарлықтан пайда болатындығын айтады.

Хазіреті Мәулөнө осы айтқандарын басқа бір шумағында былай қуаттайды:

«Тәкаппарлық және адамның өзін артық санау сезімі үнемі мансап пен мал-мүлікті қалайды. Себебі пеш тезекпен қызады.

Бұл екі азық яғни мансап пен мал-мүлік теріні қалыңдатып семіртеді. Ішіне май, ет, өркөкіректік пен менмендік толтырады».

Мәснәуи: *«Тәкаппарлық жолында алда жүріп жол бастайтын - Ібіліс. Өйткені мансап қақпанына алғаш түскен сол болатын».* (V т, 1950)

«Бұл індет Ібілістің індеті. Ібіліс менмендікке беріліп «Мен Адамнан да артықпын» деген еді. Негізінде бұл індет барлық жаратылыстың, барлық адамның нәпсісінде бар». (I т. 3216)

«Ей, менмендік ауруын кішіпейілділік пен сыпайылық пердесімен жапқан адам! Біреу сынау үшін сені ашуландырып, өршітіп, шағыстыратын болса, ішінде нәжісі бар су былғанып, нәжістің түсі суға шығады». (I т. 3218)

Жаратылғандардың ішінде тек адам мен жында ғана нәпсі бар. Шайтан да Аллаһқа қарсы келместен бұрын (кейбір риуаяттар бойынша) періштелерге ұстаз бола тұра, жындардың тегінен болғандықтан нәпсіге ие болатын. Сондықтан Хақ Тағаланың «Адамға сәжде қыл» деген әмірін періштелер қарсылықсыз орындап, шайтан Адам мен өзін салыстыра отырып, өзінің оттан, ал, Адамның топырақтан жаралғанын айтып, өзін Адамнан артық санап оған сәжде етуден бас тартты. Осылайша Аллаһқа қарсы келді. Аллаһ Тағала Шайтаннан:

«Қайсың артықсың» деп сұрамаған еді.

Одан сәжде қыл деген әміріне мойынсұнуын талап қылған еді. Ал шайтан болса Хақ Тағаланың бұл әміріне бағынғысы келмей, өзінше салыстырма жасады. Біз де Хақ Тағаланың нақты әмірлеріне бағынғымыз келмей басқа шарасын іздеп, шектеулі ақылымызбен бұл әмірлер мен тыйымдарды жоққа шығаруға әрекет етсек, шайтанның басына келген бәлекет пен қасіретке душар боламыз. Мысалы өсімқорлықпен айналысып «Мен осы арқылы байып, сосын қайыр-садақа беріп жақсылық жасағым келеді» дегендер секілді.

Жоғарыда айтқанымыздай нәпсінің кедергілерінен өте алмай иләһи әмірге алғаш қарсы келген шайтан болғандықтан, осыған ұқсас барлық әрекетке түрткі бол-ған тәкаппарлық шайтанға қатысты деп саналған. Яғни мұндай әрекеттер «шайтанның әрекеті» деп есептелген. Мәуләнә

тәкаппарланып Аллаһтан бет бұрғандарды шайтанның соңынан ергендер деп есептеген. Шайтанның осы әрекетіне сай әрекет еткендер шайтан секілді рақымнан қуылып қарғысқа ұшырайды.

Тәкаппарлықтың Әбігері

Менмендік пен өзі туралы «дау көтеру» болған жерде мансап пен атақ пұтқа айналады. Сөйтіп ол жерге ырыс-береке жаумайды. Өйткені менмендік пен өзі туралы «дау көтеру» рухани өмірдің індеті.

Тәкаппарлықтың әбігері

Бір тышқан алып түйенің бұйдасын қолына алып, даңдайсып бара жатты. Түйе өзінің жуастығымен, көндіккіш мінезімен онымен бірге жүре берді. Ал тышқан болса әліне қарамастан:

– Мен неткен балуанмын. Түйені көндіретін асқан жігіт екенмін ғой, - деп асқақтады.

Екеуі жүре-жүре бір өзеннің жағасына келді. Өзенді көрген тышқан не істерін білмей сасқалақтап тұрып қалды. Оның тәкаппарлығын аңғарып келе жатқан түйе байсалдылықпен:

– Ей, тау-таста, жазық жерде маған серік болған досым! Неге тұрып қалдың? Неге сасқалақтап абыржып тұрсың? Қане жігітше өзенге түс. Сен менің жолбастаушым емессің бе? Жарты жолда былай сасқалақтап қалу саған жараса ма? - деді.

Абыржып қатты қысылған тышқан тілі күрмеліп:

– Досым, бұл су өте үлкен әрі терең екен, батып кетем бе деп қорқамын,- деді. Сонда түйе суға түсіп:

– Ей, соқыр тышқан! Су тізеден келеді екен, қорықпай-ақ қой, - деді.

Шарасыз қалған тышқан әлсіздігін мойындап:

– Ей, кемеңгер түйе! Өзен саған құмырсқа, ал маған айдаһар секілді. Себебі тізелеріміздің арасында парық бар.

Менікіндей жүз тізені қосқанда сенің бір тізеңе әзер жетеді,- деді.

Осыдан соң ақылды түйе тышқанға мынадай:

– Олай болса, бұдан соң тағы да кібірлікке, менмендікке салынып астамшылық жасама, шамаңды біл. Саған шыдамдылық танытып, сыпайылық көрсеткеніме алданып есірме. Өйткені Аллаһ есіріп мақтанушыларды жақсы көрмейді... Енді бара бер. Сен өзің секілді тышқандармен күш сынас, - деп насихат айтты..

Мән жайды толық түсініп ұялған тышқан:

– Тәубе еттім. Бұл әрекетім үшін өкінемін. Аллаһ үшін мені мына алып судан өткізші, - деп өтінді. Сосын түйе тағы да мейірімділігі ұстап, оған жаны ашып:

– Қане, секіріп өркешіме мін де, отыра ғой. Бұл судан өту, әрі басқаларды да өткізу менің жұмысым. Менің міндетім сен секілді жүз мыңдаған әлсізге қызмет ету, - деді, содан соң тышқанды өзеннің арғы жағына өткізді.

Хазіреті Мәуләнәның Мәснәуиінде айтқан бұл мысалдағы тышқан қолынан келмейтін істерге жүгірген, өзін басқалардан артық санаған менменшіл адамның образы. Ал түйе болса сабырлы, тәжірибелі, көпті көрген кәміл адамның образы.

Хазіреті Мәуләнәның бұл хикаяны әңгімелеп бергендегі мақсаты осы арқылы ғибратты ой- пікірлер ұсынып, хикметті дәрістер беру еді. Әрбір сөйлемі сарқылмас қазынадай болған Хазіреті Пірдің өзі бұл хикаясынан мынадай дәріс береді:

«Ібіліс басында періштелердің арасында жоғары мәртебеге ие болып, өзін артық санауға дағдыланған еді.

Осы әдетіне байланысты дандайсып, Аллаһтың әмірінің ұлылығын есінен шығарды, Адам аләйһиссәләмды менсінбей төмен санады. Осылайша қарғысқа ұшырап, ең ауыр азапқа душар болды».

«Мынаны білгейсің! Мыс алтын болмайынша өзінің мыс екенін білмейді. Көңіл де рухани дәрежеге жетпейінше өз қателіктерін көрмейді. Өзінің бейшара екендігін білмейді. Ей, көңіл! Нәпсінің кібірлігі мен астамшылығынан құтылып сен де мыс сияқты эликсирге қызмет етіп алтынға айнал. Көңілдерді баурап алатын сүйіктіге қызмет ет».

«Ондай сүйіктілер ішкі жандүниесі руханиятқа өте бай жандар. Күн мен түн бір-бірінен ұялып қашатын болса, олар да дүниеден дәл солай қашып бас тартады».

Осы айтылғандардан мынаны ұғуға болады: «Менмендік» пен «дау көтеру» болған жерде мансап пен атақ пұтқа айналады. Сөйтіп ол жерге ырыс-береке де жаумайды. Өйткені менмендік пен «дау көтеру» рухани өмірдің індеті.

Менмендік пен дау көтерудің бастауы адамның Аллаһ-қа қарсы тәкаппарлануында. Яғни адамның шөл даладағы бір түйір құмға да татымайтындығына қарамастан бұл халін ұмытып, Аллаһтың аманат етіп берген біршама мүмкіндіктеріне сеніп өзін ұлық санап кібірленуі. Кібірлік шын мәнінде адамға өзін-өзі әлдеқайда қуатты, қабілетті етіп көрсетеді. Ал негізінде бүкіл жаратылыстың қолындағы күш-қуаттың барлығы Хақ Тағала берген күш-қуат емес пе? Мұны аңғара алмағандарға қандай өкінішті. Осы орайда Перғауын мен Нәмруд өздерін құдай санауға дейін барып, нәтижеде Аллаһтың қарғысына ұшырағаны мәлім.

Міне, сондықтан Аллаһ Тағала Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мен асхабына әсіресе ұлы жеңістерден

кейін үнемі кішіпейілділік пен берілулерін бұйырып, олардың менмендікке салынуларына кедергі болған еді. Исламның мүшріктер алдындағы ең алғашқы шайқасы болған Бәдірде Аллаһ Тағала мүминдердің ықыласына қарай алдымен мың, сосын үш мың, артынан бес мың періштені жәрдемге жібергенін баяндай отырып, артынан:

«...(Расулым! Бір уыс топырақты кәпірлерге**) атқанда сен атпадың, (**іс жүзінде**) Аллаһ атты»** (Әнфал сүресі, 17 аят) аятын түсірген еді.

Осы иләһи тәрбиенің арқасында Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мен асхаб кирамның халі жалпы үмметке мәңгілік өнеге болды. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Меккені жеңіп алған күні сол қаладан гөрі қала халқының жүрегін баурап алған еді. Сол қасиетті мекенге кіргенде де, жеңіске жетудің шаттығымен емес, шүкіршілік сезімімен түйесінің өркешіне жабысып, бейне бір сәждеге бас қойған халде кірген еді. Міне осы жағдайлардың барлығы бізге:

«Нәпсісін таныған Раббысын таниды» (Ажлуни, Кәшфүл Хафа II, 361) қағидасын үйретуде.

Өйткені, өзінің орынын біліп, өз жағдайын таныйтын құл соған қарай әрекет етеді. Яғни Жаратушысын және оның әмірлерін танып, ұғына отырып өмір сүреді. Жоғарыдағы мысалда айылған тышқанның түйенің алдында көкірек керуі оның өз жағдайын және шамасын білмегендігінен еді. Ол өзін таныганнан кейін түйенің күш-қуатын да таныды. Егер құмырсқа пілмен күресуге бел буатын болса, бұл да оның өз шамасын білмей, өзін танымағандығы болады. Міне, сол сияқты адам да Раббысына құлшылық жасамай тәкаппарлық пен менмендіктің шылауына шырмалатын

болса, бұл да оның өзін танымағандығынан және бейне бір соқыртеке ойынын ойнап жатқаны деген сөз. Сондықтан, біз үшін ең маңызды мәселе өзімізді тану, әрі сол арқылы Раббымызды тану.

Өзін танып білгендер еш уақытта тәкаппарлық жасап менмендікке салынбайды. Керісінше кішіпейілділігі одан сайын артады.

Өзін танып білген адамға мысал ретінде Хазіреті Хұсайнның басынан өткен мына оқиғаны айтуға болады:

Бір күні Хазіреті Хұсайн радиаллаһү анһү жолда кетіп бара жатып, нанның ұсағын жеп отырған жарлыларға кезігеді. Жарлылар:

– Ей, Аллаһтың құлы! Келе ғой төрлет, - деп шақырды.

Хазіреті Хұсайн радиаллаһү анһү тәкаппарлықтан аулақ және тәкаппарларға қаны қас адам болғандықтан дереу атынан түсіп, олардың жеген нәрсесін бірге жей бастайды. Тағамдары таусылған соң Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның сүйікті немересі:

– Мен сіздерге қонақ болдым, енді мен сіздерді қонаққа шақырамын. Біздің үйге жүріңіздер, - деп барлығын үйіне ертіп барып тамақтандырады.

Өзін-өзі танығандар үнемі шүкіршілікпен және Аллаһқа бас иген халде өмір сүреді.

Сөйтіп олар мәңгілік бақытқа дайындалады.

Өзін-өзі танығандар өмірлерінің соңына дейін Аллаһпен, Расулұллаһпен және мүминдермен дос болып өтеді.

Өзінің жаратылудағы мақсатынан хабарсыз жандар жоғарыдағы айтылған әсемдіктерден мақрұм қалады. Сағди Ширазидің айтқаны секілді:

«Өз ішінде пісте секілді дәмі бар деп ойлаған адам пияз секілді қатпар-қатпар қабық болып шығады...».

Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ мұндай адамдарға былай ескерту жасайды:

«Ей, бейқам адам! Сен пайғамбар емессің. Саған ғайыптан хабар да келмейді. Соңыңнан еретін адам да жоқ. Сондықтан өз орныңды біл. Асқақтап өз әліңді білмей, жоғарыға қарай өңмендеме. Жүрген ақиқат жолында да ұлы бір әулиенің соңынан ер. Сөйтіп бір күні нәпсіңнің шылауынан арылып, Хазіреті Юсуф пайғамбар секілді руханият сұлтаны боласың».

«Хақта фәни болып, Хақтың тілі бола алмадың. Олай болса құлақ салып мұқият тыңда. Бір нәрсе айтқың келсе де сұрақ іспеттес айт, сөйлеген сөзің бір нәрсе үйренуге жарасын. Сұлтандардың Сұлтанымен еш нәрсесі жоқ кембағал әрі мұқтаж секілді сөйлес».

«Тәкаппарлық пен өшпенділіктің бастауы – бүкіл нәпсілік құмарлықтарда. Әсіресе Қарун секілді байлыққа, дүниелік ләззатқа шектен тыс махаббат құруда. Мұндай шектен шыққан құмарлықтардың көңілге мықтап орнығуының себебі бұл нәрселерге құныға әдеттенуден».

«Жаман әдет дағдылану арқылы күшейіп орныққан соң, сені бұл әдеттен арылуға үгіттеген адамға ашуланасың. Кек сақтайсың. Пұтқа табынатындар да пұтқа табынуға дағдыланып оны бойларына әбден сіңдіргендіктен пұттың айналасына жиналады. Ол жолға тосқауыл болғандармен жауласады».

Тәкаппарлық жиркенішті хал. Сондай-ақ, тым аянышты да. Себебі мейірімділіктің өте көп тармағы бар. Бұлардың бірі әлсізге, кедейге, ғаріпке жанашырлық танытудан гөрі тәкаппарға, менменшілге жанашыр болу міндет. Себебі тәкаппар адам арсыз ұжданына еріп, нәпсісіне құл болып жүрегін қан жылатып, Аллаһқа құл болудан қалып, шайтанның соңынан ерген сорлы бейшара. Түркі халықтарының дана, әулиелерінің бірі болған Юнус Әміре бұл туралы былай деген:

Көңілдің татын жуған болсаң да,
Өркөкіректік пен кекті қуған болсаң да,
Иманың толық болмаса егер,
Ертен Хақтың назарынан тыс қаларсың.

Раббымыз бізді тәкаппарлықтан, менмендіктен, астамшылдықтан қорғасын. Нәпсімізді танып, өмірін Хаққа құлшылық жасаумен өткізген ізгілерден етсін.

Әмин!

Жүректегі Індет –
Әркөкіректік пен Ұжуб

Әркөкіректік – өзінен басқаларды менсінбей төмен санау. Ал ұжуб – өзін жоғары көтеріп басқалардан артық санау. Әркөкіректік пен ұжуб бір-бірінен айырылмайтын, екі жағымсыз әдет. Бұл екі дерт дүниеде сәтсіздікке, ал ахіретте илэни азапқа ұшыратады.

Жүректегі Індет –
Өркөкіректік пен Ұжуб

Хақ Тағала бұл дүниені сынақ әлемі ретінде жаратқан. Сондықтан адам баласына жақсылыққа да, жамандылыққа да бейімді қабілеттер берген. Олай болса әрбір адамның ішкі жандүниесі дұрыс пен бұрыстың, жақсылық пен жамандықтың арасындағы шайқас майданы. Аллаһ Тағала өз құлдарының бұл шайқаста жеңіп шығып, жәннатқа лайық бола алулары үшін оларға һидаят көсемдерін жәрдемге жіберді. Олардың ең басында пайғамбарлар тұрады.

Осындай ұлық иләһи жәрдем берілгенімен адамдардың басым бөлігі ғапылдықтан құтыла алмай өз жаратылыстарындағы нәпсіқұмарлықтарын арттыратын жолға түсті. Мұндай адамдардың бойында екі жағымсыз әдет бар. Олар – **өркөкіректік пен ұжуб.**

Өркөкіректік – өзінен басқаларды менсінбей төмен санау. Ал ұжуб – өзін жоғары көтеріп, басқалардан артық санау. Өркөкіректік пен ұжуб бір-бірінен айырылмайтын екі жағымсыз әдет. Бұл екі дерт дүниеде сәтсіздікке, ал ахіретте иләһи азапқа ұшыратады. Бұл жиіркенішті қасиеттер кісінің жүрегі мен көркем ахлағының арасына тартылған рухани тосқауыл.

Бойында тәкаппарлық пен ұжуб бар кісі өзге адамдарды төмен санау дертіне шалдыққандықтан өшпенділік, кек, өтірік айту, жала жабу және ашу-ыза секілді жаман

қасиеттер оны билеп, соңында рухын улайды. Бұған қоса бұларға қарама-қарсы кішіпейілділік, мейірімділік, адалдық, туралық, қанағат секілді барлық адамгершілік қасиеттерден өз бойындағы жағымсыз қасиеттердің мөлшерінде жұрдай болады. Өйткені, жәннәтқа кіруге кедергі болатын тозақтық ерекшеліктер адамгершілік қасиеттермен сыйыспайды.

Ардақты сахабалардан Хазіреті Жәбир радиаллаһу анһу былай түсіндіреді:

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның үйіне барып есік қақтым. Ардақты Пайғамбарымыз:

– *Ол кім?* - деп сұрады.

– Менмін, - деп жауап бердім.

Сонда Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Менмін, менмін*, - деп қайталады. Сөйтіп, менің берген жауабымды менсінбеген сыңай танытты. (Бұхари, Исти'зан 17)[10]

Данышпандардың сұлтаны Мәуләнә құддисә сирруһ бұл хадис шәрифті көңіл толғанысымен былай түсіндіреді:

«Бір кісі досының үйіне барып есік қақты. Досы үйдің ішінен:

– Ей, сенімді адам, сен кімсің, - деп сұрады.

Есік қаққан кісі:

– Менмін, - деген еді, досы:

– Олай болса бара бер, Сенің ішке кіретін уақытың әлі

10. Хадис ғалымдары бұл хадистің түсіндірмесінде мынаған да тоқталады: Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Хазіреті Жабирдің «мен» дегеніне разы болмады. Өйткені «мен» сөзінде менмендік, тәкаппарлық бар.

келмеген екен. Мұндай рухани нығмет дастарханында әлі толық жетілмеген шикі кісілер үшін орын жоқ, - деді.

Шикі кісіні айырылысу мен жалғыздық отынан басқа не пісіріп жетілдіре алады? Оны екі жүзділіктен не құтқара алады? Ол бейшара адам есіктің ауызынан қайтып, бір жыл бойы сапар шегумен болды. Досынан айырылысқандықтан күйіп жанды. Ол жанған ғашық жалғыздық отына пісіп, кері қайтты. Досының үйінің маңайын торуылдай бастады. Ауызынан сүйікті досының көңілін қалдыратындай сөз шықпасын деп, қатты уайымдап, барынша әдептілік сақтап жай ғана есікті қақты. Үйдің ішінен досы:

– Кім екен есікті қаққан? - деп сұрады.

Ол адам болса:

– Ей, көңілімнің ынтызары! Есік қаққан сенсің, - деп жауап берді.

Досы:

– Енді «сен» «мен» болған екенсің. Ей «мен» болған қане ішке кіре ғой. Бұл үй өте тар. Бұл үйде екі «мен» сыйатын жер жоқ. Инеден өткізетін жіптің ұшы екіге айырылып айыр болатын болса инеден өтпейді. Сен жалғыз екенсің, кел иненің тесігінен сен өт, - деді. (I т. 3056-3064)

Демек, ғашық сүйіктісінің күйіне өтіп, онымен бір күйге келмейінше шынайы дос бола алмайды. Сондықтан кемелдікке жетіп есіктің ауызына келген кісі:

– Кім ол? - деген сұраққа:

– Бір мен ғой, бірақ бастан-аяқ сенсің деп жауап беріп досымен халдес боларлықтай деңгейге жеткенін білдірді.

Хазіреті Мәуләнә сөзін былай жалғастырды:

«Ей, нәпсісіндегі менмендікті жойған кісі! Келе ғой ішке кір! Сен енді бақшадағы тікен емессің. Сен енді гүлдердің пірісің».

«Өз нәпсісін төмен санаған қандай бақытты. Өзін көкке көтеріп, артық санаған адамға да нендей өкінішті. Мынаны жадыңнан шығарма, кібірлік, яғни өзін басқалардан артық санау өте қауіпті умен тең. Ақымақтар осы улы шарапты ішіп мас болып, өздерін асқақ санайды.

Бейбақтар бұл улы шарапты ішіп алып аз ғана уақыт шаттықпен ойын-сауық құрады. Шаттанады, бірақ біраздан соң адамгершілікпен қоштасып масқара болады.

Ей, ақылды адам! Мынаны ұмытпағайсың! Қылыш мойыны бар адамның мойынын кеседі. Көлеңке болса жерге жайылып жатады. Мойыны мен денесі болмағандықтан жараланбайды да кесілмейді.

Ей, туралықтан тайған адам! Менмендікке, тәкаппарлыққа, өркөкіректікке салыну отынға от қойғанмен бірдей. Сен мұндай оттың үстінде қалай жүрсің, өзіңді қалайша отқа тастайсың? Мұқият көңіл бөліп қара. Жерде жайылып жатқан көлеңке атылған оққа нысана бола ала ма?

Жерден басын көтеріп, өзін көрсеткен, яғни даңдайсыған адам болса, ол сөзсіз атылған оққа нысана болады. Шарасыз оқтар оны шұрқ тесік қылып қорлайды».

Аят кәримәда былай айтылады:

«Адамдарды менсінбей олардан бет бұрма, әрі жер бетінде көкірек керіп жүрме. Өйткені Аллаһ менменсіген

мақтаншақты жақсы көрмейді. Жүргенде қарапайым жүріспен жүр және дауысыңды бәсеңдет». (Луқман сүресі, 18 аят)

«Жер жүзінде даңдайсып жүрме. Өйткені сен жерді әсте жара алмайсың әрі бой жағынан тауларға да жете алмайсың». (Исра сүресі, 37 аят)

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай деді:

«Жүрегінде тозаң түйіріндей иманы бар адам тозаққа кірмейді. Ал, жүрегінде тозаң түйіріндей тәкаппарлығы бар адам жұмаққа кірмейді». (Муслим, Иман 148-149)

Мәңгілік бақыт үшін жүректегі иманның қаншалықты қымбатты екенін және бұған қарсы адамның рухын улайтын тәкаппарлықтың ахиретте қаншалықты зарарлы екенін білдіретін Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің бұл сөзіне сахабалардың бірі:

– Уа, Расулаллаһ! Адам үстіндегі киімінің, аяқ киімінің әдемі болғанын қалайды ғой, - деген еді. Сонда Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Әрине, Аллаһ көркем. Көркемдікті те ұнатады. Өркөкіректік – (нығметті өзінен деп санап) Хақтан бас тарту және адамдарды менсінбеу» - деді. (Муслим, Иман 147; Термези, Бирр 61)

Сондай-ақ Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қатігез, дөрекі және сараң адамдармен бірге жүрген тәкаппар адамның да тозақтық екендігін білдіріп[11] былай деген:

11. Бұхари, Әйман 9; Муслим, Жәннәт 46.

«Киімін кібірлікпен жерге сүйретіп жүрген кісіге Аллаһ мәрхамат назарымен қарамайды». (Мүслим, Либәс 42)

Өркөкіректік пен ұжубтың қаншалықты ауыр күнә екендігін көрсететін басқа хадис шәрифтерде былай айтылады:

«Кезінде өзін артық санайтын бір адам әсем киімдерін киіп, шашын тарап, көкірек керіп жүрген еді. Аллаһ Тағала оны жердің түбіне батырды. Ол адам қияметке дейін жердің түбіне терең бойлап кете береді». (Бұхари, Әнбия 54; Мүслим, Либәс 49, 50)

«Жәннат пен жәһәннам айтысып қалды.

Сонда тозақ:

– Менде озбырлар мен тәкаппарлар бар, - деді.

Жәннат болса:

– Менде әлсіздер мен жарлылар бар, - деді.

Сол уақытта Аллаһ Тағала олардың арасындағы тартысты былай шешті:

– Ей, жәннат! Сен менің мархаматымсың. Қалағанымды сенімен Өз мейіріміме бөлеймін. Ей, тозақ! Сен болсаң Менің азабымсың. Қалағанымды сенімен азаптаймын. Мен екеуіңді де толтырамын». (Мүслим, Жәннәт 34)

«Кісі тәкаппарлана-тәкаппарлана соңында залымдардың тізіміне жазылады. Осылайша залымдарға берілген жаза оған беріледі». (Термези, Бирр 61)

Тәкаппарлық пен ұжубтың тарихы ібілістен басталып соңында опық жеген Нәмруд, Перғауын, Қарун және Әбу Жәһіл секілді небір ақымақтардың ғибрат аларлық аянышты өмірлеріне толы. Бұл бейшаралардың соңынан ергендердің саны есепсіз. Құран Кәрімде тәкаппарықтың алғаш өкілі ретінде ібіліс көрсетілген. Ол **«Адамға сәжде қыл»** деген әмірге қарсы шығып, соңында ол тәкаппарлығы оны күпірлікке жетеледі (Бақара сүресі, 34 аят). Аллаһ Тағала ібілістің бұл әрекетіне қарсы.

«…Тәкаппарландың ба, әлде шынымен де ұлыларданбысың?» (Сад сүресі, 75 аят) деп, оның сәжде қылмауының нағыз ұлылықпен ешқандай қатысы жоқ екендігін, тек өзін ұлық санаудан ғана туындағанын баяндаған.

Демек, **«менмендік»** руханияттың бір індеті. Ібіліс періштелерге ұстаз бола тұра менмендігінің кесірінен мәңгілік бақытсыздыққа душар болды.

Нәмруд Хазіреті Ибраһимнің «тәухид әрекетіне» тәкаппарлықпен қарсы шығып:

– Мен Ибраһим айтқан көктердің Раббысына соғыс жариялаймын, - деді. Осылайша өзін ұлық санап, айналасындағыларға мақтанып, құдіреті мен ұлылығын емес керісінше өзінің ақымақтығы мен барынша надан екендігін көрсетті.

Әбу Жәһил және сол сияқтылар ардақты Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның пайғамбарлығын жүректерімен қабылдағанымен, нәпсіге берілудің себебімен жоққа шығарған еді. Олар иман келтіріп басым бөлігі әлсіздер мен құлдардан тұратын сол кездегі мұсылмандардың қатарына қосылуды намыс санап, меңіреу адамша қасарысты. Олар:

«Бұл Құран екі қаладан ұлық бір кісіге түсірілсе болмас па еді?!» (Зұхруф сүресі, 31аят) деп тәкаппарланып менсінбеген еді.

Олар Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм әкелген бақыт жолын және болашақ жайында берген хабарларын алғыс айтып ризалықпен қарсы алудың орнына тәкаппарлықтарымен қасарысып, мазақ етіп, келемеждеп қорлықпен қарсыласты.

Перғауын да уәзірі Һаманға:

– Маған кірпіш күйдіріп биік мұнара тұрғыз. Мұсаның Раббысын байқап көрейін, - деп ақымақтық жасаған еді.

Мұндай ақымақтардың бірі өткен ғасырдағы орыс астронавты Гагарин:

– Мен аспанда Аллаһты көрмедім, - деп айтқан. Оның айтқаны сол Перғаундардағы ақымақтықты қайталаудан басқа нәрсе емес.

Көңілді иман нұрымен және көркем ахлақтық қасиеттермен безендіре білу үшін оны тәкаппарлық пен менмендіктен арылту қажет. Қайдан келгенін, ақыры барар жерін ойламастан өзіне сансыз нығмет пен мүмкіншілік сыйлаған Аллаһ Тағаланың әмірлеріне қарсы шығып, көкірек керу қандай қайғы мен қасірет, қандай бейшаралық? Тәкаппар патшаларды жердің түбіне батырып, залым Цезарьларды қатты дауылмен быт-шытын шығарып ойпылтойпыл қылған, перғауындарға азап теңізінің ортасында шарасыздық пен қауқарсыздықтың захарын таттырған кібірлік пен менендіктің қайғылы азаптарын естен шығармаған жөн.

Бұл дүние тіршілігі мен ахиреттегі осыншалықты кесірін тигізетін өркөкіректік пен ұжубты, өзге де жаман қасиеттер секілді (толығымен болмаса да) тәрбиелеу арқылы жоюға болады. Тек Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына қажетінше көңіл бөлетін болса, болғаны. Өйткені Исламда тек кібірлік пен ұжуб қана емес, осыған ұқсас барлық жағымсыз қасиеттерді жоятын және жағымды қасиеттерді онан сайын арттыратын ең кемелді іс-шаралар бар. Бұларды өмірде іске асыру үшін Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның өнегелі хал-жағдайынан, іс-әрекетінен тұрмыс-тіршілігінен үлгі алуымыз қажет. Яғни, Аллаһ разы болатындай өмір сүру үшін иләһи әмірлерді толық үйреніп, оларды іске асыру жолында қолдан келгенінше Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға еліктеп, барлық мүмкіндік пен күш қуатты Аллаһтың ризалығын алуға жұмсау қажет. Бұл істің сыртқы көрінісі. Бұған қоса рухани тарапы да бар. Ол дегеніміз – көркем ахлаққа ие болу үшін Хақ Тағалаға үнемі дұға қылып жалбарынып, харамдардан сақтану. Себебі харам азық пен әдепсіз іс-әрекет теріс әсер етіп, сана-сезімді улайды.

Бұған қоса руханиятынан нәр алу үшін ішкі жандүниесін арылдырып рухани дәрежелерге жеткен жандармен бірге болуға әрекет ету керек. Міне осы рухани нұсқаулар толық қолға алынған жағдайда жойылмайтын жаман әрекет жоқ. Ізгі де шыншыл жандармен бірге болу аса маңызды. Өйткені бір адамның халі екінші бір адамға жұғады. Адам жақсы көрген адамының жаман немесе жақсы қасиеттерінен өз үлесін алады. Сондықтан пенде кіммен жақын қарым-қатынаста болғандығына өте абай болуы қажет. Хақ Тағала аят кәримәда:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар» (Тәубе сүресі, 119 аят) - дейді.

Себебі шыншылдармен бірге болған кезде олардың рухани халдерінен нәр алуға мүмкіндік туындайды.

Сондай-ақ адамның жаратылысынан бар кібірлік сезімі екі жүзді пышақ секілді оны жақсылыққа да, жамандыққа да қолдануға икемді. Сондықтан ең дұрысы бұл дертті толығымен жойып жібермей, оны тәрбиелей отырып жақсылыққа бағыттау қажет.

Жаратылыстан бар кібірлік сезімін қолданудың дұрыс екенін, тіпті қажетті екенін көрсететін жағдайлар да бар. Оған мынаны мысалға ала аламыз: *«Тәкаппарға қарсы тәкаппарлық – садақа».* (Мүнәуи, Фәизүл Қадир IV, 366/5299)

Сондай-ақ, Исламға қарсы шыққан имансыз пасықтардан Исламның абыройы мен қадір-қасиетін қорғау үшін көрсетілген тәкаппарлық та дұрыс деп қабылданған. Бұл жаратылыстан бар сезім мұндай жағдайларда орынды, қисынды әрі дұрыс қолданылған болады. Сол уақытта оны **«уақар»** (салмақтылық пен айбындылық) деп атайды.

Уақар (салмақтылық пен айбындылық) да кішіпейілділік секілді көркем ахлақтан. Өйткені, Аллаһ Тағала разы болған құлдарының ерекшелігін аят кәримада былай білдіреді:

«(Ол ізгі құлдар) **жалған нәрсеге куәлік етпейді. Ал, бос сөзге жолығатын болса** (ол жерден) **айбындылық көрсетіп өте шығады».** (Фұрқан сүресі, 72 аят)

Кішіпейілділік көрсетілуі керек жерде тәкаппарлық көрсету жиіркенішті әрі жағымсыз қылық болып саналатын болса, көрсететін жерде айбындылық көрсетуге де рұқсат етілген. Тіпті қажетті болған жағдайларда кішіпейілділік көрсету де қорлану болып саналады.

Жаратылыстан бар барлық қасиеттерді лайықты дәрежесінде ұстап, оларды Исламның белгілеген деңгейінде қолдану қажет. Өмірді бір қалыпты, яғни біркелкі сүруді Ислам қабыл етпейді әрі қаламайды. Реті келгенде удың да шипасы тиеді.

Қорыта айтар болсақ, мәңгілік бақытқа жету үшін шексіз ғылым иесі Хақ Тағаланың әмірлеріне сай түрде өмір сүріп және сол әмірлердің қисынын ұғыну үшін асқан сезімталдық көрсету шарт.

Аллаһ Тағала иләһи қаһарды тартатын, жиіркенішті, жаман мінездерден аулақ болуымызды баршамызға нәсіп етсін. Бізді Исламның абыройы мен айбынына лайықты, Аллаһтың құдіреті мен ұлылығының алдында өз шамасын білетін, орынсыз мақтанудан аулақ қылсын және:

«Рахманның құлдары жер бетінде кішіпейілділік сақтап жүреді...» (Фұрқан сүресі, 63 аят) деген аятынан тиісті үлесін алған құлдардан жазсын.

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Ғапылдықтан Құтылу

Мәснәуи: *«Әлемдегі барлық нәрсе оның махаббатының тұтқыны болғандықтан иттің ыңқылдағаны Хақтың тартымдылығынан. Бір нәрсені қалағанға сол нәрсесіне жетуіне арада кедергілер болады. Мысалы, иттің міндеті үйді және отарды қорғау. Итке бұл міндеті кедергі болмағанда иттер де Аллаһтың тартылысына беріліп тауларға барып, Мәжнүн секілді Аллаһқа ғашық болар еді».*

«Асхаб Кәһфтің иті Аллаһтың тартылысына берілгендіктен өлексе жеуден құтылып сұлтандардың Сұлтанының дастарханының басына отырады».

«Сол ит Асхаб Кәһфпен дос болуды таңдап, олармен бірге болудан ләззат алғандықтан қияметке дейін үңгірдің ауызында итаяқсыз рахмет суын ішіп, мархамат тамағын жеп тұра береді».

«Сондай-ақ ит сияқты сырт көрінісі аянышты, ешқандай абырой-даңқы жоқ небір адамдар бар. Олар перде

артында Асхаб Кәһфтің итіне берілген махаббат ыдысынан ішеді».

«Балам, сол ыдысты қолға түсіру үшін жан бер. Нәпсімен шайқаспайынша, басқа түскен тауқыметке сабыр етпейінше ұлы мерейге қол жеткізу мүмкін емес».

«Бұл махаббат ыдысынан ішу үшін көрсетілген сабыр, тартылған тауқымет өте ауыр машахат болып есептелмейді. Сен де сабыр сақтап қиындыққа мойыма. Өйткені сабыр – қуаныш пен шаттықтың кілті».

«Бұл дүниенің тұзағынан, яғни денеге тән құмарлықтар мен қалауларға сабыр етпейінше, ауыртпалықтарға төзбейінше және мұқияттылықпен әрекет етпейінше ешкім құтыла алмайды. Өйткені сабыр – мұқияттылықтың қолы мен аяғы секілді». (III т. 207-213)

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм *«Кісі сүйіктісімен бірге болады»* (Бұхари, Әдәб 96; Мүслим, Бирр 165) деген. Махаббат пен одан туындаған бірлік бірге болған адаммен бірдей ахуалда болуды қажет етеді. Өйткені хал бір кісіден екінші кісіге өтеді және оның ағымы, жұғуы тек махаббат желісінде ғана іске асады.

Бұрынғылар «жүректен жүрекке жол бар» деуші еді. Бұл жол жүректен жүреке халдің өтуін қамтамасыз ететін махаббат жолы. Осыған орай жаман кісілерді жақсы көргендерге олардың жаман халі жұғатынындай, Аллаһтың сүйікті құлдарын жақсы көргендерге де сүйікті құлдардың халі жұғады. Мұны ұғыну үшін Асхаб Кәһф қиссасына мұқият көңіл аудару қажет. Олардың иті Қитмир тек сол ізгі құлдармен бірге болғандығы үшін ұлы мәртебеге лайық болды және жануарлардың арасынан жәннатқа кіру құрметіне

ие болды.[12] Аллаһтың ізгі құлдарымен бірге болу итті де жәннаттық қылған болса, адамдар мұндай кісілермен бірге болса, оларды қандай ұлы мәртебелер күтіп тұр десеңізші!.

Сағди Ширази қуддисә сирруһ Кәһф сүресіндегі Асхаб Кәһф қиссасын мысал ете отырып былай дейді:

«Бір ит ізгілермен бірге болғандықтан шыншыл болып Құранда аты қалды. Хазіреті Нух аләйһиссәләм мен Хазіреті Лут аләйһиссәләмның жұбайлары болса пасықтармен бірге болғандықтан күпірлікке түсіп, тозаққа жол тартты».

Шынымен де махаббатты да, дұшпандықты да лайықты болған адамына арнаған кісі табысқа жетеді. Ал, керісінше махаббатты да, дұшпандықты да лайықты болмаған адамға, сай болмаған адамға арнау кісіні бейшара, сорлы қылады. Бұл ақиқатқа жақсылап мән берер болсақ, адамның рухани тұрғыдан дамуы үшін Аллаһтың ізгі құлдарымен бірге болып, бірге жүрудің қажетті әрі маңызды іс екендігі айқын көрінеді. Әрі пайдасы да арналған махаббаттың дәрежесіндей болмақ. Сондай-ақ сүйіспеншіліксіз жай ғана бірге болу да (аз-маз пайда тигізсе де) көздеген мақсатқа жеткізбейді.

Қадірменді сахабалар Исламға дейінгі құнарсыз топыраққа ұқсаған ішкі рухани дүниелері Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның сұхбат мәжілістерінің рахмет және берекет нөсерлерімен нәрленді. Соның нәтижесінде кезінде жасырын жатқан теңдессіз қазыналар мен рухани тұқымдар жанданды. Көңілден көңілге даритын махаббат

12. Мұхаммен Бахауддин Нақшибәнд Абдулқадир Гәйләнидің кесенесін зиярат етіп келгенде, кесене есігінің маңдайшасына мына мағынадағы шумақтың жазылуын өтінген еді:
«Егер Хаққа жақын болғың келсе, арыстан болғаннан көрі Шах Абдулқадир Гәйланидің есігінің алдында ит болғаның абзал».

пен руханияттың көмегімен жұлдызды тұлғалар жетілді. Сөйтіп жәһилият (қараңғы) дәуірінің мархаматсыз, арұждансыз, қыз балаларын тірідей топыраққа көме алатындай тас жүрек, әділет пен құқықты білмейтін пендесі еріп жоқ болды. Кескін-келбеті бұрынғыдай, бірақ бұл жолы көңілі мен көзі жасқа толы, өзгенің қамын ойлайтын, сезімтал адамның тұлғасы пайда болды.

Бұл дүние адамдарды улап, өзіне қаратып, уақытын алып әуреге салады. Яғни, Аллаһты ұмыттырады.

«Дүние деген не?» сұрағына данышпандар: «Аллаһты ұмыттыратын барлық нәрсе» деп жауап берген. Бұл дүниеде әрбір жаратылыстың өз міндеті бар. Бұл міндеттің соңғы мақсаты ахіретте табысты болу. Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу aлəйһи уә сәлләмнан осы ойды меңзейтін мына хадис риуаят етілген: *«Бұл дүние – ахіреттің егістігі»* (Ажлуни, Кәшфұл Хафа I, 412). Яғни, адам баласы бұл дүниеде не ексе ахіретте соны орады.

Дүниенің қызықтырып, бейқамдыққа жетелейтін ерекшелігін діннің таразысына тартып, тепе-теңдігін белгілеу қажет. Бейқамдықтың қарсысы (антонимі) – сергектік. Мұны толығымен іске асырған уақытта өмір сүру мүмкін болмай қалады. Ондай уақытта тепе-теңдік бұзылып, адамдардың іс-әрекеттері ақылға қайшы келе бастайды.

Хазіреті Мәуләнәның жоғарыдағы шумағында айтпақ болған ғапылдығы (бейғамдық), түсінігі мен ой-өрісі төмен, атқаратын міндеті қарапайым иттің де бойынан кететін болса, ол Аллаһқа ғашық болып тауға кетіп, өзінің күзету міндетін атқармас еді. Ит осылай болатын болса, ғапылдықтан толық арылған адамның жағдайы қандай боларын ойлау керек.

Әзиз Махмуд Һұдайы адамдарды ғапылдықтан сергектікке шақырған бір өлең шумағында былай дейді:

Ояншы ғапылдықтан,
Бас тарт фәни ләззаттан.
Су іш кәусәр бұлақтан,
Тәухидқа кел, тәухидқа.

Олай болса ғапылдықтан құтылу үшін жүректі тазартып, нәпсіні дүние кірлерінен арылдырып, көңілден Аллаһтан өзге нәрселерді шығарып, табиғаттағы Аллаһтың құдіреті мен хикметтерін көкірек көзімен көре білу қажет. Мағрифатқа жеткен данагөйлер былай дейді:

«Ей мағрифатқа сапар шеккен жолаушы! Шыдамсыздықты сабырлылықпен, ұмытшақтықты зікірмен, опасыздықты шүкірмен, қарсылықты мойынсұнумен, сараңдықты жомарттықпен, күмәнді сеніммен, рияны ықыласпен, қателікті тәубемен, жалғанды тұралықпен, ғапылдықты ақылға салумен ауыстырмайынша бұл жолда алға қадам баса алмайсың».

Мәснәуи: *«Бейшара адам өзін қажетінше тани алмады. Өте алыстан, қасиетті жерден, әзәл (ежелгі, бастамасы жоқ) әлемінен келіп, бұл кемшілігі бар әлемге, кірленген дүниеге түсті».*

«Адам өзін арзанға сатты. Ол өте қымбат атлас мата секілді еді. Алды да өзін бір шапанға жамады». (III т. 1000-1001)

Хадис шәрифте «*Нәпсісін таныған Раббысын таниды*» делінген. Бұл мәлімдеме адамның өзін тануы, қадір-қасиетін білуі өте қиын мәселе екендігін білдіреді.

Шынымен де адамға халифатұллаһ болғаны үшін берілген қадір-қасиет толығымен байқалатын болса, жағымсыз қылықтарға ілтипат көрсетудің жиіркенішті әрекет екені оңай көрінеді және олардан аулақ тұрудың қажеті мен маңызы білінеді. Бірақ, адамдардың көпшілігі жаратылысындағы ұлылық пен қасиетті сезбегендіктен өзіне жарасатын және жараспайтын қылықтарды біле алмай, жиіркенішті әрекеттерге көп барып жатады. Осылайша төмендердің төменіне қарай құлдилайды.

Мәснәуи: *«Мұса аләйһиссәләм аса-таяғына қарап былай деді: «Не деген ақылға сыйымсыз нәрсе? Пайғамбарлығымыз біз үшін айдан анық, ал, дұшпандар үшін көрінбейтін қара түнек».*

«Перғауынның әскерлері күндіздің күннің сәске уақытындағы жарық сәулесіне толы екендігін неге көре алмайды?»

«Көздері ашық, құлақтары сақ әрі зерек бола тұра ақиқатты көрмейді әрі естімейді. Аллаһтың көздерді байлайтын күш–құдіретіне қайранмын».

«Мен олардың ғапылдығына таң қаламын. Олар да менің пайғамбарлығыма, Хаққа дағуат етуіме аң-таң. Олар көктемде өсіп шыққан тікендер. Ал мен болсам ол көктемнің шымымын, ақжұпарымын (жасмин)». (III т 1107-1110)

Өз бойындағы ұлылығы мен міндетін толық біле алмай, жүректерін қара дақ басқандар төбелеріндегі күннің де сәулесін көре алмайды. Өйткені араға ғапылдықтың қара пердесі тұтылған. Мұса аләйһиссәләм және өзге де пайғамбарлар күн секілді нұрлы болса да оларды аңғара алмау, нәпсі тосқауылдарының кесірінен өз өмірлерін

қара түнек қылған ғапылдардың басына түсетін қалыпты жағдай. Олар көрпелерін басына орап күндізді түн деп ойлап, әрі ол пайымдауларында қырсығып тұрып алатын көрсоқырлар секілді. Ақиқаттың олардың көңілдеріне қарай өзгермейтіндігінен хабарсыздар. Олардың бұл халін Аллаһтың тағдырынан деп білетін Хазіреті Мұса аләйһиссәләм ұлы Жаратушының ғапылдардың санасына перде тартуына қайран қалуда.

Оның құдіреті неге жетпейді дейсің. Бір түйір еттен тұратын көзге көру, жүрекке сезу, ал, миға ойлану секілді ғажайып қабілеттер беруі әрі оларға қарама қарсы ол мүшелерді көрсоқыр қылуы да Оның ақылға сыймас құдіреті.

Нәпсінің жағымсыз құмарлықтарын жоя білген адам – еркін әрі қуатты адам. Нәпсінің жамандығына, ашу-ызасы мен құмарлығына құл болған пенде адамға құл болғаннан да бетер надан.

Бағдат қаласына таяу жерде Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның көз нұры Хазіреті Хұсайн радиаллаһу анһуды шәһид еткен опасыз жексұрын:

– Мен бүгін дүниедегі ең қадірлі адамды өлтірдім, - деп өзінің нәпсісіне құл, әрі оңбаған қас надан екендігін көрсеткен.

Орта ғасырда жүрген жерін қан жылатып, сол дәуірдегі Ислам мемлекетінің астанасы Бағдатта төрт жүз мың мұсылманның қанын төккен әрі көз майын тауысып жазылған барлық сирек кездесетін өте құнды қолжазбаларды Тигр өзеніне ағызған Құлағу тарихтағы ең опасыз сорлы. Негізінде ол патша емес, нәпсісінің құлы еді.

Бір жағынан Бағдатта өмір сүрген Халлаж Мансур тым ауыр рухани тебіреністің нәтижесінде, өзіне ғана берілген сырды жайып, сол себептен адамдар оның халін түсінбей таспен атып жазалады. Халлаж Мансур жазаланып жатқанда да таспен атқылағандар үшін:

– Уа, Раббым! Менен бұрын маған тас атқандарды кешіргейсің, - деді. Ол бұл сөздерімен нәпсісінің тәуелділігінен құтылып, рухани кемелділікке жеткен адам екенін көрсеткен еді.

Мәснәуи: *«Ей, ғапыл адам! Хақ Тағаланың Құранда «Аллаһтың берген рызығынан жеңдер» деген аятындағы «рызықты» сен «хикмет» деп санамадың, нан деп ойладың».*

«Аллаһтың берген рызығы кісінің мәртебесіне, түсінігіне және сезу қабілетіне қарай хикмет және мағрипат болады. Жегеннен кейін ол тамағына тұрмайды, оны өлтірмейді».

«Тәнге қатысты ауызды тыйатын болсаң, сенде рухани бір ауыз ашылады да, сол ауызбен иләһи сырлар мен мағрипаттың азықтарын жейсің». (ІІІ т. 3745-3747)

Рызық жалпы адамның ойлағанындай тек қана ішілетін, желінетін нәрселер емес. Бұлар әрбір адам үшін белгілі бір мөлшерде белгіленген. Яғни өзіне белгіленгенді жеп таусыспайынша, ризығы бітпейінше ешбір адам өлмейді. Сондай-ақ иләһи тағдырмен белгіленген басқа нәрселер де осы жағдайда. Яғни көз мына фәнилік көріністерді қашанға дейін көре алады, құлақ қаншалықты дауыстар мен сөздерді ести алады. Ми телевизор экранының төменгі жағында жүгірген жазулар секілді үнсіз қаншалықты ой-пікір күгірте алады, жүрек осы секілді қандай сезімдерді таси алады. Осылардың

барлығы Аллаһтың ғылымында белгілі және олар да біздер үшін шектеулі. Рызық секілді олар да қолданылып тауысылмайынша өлім келмейді.

Демек, өзге несібелер де дәл рызық секілді шектеулі әрі мөлшері де белгілі. Бұлардың мөлшері мен шегі Аллаһтың тағдырымен белгіленеді. Сондықтан бұл ерекшелікті тек қана ішіп-жейтін нәрселерге қатысты деп ойлау санасыздықтың белгісі. Хазіреті Мәуләнә тағы да былай дейді:

«Тәнге аса мән беріп, оны тойдыруды көздеме. Себебі соңында ол топыраққа берілетін құрбандық. Сен көңіліңді бағып, тойдыр. Ұлылардың Ұлысына баратын және абырой-мәртебеге ие болатын – көңіл».

«Денеңе майлы, тәтті нәрселерді аз таттыр. Өйткені, оны қажетінен тыс бағып тойдырған адам нәпсінің құмарлығына беріліп, соңында масқара болады».

«Ішкі жандүниеңе рухани азықтар бер. Оған кең түсінік, сезімталдық және рухани қорек бер. Баратын жеріне мәңгілік жолаушы ретінде қуатты, бекем болып барсын».

Мәснәуи: *«Ей, құлпырған көктемнің әсемдігіне таң қалып, қайран болған адам! Сондай-ақ күздің сарғайып солғын тартқан күйіне қара».*

«Таң шапағы атқанда, әсем күннің шыққанын көргенде, кешке қарай оның өлімі болып саналатын батуын да есіңе ал».

«Адам да дәл осы жағдайды басынан өткізеді. Кәмілдігі де, сұлулығы да таусылады».

«Сүйкімді бір сәбидің тартымдылығымен халықтың сүйіктісіне айналғандығын көресің. Белгілі бір уақыттан соң

оның қартайып, бет-ауызын әжім басып, халыққа басқаша (жексұрын) көрінгенін тағы көресің».

«Егер өте көрікті, асқан сұлу саған қатты ұнап көзіңнің құртын жейтін болса, қартайғаннан соң қатпаралып әжімге айналған ол денеге тағы да қара».

«Ей, майлы, тәтті тағамдарға және керемет азықтарға тәнті болған адам! Тұр, әжетханаға барып олардың соңында не болғанын көр». (IV т. 1596-1601)

Бұл әлем Аллаһ Тағаланың өзіндік сипаттарының бейнесінің бір жерге жиналып бірігуімен пайда болған. Аллаһтан өзге барлық жаратылыс осы сипаттардың бейнесінің бір жерге жиналып бірігуімен бар болады. Бұл әлемде Аллаһтың зати бейнесі жоқ. Өйткені Хақ Тағала ондай бейнеге шыдап тұра алатын бір мекен жаратпаған.

Екіншіден иләһи сипат бейнелерінің жиынтығынан пайда болған жаратылыстар Аллаһтың **«Бәқа»** сипатынан мақрұм. Осы себептен ешқандай жаратылыста «Бәқа» яғни өлімсіз, мәңгілік болу мүмкіншілігі мен қуаты жоқ. Бұл дегеніміз барлық жаратылыс фәнилік, яғни ескіріп, тозып, жоқ болуға лайықты. Бұл шындық қасиетті аятта былай баяндалады:

«Жер бетіндегі барлық нәрсе жоқ болады (фәнилік)**».** (Рахман сүресі, 26 аят)

Фәнилік болған жаратылыстардың сипаттары да фәнилік. Сондықтан олардың барлығы өзгеруге және ескіруге лайықты. Ешбірі ешқандай жағдайда мәңгілік бола алмайды. Тек қана әр бірінің өмір сүру ұзақтығы әр түрлі болады. Сондықтан «барлық нәрсе өткінші» делінген. Бұдан шығатын мағына қарама-қайшы заңдылықтардан тұратын

бұл әлем әсемдігімен немесе ұнамсыздығымен болсын, жақсылығымен немесе жамандығымен болсын, молшылық, не тапшылықта болсын, кәмілдігімен немесе жойылуымен болсын бұлардың ешбірімен де мәңгілік бола алмайды. Өзгеріске ұшырау барлық жаратылыс үшін міндетті заңдылық. Хазіреті Мәуләнә жоғарыдағы шумағында осы ақиқатты жырлайды және де бір кісінің балалықтан қарттыққа қарай ілгерілеуіне, сондай-ақ бір азықтың өзгеріске ұшырауына да тоқталады.

Ғапылдықпен өткен өмір балалық шақта ойынмен, есейген шақты шәһуат-құмарлықпен, орта жаста ғапылдықпен, қартайған шақта қолдан кеткен нәрселерге қайрандықпен және сан соғып өкінумен өте шығады. Ауызы мен жүрегіне зікір алмайтын, мейірімділіктен жұрдай шарасыздың дертін естіп, сезінгісі келмейтін бағы жанбаған тәкаппардың қашқан өлімі аңдаусызда оған ор қазып күтуде. Ахиретті ұмытып ақтық деміне дейін алдамшы өмірдің өткінші ләззаты мен жылтыраған әсемдігіне алданып, одан бойын ала алмағандардың халі қандай өкінішті десеңізші?!

Бұл дүние сынақ пен тауқымет жұрты. Бір қарағанда иісі керемет, әсем әрі ләззатты болып көрінеді. Нәпсіні рахаттандырып сергітеді. Алайда бұл бір тұзақ, нәпсінің кедергілерінен өте алмағандарды жұтып қоятын асау иірім.

Мәснәуи: *«Ей, адам! Мына дүниеден бір-біріне қарама-қарсы екі дауыс шығады. Сенің жүрегің бұлардың қайсысын қабылдар екен?»*

«Ол дауыстардың бірі Аллаһқа жақындағандардың халі. Ал, екіншісі болса алданғандардың халі». (IV т. 1622-1623)

«Бұл дауыстың бірін қабыл еткеннен соң, екіншісін еш естімей қоясың».

«Өйткені, ғашық адам сүйіктісіне жат нәрселерді көргісі де, естігісі де келмейді». (IV т. 1626)

«Ей, Хақ жолының жолаушысы! Айнадағы соңғы бейнеге қара. Бір сұлудың қартайған шақтағы көріксіз кезін, бір ғимараттың қираған кезін ойлан да, айнадағы жалғанға алданба». (IV т. 1628)

Хазіреті Мәуләнә осы шумағында бұл әлемнің қарама-қайшы заңдылықтардан құралғанын әр түрлі мысалдармен түсіндіреді. Мұның себебі Хақ Тағаланың **«Жәмиұл Әздәд»** яғни қарама-қайшы ерекшеліктерге ие екендігінен. Жоғарыда айтылғанындай Аллаһтың сипаттарының бейнесімен пайда болған бұл әлемде де қарама-қайшылықтар басты нәрсе. Оларды жоя алмайсың. Негізінде адамның ақылы қарама-қарсысы жоқ нәрсені түсіне алмайды. Өйткені ол осылай қалыптастырылған. Әлем мен адамзат жамалдық (сұлулық, әдемілік) пен жалалдық (ұлылық, айбындылық) көріністерінің арнасы және қарама-қайшылықтардың көрмесі іспеттес. Өйткені, Ислам діні бойынша жауапкершілігі бар адамның түсінігі тек қарама-қайшылықты түсіне алған мөлшерде ғана деңгейге ие болады.

Қарама-қайшылық қаншалықты нақты болса, оны түсіну де соғұрлым анық болады. Қара тақтаның үстіне ақ және сұр екі жіп қойылатын болса, астындағы тақтамен қарама-қайшы болған ақ түс өте айқын көрінеді. Қарда жүрген ақ қоянды көзі өткірлер де көре алмауы мүмкін.

Ислам да құрған жүйесін, әлемдік көзқарасын түсіндіргенде осы шынайылыққа көңіл бөледі. Қарама-

қайшылықтарын ұсына отырып түсіндіреді. Жақсылық - жамандық, жәннат - жәһәннам, өмір - өлім сияқты.

Осы қарама-қайшылықтар адамның бойында һәм әлемде бір-бірін жеңіп, үстемдік құру, сондай-ақ екіншісін жою күресін жасауда. Адамның ішкі дүниесіндегі жамандық пен тақуалық секілді... Бұл күресте бірінің екіншісін жоюы мүмкін емес. Өйткені бір-біріне қарама-қайшы барлық нәрсе, негізі бұл әлемнің жаратушысында бар сипаттың сәуле ретіндегі шуағының бұл әлемге түсуі. Аллаһтың сипаттары мәңгілік болғандықтан бұл қарама-қайшылық көріністер де қияметке дейін жалғаса береді. Адамға ең жарасымды нәрсе өз бойында да, сыртқы әлемде де ақиқаттың бұрыстан және жақсылықтың жамандықтан үстем келуі үшін әрекет етуі. Бұл үшін ақиқат пен жақсылыққа құлақ салып, жамандық пен бұрыстан бет бұру қажет. Мұны іске асырған адам бақытқа жетеді. Діннің мақсаты да әрбір адамды осы жетістікке жеткізу. Бұл жайында қасиетті аятта да былай айтылады:

«Шынында да нәпсісін арылтқан адам құтылды. Ал, оны кірлеткен адам қор болды». (Шәмс сүресі, 9-10 аяттар)

Мәснәуи: *«Уақыты келгенде оңай айырыла білу үшін мал-мүлікке қатты берілме. Сонда ғана қиналмай бересің әрі сауап аласың. Сен сені мықтап ұстаған нәрсеге жабыс. Өйткені әуелгі де ақырғы да сол. Оны тапқың келсе көңіл кемесін батыратын барлық нәпсілік жүктерді лақтыр. Сонда барып мұратқа жетесің»*. (III т. 128, 129)

Дүние нығметтерінің ішінде жүрекке терең бойлап орнығатыны мал-мүлік пен бала-шаға. Сондықтан Хақ Тағала Құран Кәрімде бұл екі нығметті «фитнә» деп атаған.

Негізінде Аллаһ Тағаланың адам баласына сыйлаған бала-шаға, мал-мүлік секілді нығметтерінің барлығы аманат. Барлық нығмет Аллаһтан келді әрі Аллаһқа тән. Сондықтан көкірек көзі ояу данагөйлер Аллаһқа деген сезімдерін өлең жолымен былай білдірген әрі осы бағытпен жүрген:

«Алған Сенсің, берген Сенсің, қылған Сен,
Не берсең де Сенікі, бізде не бар».

Осы себептен олар құл ретінде Аллаһтың алдында еш нәрсе емес екендіктерін сезініп, қол жеткізген нығметтерін олардың негізгі иесі Аллаһтан қызғанудан барынша сақсынған.

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм болашақта үмметінің басына келетін фитнә жайында былай дейді:

«Барлық үмметтің бір фитнәсі бар. Менің үмметімнің фитнәсі мал-мүлік». (Термези, Зүһд 26)

Дүниесін бос нәрселерге шашқан немесе адамдардың ақысын бермей, оны өздері жеген адамдар Аллаһтың берген нығметтерін жоғалтқанмен тең. Хақ Тағала осылай ғапылдыққа түскен адамдардың ахіреттегі аянышты жағдайын аят кәримәда:

«...Алтын мен күміс жиып оны Аллаһ жолында жұмсамағандарды күйзелтуші азаппен сүйіншіле. Қиямет күнінде (бұл атын, күміс) **тозақ отына қыздырылып, мұнымен олардың маңдайлары, бүйірлері және арқалары таңбаланып** (оларға)**: Міне бұл өздерің үшін жинаған дүниелерің, енді жинаған нәрселеріңнің азабын татыңдар** (делінеді)**».** (Тәубе сүресі, 34-35 аяттар)

Шәйх Сағдидің дүние қоңыздыққа салынған сараңдарға жасаған мына ескертуі қандай ғибратты десеңізші:

«Ақша жиып мәртебеге жетемін деп ойлама. Тұрып қалған су сасып, соңында құрғайды. Оны таратып, ағызуға тырыс. Ағын суға көк жүзі де жәрдем етеді. Жаңбыр жаудырады, сел жібереді, сөйтіп оны дария қылады».

Олай болса нағыз өнер – көңілді жомарттықпен, өзгенің қамын ойлаумен дарияға айналдырып, Хақтың сыйлаған нығметтерін ахірет байлығына айналдыру. Сондықтан мал-мүліктің қайырлысы иесінен бұрын ахіретке жіберілген мал-мүлік. Жанның қайырлысы да Аллаһтың ризашылығы үшін пида етілген жан.

Қадірменді сахабалар бұл өмірді ахірет бақытына жеткізетін қор іспетті пайдаланып, кедейліктен қорықпай, мал-мүлкін Аллаһ жолында сарып еткен еді. Біз де ахіретімізді ойлап олардың бұл ерекшелігінен нәсіп ала аламыз ба екен, деп шаттанып та, қызығып та ұмтылуымыз қажет. Хадис шәрифте быдай айтылады:

«Кімде-кім ахірет туралы алаңдайтын болса, Аллаһ оның жүрегіне байлықты орнықтырады. Ісін алға бастырып, дүние оған бас иіп келеді. Ал, егер кімде-кім дүние үшін алаңдайтын болса, Аллаһ кедейлікті оның көз алдына қояды. Оны әуре-сарсаңға салады әрі дүниеден өзіне жазылғаны ғана беріледі». (Термези, Сифатұл Қиямә 30)

Хазіреті Мәуләнә мал-мүлікке деген махаббаттың жүрекке мықтап орнығып, Хақ Тағаладан алшақтаудың қауіп-қатерлерін осылай білдіреді.

Ең дұрысы барлық нығметке «аманат» көзімен қарау. Осылай болатын болса одан айырылу айтарлықтай қиын болмайды.

Жүрек – Аллаһ назар салатын жер. Ол жерге мал-мүлікке немесе бала-шағаға деген махаббатты кіргізу бұл

екі нәрсені пұтқа айналдыру деген сөз. Бұл шынайы иманға қарама-қайшы әрекет болғандықтан, дүниені ахіретте табысқа жеткізетін құрал болудан шығарады. Ал мұның нәтижесі дүниеде қорлық, ахіретте болса, қайға-қасірет. Яғни екі дүниенің де бейбақтығы.

Ғапылдықтан Құтылу

Ғапылдықтан аулақ болу үшін үнемі зікір ету қажет. Яғни, Раббымызды еш уақытта ұмытпауымыз тиіс. Себебі адам Хақ Тағаланы естен шығарған кезде күнәға батады.

Ғапылдықтан Құтылу

Хақ Тағала адамды жақсылыққа да, жамандыққа да бейімді етіп жаратқан және жаратылыстың ішінде құлшылыққа жындармен қоса тек оны ғана жауапты етіп жаратқан.

Оның болмысын жақсылыққа да, жамандыққа да епті қылып дүниедегі рахатқа, ахіреттегі бақытқа жетуін ішкі жандүниесінің жаман іс атаулысының бәрінен арылуына тәуелді қылған. Ішкі дүниені арылдырудың маңызды әрі өте қиын екендігі Шәмс сүресінің алғашқы аяттарында он бір рет қайталанған антпен қуатталып баяндалған. Қасиетті аятта былай айтылады:

«...Нәпсіге және оған біршама қабілеттер беріп, оған жамандық пен тақуалық қабілетін (қасиетін) **бергенге серт. Шынында нәпсісін жамандықтардан арылтқан адам құтылды. Ал, оны жамандықтармен кірлеткен адам қор болды».** (Шәмс сүресі, 7-10 аяттар)

Жамандық – нәпсіқұмарлықтың құлы, тұтқыны болу. Ал, тақуалық болса – жүректі Аллаһтан өзге нәрселерден қорғап, Аллаһқа жақындау үшін әрекет ету. Бұл қарама-қарсы екі ерекшеліктің құралдары да бірдей: ақыл, сана, мал-мүлік, мансап, бала-шаға т.б.

Хақ Тағалаға жақындай түсу үшін қолданылуы қажет бұл құралдарды нәпсіқұмарлыққа қарай жұмсап, рухани әлем уланатын болса, пенденің қолындағы жалғыз мүмкіншілік болған «өмір» деген нығмет зая кеткен болады. Сөйтіп, пенде екі дүниенің де бақытсызы болып шыға келеді.

Ібліс жәннаттан қуылғаннан кейін қияметке дейін аман қалып, адамзатты жамандыққа бағыттау үшін Хақ Тағалағадан рұқсат сұрады. Раббымыз да оған сынақ дәрісханасы болған бұл дүниеде өз қалауын орындауға еркіндік берді. Бұл жағдай аят кәримада былай баяндалады:

«(Ібліс) **Ендеше мені қудалағаның үшін ант етейін, мен де оларды** (азғыру үшін) **сенің тура жолыңда отырып аламын. Сонан соң олардың алдынан, артынан, оң жағынан және сол жағынан келіп тиісемін. Сен олардың көпшілігін өзіңе шүкіршілік етпегендерден табасың - деді».** (А'раф сүресі, 16-17 аяттар)

Аллаһқа баратын **«сиратү мүстақимның»** (тура жолдың) үстіне отырып алып, адамдарды жаманшылыққа бастайтын және оларға күнәларды көркем етіп көрсететін шайтанның ықыласты жандарға ешқандай зиян тигізе алмайтыны қасиетті аятта былай баяндалады:

«(Ібіліс: адамдардың барлығын аздырамын) **Тек сенің ықыласты құлдарыңды** (адастыра алмаймын, - деді)**».** (Хижр сүресі, 40 аят)

Аллаһ Тағала да:

«Сөзсіз менің (ықыласты) **құлдарыма сенің ықпалың жүрмейді. Тек саған ерген азғындар ғана бөлек».** (Хижр сүресі, 42 аят)

Ұлы Раббымыз малғұн шайтанның азғыруына берілмеуіміз үшін бізге былай ескерту жасайды:

«...Сақ болыңдар, азғырушы шайтан сендерді Аллаһтың мейірімділігіне сендіріп алмасын». (Лұқман сүресі, 33 аят)

Хазіреті Мәулөнә шайтанның айласы мен азғыруына көніп және нәпсісіне беріліп ғибадаты мен іс-әрекетінде зиянға ұшыраған адамның халін ғибратты хикаясымен былай түсіндіреді:

«Шұғайб аләйһиссәләмның кезеңінде бір кісі: Аллаһ менің көптеген айыбым мен күнәларымды көрсе де Өзінің кеңшілігімен және мейірімдірігімен менің кемшіліктерімді есептемеді, - дейтін».

Шұғайб аләйһиссәләм Аллаһ Тағаладан келген уахи арқылы сол кісіге қатты ескерту жасап мына насихатты айтты:

«Мен осыншама күнә жасасам да Аллаһ кеңшілігімен мені жауапты қылмады әрі жазаға тартпады дейсің. Ей, ақылсыз адам! Ей, тура жолдан бас тартып шөлге қарай бет бұрған адам! Аллаһ сені қаншама рет жазалады, бірақ сенің еш хабарың жоқ. Басыңнан аяғыңа дейін ғапылдыққа батқандықтан санасыз көр болдың. Сен нәпсіңнің қалауларына, сезімдеріңе құл болғаныңды байқамайсың.

Ей, қап-қара қазан секілді надан! Қап-қара күйеге, майға былғанғансың. Бұлар сенің ішкі дүниеңді қарайтты. Сенің көңіліңді тат басқан, көкірек көзің жабылған, иләһи сырлар мен араңа перде тартылған, жүрегің көрмес көр соқыр болған.

Барлық нәрсе өзіне қарама-қарсы болған нәрсе арқылы жақсы байқалады әрі анық көрінеді. Қара күйе тап-таза қалайы қазанның үстінен анық көрінеді. Бірақ қазан түтін тиіп қарайғаннан кейін оның үстіндегі қара дақ жоғалғандай болып, оны ешкім байқай алмайды. Сол секілді қара нәсілді адам темір ұстасы болатын болса түтін оның бет-ауызына

дақ түсірмейді. Ал, ақ нәсілді адам темір ұстасы болатын болса, түтіннен оның бет ауызы қап-қара болады.

Ішкі жандүниесі кірленбеген кіршіксіз мүмин күнә жасайтын болса, оны бірден аңғарып Аллаһқа жалбарынып жылай бастайды. Ал, күнә істеуден тартынбайтын пенде жүрек көзін топырақпен толтырғандай. Істеген күнәсін көрмейді, жан азабын да сезінбейді. Тәубе ету оның ойына кіріп те шықпайды. Күнә оның көңіліне әсем әуен секілді жағады. Ол адам өзі аңғармастан иманынан қол үзеді. Өкініш сезімі, «Уа, Раббым» деп жалбарыну оның бойынан кетеді, көңіл айнасын қабат-қабат тат басады. Оның қарайып қатып қалған жүрегін тат жей бастайды.

Жазуды ақ қағазға жазатын болсаң, ол анық оқылады. Ал, жазуы бар қағаздың үстіне тағы да жазар болсаң, жазған жазуың түсініксіз шимай болады. Оны оқу өте қиын болады әрі қате оқылады. Себебі қара сия бір-біріне араласқан соң екі жазу да түсініксіз болып мағынасы қалмайды. Егер ол қағазға үшінші рет жазу жазар болсаң, оны кәпірдің жүрегі секілді қап-қара қыласың.

Олай болса барлық шарасыздықтың шарасы болған Аллаһқа сыйынудан басқа не қалды? Сондықтан мейірімді де рақымды Раббыларыңнан һидаят сұраңдар. Сонда барып дауасыз дерттен, яғни жүрегіңіздің қарайып тат басуынан аман боласыңдар»..

Шұғайб аләйһиссәләм жүректі елжіреткен өте әсерлі сөздерінен кейін әлгі кісі Аллаһқа жалбарыну ниетімен:

Менің бұл аңғармаған күнәларым үшін, Аллаһтың жазасына лайық болғандығымның белгісі не? – деп сұрады.

Осыған орай Хақ Тағала Шұғайб пайғамбарға былай уахи етті:

– Мен күнәлар мен қылмыстарды жасырамын, сырларды жаймаймын, бірақ оның бәлеге ұшырағандығының ең айқын белгісі мынау:

«Ол құлдық міндетін атқарады. Ораза ұстайды, намаз оқиды, зекет береді және басқа да қайырлы істер істейді. Бірақ бұлардың еш бірінен титтей де рухани ләззат ала алмайды.

Ғибадатының сыртқы көрінісі тамаша, құлшылығы керемет, бірақ руханияты әлсіреген, жүрегі мен денесі бір-біріне сай келмейді. Жаңғақтың сырты бүтін болғанымен іші бос болады.

Иман мен ғибадаттың ләззатын тату үшін көңілдің рухани мәртебелерге жетуі керек. Тұқымның өсіп-өнуі үшін іші толы, құнарлы болуы қажет. Іші бос тұқым өне ме? Жансыз сурет жай ғана бейне емес пе?»

Шұғайб аләйһиссәләм әлгі ғапыл адамға осы рухани насихаттарымен ескерту жасады. Оның көңілінде пайғамбардың айтқан рухани насихатынан үміт оты қайта жанып, бүршік атты. Жалбарынып, жүрегін Хаққа бұрды...»

Мейірімділердің ең мейірімдісі болған ұлы Аллаһ құлдарына халим (өте жұмсақ), ғафур (аса кешірімді) сипатымен қарап, олардың қателіктерінің жазасын дереу бермейді. Оны белгілі бір уақытқа дейін кешіктіреді. Есі шыққан әлгі адам болса бұл ақиқаттан бейхабар еді. Аят кәримада бұл шындық былай баяндалады:

«Егер Аллаһ адамдарды істеген күнәлары үшін (дереу) **жазалайтын болса, жер жүзінде бірде-бір адам қалдырмас еді. Бірақ Аллаһ олардың жазасын белгілі бір мерзімге**

дейін кешіктіреді. Ол мерзімі келген сәтте оларды жазалайды. Себебі Аллаһ құлдарын көруші». (Фатыр сүресі, 45 аят)

Осындай рухани кеселге ұшыраған бақытсыз жандар күнәларын елемеумен қатар істеген істерін жақсы әрі қайырлы деп есептеп, ахіретте оңды нәтижеге қол жеткіземін деп ойлайды. Алайда істеген амалдарын осылайша бейқамдықпен орындаған адамдардың ахіреттегі жан түршігерлік жағдайынан Хақ Тағала былай хабар береді:

«Айт: Сендерге амалдары зая кеткендерді білдірейін бе? Олар жақсы әрекет жасадық деп ойласа да, дүниедегі әрекеттері босқа кеткен адамдар». (Кәһф сүресі, 103-104 аяттар)

Міне, сондықтан мү'миндер әрбір әрекетін ықыласпен орындаумен қатар, істеген амалдарының зая кетуінен барынша қорқады. Сондықтан кішігірім қателіктерін үлкен санайды. Ал ғапылдар болса керісінше істеген күнәлары қаншалықты үлкен болса да, оны елемейді.

Абдұллаһ бин Мәсуд радиаллаһү анһү былай деген:

«Мү'мин өз күнәсін өзі түбінде отырып, кез-келген сәтте үстіне құлап қалатын таудай көреді. Бұл тау үстіме құлап кетер ме екен деп қорқумен болады. Ал, пасық болса өз күнәсін, мұрнының үстінен ұшып өткен шыбын секілді көреді».

Ибн Мәсуд радиаллаһү анһү осыны айтқаннан кейін міне былай деп қолымен мұрнындағы шыбынды қуғандай көрсетті. (Бұхари, Дәауат 4; Мүслим, Тәубе 3/2744)

Бірде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Айша анамызға былай деген еді:

«Ей, Айша! Еленбейтін кішкене күнәлардан да сақтан. Өйткені Аллаһтың қасында оларды бақылап, жазып отырған (періште) бар». (Ибн Мәжә, Зүһд 29; Дәріми, Риқақ 17)

Қазіргі таңда адамдардың онша елей бермейтін ғапылдықтарының бірі, Аллаһтың құлдарын төмен санап менсінбеуі. Менсінбеушіліктің бір нәтижесі ғайбаттау. Адам біреуді ғайбаттағанда оны төмен түсіріп өзін артық санайды. Осылайша ол адам нәпсінің кібірлігі мен құмарлықтарына жол беріп, нәпсісін семіртеді. Ал, ол болса жазасы қияметке қалған құл ақысы болып есептеледі.

Алайда, Аллаһ Тағала ешбір құлының қорлануына разылық білдірмейді әрі мұны үлкен күнәлардан деп есептеп былай дейді:

«Мазақ етіп қорлаушыларға, өсекшілерге қандай өкініш». (Һүмәзә сүресі, 1 аят)

Бұл сүренің кейінгі аяттарында болса, мұндай сорлыларды **«хүтамаға»** яғни тозаққа тастайтындығын білдіріледі.

Көңілді солдырып ғапылдыққа түсіретін және ғибадаттың рухани байлығынан мақрұм қалдыратын нәрселердің бірі де дүние-мүлікке деген сүйіспеншілік және дүние жинау сезімі. Адамның бұл тұрғыдағы әлсіздігін Ұлы Раббымыз былай баяндайды:

«Адам деген сондай, қашан Раббысы оны сынап сыйлы-абыройлы етсе және жарылқаса, ол «Раббым мені сыйлы-абыройлы етті» дейді. Ал, Раббы оны сынап, рызығын тапшы қылса, «Раббым мені қор қылды» дейді. Жоқ олай емес. Сендер (Аллаһтың өздеріңе деген сыйы жалғаса берсін дейсіңдер, бірақ өздерің) **жетімді**

мүсіркемейсің. Міскіндерге тамақ беруге (бір-біріңді) **жебемейсіңдер. Мұраға** (халал харам демей)**, жей бересіңдер. Өйткені мал-мүлікке деген құмарлықтарың өз бойларыңды жаулап алған».** (Фәжр сүресі 15-20 аяттар)

Лұқман Хакім ғапылдыққа салынбау үшін ұлына мына насихатты айтқан:

«Ұлым! Бұл дүние – түпсіз терең мұхит. Көкірегі ояу емес ғалымдар мен көпшілік ғапылдыққа салынып осында құрып кетті. Толық қанағаттанған жүрекпен Аллаһқа иман келтіру – сенің бұл мұхиттағы кемең болсын. Тақуалық пен ғибадат – кемеңнің құрал-сайманы болсын. Тәуекелділік – мұхитта кемеңнің жүруіне жәрдем еткен желкен болсын. Бәлкім тек осылай ғана құтыларсың». (Бәйхақи, Китабүз Зүһд 73)

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм жүректің күнәлармен кірленіп қараюын былай түсіндіреді:

«Адам бір қателік жасаған кезде оның жүрегіне қара дақ түседі. Егер күнәдан бас тартып истиғфар және тәубе ететін болса, жүрегі тазаланып жалтырайды. Ал, бұлай етпей қайтадан қателіктерін жалғастыратын болса, қара дақ үлкейіп соңында бүкіл жүрегін басады». (Термези, Тәфсир 83; Ибн Мәжә, Зүһд 29)

Бірде әлемдердің Мырзасы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Темірді тат басқаны секілді жүректі де тат басады, - деген болатын.*

– *Уа, Расулаллаһ! Оны не нәрсе жылтыратады? - деп сұрағанда:*

– *Аллаһтың кітабын өте көп оқу және Аллаһты өте көп зікір ету, - деп жауап берді.* (Әли әл-Мүттақи, Кәнзул Үммәл II, 241)

Хақ Тағала сүйікті және разы болған тақуа құлдарынан хабар бергенде, олардың күнәларынан дереу тәубе ететіндігін және күнә жасауда қасарыспайтындығын былай баяндайды:

«Олар арсыздық жасағанда немесе нәпсілеріне зұлымдық қылған кезде Аллаһты естеріне алып, дер кезінде күнәларын жарылқауын тілейді. Аллаһтан басқа күнәларды кім жарылқайды? Сондай-ақ олар біле тұра істегендеріне (күнәларына) **қасарыспайды».** (Әлү Имран сүресі, 135 аят)

Ғапылдықтан аулақ болу үшін үнемі зікір ету қажет. Яғни, Раббымызды еш уақытта естен шығармауымыз зәрулік жағдай. Шынымен де адам Хақ Тағаланы ұмытқан кезде күнәға барады. Біле тұра немесе білместікпен істелінген күнәлар, не болмаса ғапылдықпен істелінген қателіктер, руханияттың орталығы болған жүрекке рухани тат түсіреді. Осылайша жүрек көр болып, жасалған ғибадаттардан ләззат алынбайды. Мұндай дертке шалдыққан адам, ұйқыға беріліп таң сәрісін өткізіп алады. Осы ғапылдықтың нәтижесінде қателіктерін көрмеумен қатар қолдарын жайып **«Уа Раббым, уа Раббым»** деп жалбарынып, жарылқау тілеуден де қалады.

Осы себептен Хақ Тағала Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға және Ол арқылы бүкіл мү'миндерге үнемі зікір етуді бұйырады. Әрі бір сәт болса да бұдан қол үзбеулерін ұсынады:

«Ертелі-кеш ішіңнен жалбарынып, қорыққан халде бәсең дауыспен Раббыңды зікір ет және қаперсіздерден болма». (А'раф сүресі, 205 аят)

Адам өмір барысында алған кейбір рухани жарахаттарын дер кезінде тәубе дәрісімен емдеп, ықыласты болуы қажет. Себебі Хақ Тағала құлдарынан тек өзінің ризалығын алу мақсатымен ықыласты халде амал жасауын қалаған. Ғибадаттың рухани ләззатына тек осы жол арқылы жетуге болады. Қасиетті аятта былай делінеді:

«(Расулым!) **Расында саған бұл Кітапты шындықпен түсірдік. Олай болса сен де дінді нағыз Аллаһқа арнап құлшылық қыл».** (Зүмәр сүресі. 2 аят)

Олай болса жасалған ғибадаттардың пайдалы болуы үшін оларды ықыласпен, шынайы сезіммен және тақуалықпен, яғни дене мен жүректің үйлесімділігімен орындау қажет. Ықылассыз ғибадат – рухсыз сурет, жеміссіз ағаш және өзегі шіріген дән секілді. Жасалған ғибадаттардың рухани ләззатын жоятын ең басты себеп – харам және күмәнді азықтар. Құл бұдан қаншалықты сақтанатын болса, көңіліндегі иман да соншалықты артады және ғибадаттардан нәр алады. Осы жайында мынадай хикая бар:

Хазіреті Ибраһим Әтһәм былай түсіндіреді:

Бір күні **Бәйтүл Мақдис** мешітінде ши тоқыманың үстінде жатыр едім. Түн ортасы болғанда мештіттің есгі ашылып ішіне бір пір кіріп келді. Екі рәкәғат намаз оқып болған соң, айналып арқасын михрабқа беріп отырды. Ол жерге тағы да қырық кісі келді. Араларынан біреуі:

– Мұнда біреу жатыр, - деді. Пір күлімсіреп:

– Ол Ибраһим Әтһәм ғой. Қырық күннен бері оқыған намазынан ләззат ала алмай жүр, - деді. Осы сөзді естіген соң шыдай алмай пірдің алдына бардым. Сәлем беріп:

– Аллаһ үшін айтыңызшы, менің мұндай болуымның себебі неде? – деп сұрадым. Ол:

– Пәлен күні Басрада құрма сатып алған болатынсың. Жерге түскен құрмаларды байқаусызда өзімдікі деп ойлап дорбаңа салып алдың. Ал, негізінде олар сатушынікі еді. Осы себептен руханияттан біраз уақыт аулақ қалдың, - деді.

Дереу барып құрма алған адамымнан кешірім сұрап, ризалығын алдым. Бұл әрекетім сатушыға да қатты әсер етіп малын Аллаһ жолында аянбай жұмсайтын ізгі кісілерден болды. (Фәридуддин Аттар, *Тәзкирәтул Әулие* 122-123)

Ғибадаттар рухты қоректендіретін рухани азық болумен қатар, дененің де материялдық азықтардан алатын күш-қуатымен орындалады. Денеге халал қоректен рухани күш-қуат беріледі. Ал, харам және күмәнді азықтардан мұң және ауыртпалық түседі.

Адам әсіресе таң сәріні тәубе, истиғфар және зікірмен өткізіп, таң сәрінің берекетімен бүкіл күнін берекелендіріп, көңілін рухани ауыртпалықтардан арылдыруы қажет. Осылайша Ұлы Раббысын еске алу арқылы көңіл тыныштығымен рухы тың халде, жемісті өмір сүруі тиіс.

Хақ Тағала баршамызды ықыласпен, тақуалықпен және Аллаһтың разылығы үшін құлшылық еткен және ғибадаттарынан ләззат алған бақытты жандардан жазсын. Бойымыздағы қаперсіздікті, жалқаулықты, қайғы-мұңды жойып көңілімізге рахат, керемет сезім берсін!...

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Жүректің Әсемдіктерін Жоятын

Қызғаншақтық

Мәснәуи: *«Ей, іші тар қызғаншақ! Есіңді жи, сен де кә-мілдікке, ұлылыққа жет. Осылайша өзгелердің кемелділігін қызғанбай, уайым-қайғыдан, мұңнан арыл».*

«Аллаһқа іші тарлықтан құтқарып, қызғаншақтықты жоюы үшін жалбарын. Аллаһ сені бұл жағымсыз қылықтан құтқарсын».

«Саған өз жандүниеңе назар аударып, өз қылығыңды түзетумен шұғылдануыңды бұйырсын. Сондай-ақ сені басқа адамдармен айналысып, әркімнің айыбын қазбалаудан аулақ қылсын». (IV т. 2680-2682)

Иләһи әсемдіктердің топтамасы ретінде бұл дүниеге жіберілген адам баласы өз бойындағы жасырын халдегі жамандық пен тақуалыққа бейімді қасиеттерімен оңаша қалдырған. Яғни адамның ішкі жандүниесі жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттердің арасында жүретін қақтығыс пен

күрес майданы. Ішкі дүниеміздегі бұл қақтығыста жойылуы өте қиын жағымсыз қылықтардың ең жаманы – қызғаншақтық. Тамыры өте терең бойлаған бұл жағымсыз қылықтың көзін жою өте қиын болғанындай, ол орнығып тамыр жайған соң адамды үнемі тынышсыздыққа жетелейді. Діннің мақсаты болса адамды алдымен бұл дүниеде, сонан соң ахіретте жан тыныштығына кенелту. Жан рахатының ең басты жауы болса, ол – қызғаншақтық.

Адам бойындағы қызғаншақтық сезімі барлық игілікке өзі ғана ие болу үшін басқалардың жақсылыққа кенелуін көре алмауынан туындайды. Ішкі жандүниесінде мұндай derттің бар екенінен хабарсыз адам рухани апаттың ең ауырына душар болды. Ықыласcыз адам өзінің ықыласcыз екендігін білгенде, бәлкім құтылуы мүмкін. Бірақ, оның ішкі дүниесі дел-сал. Әбігер. Ол соны білсін. Оған тұзақ құрған нағыз дұшпан өз бойындағы обыр да қам нәпсісі.

Қызғаншақтықтан туындаған нәпсідегі жағымсыз көріністер өте көп. Көре алмаушылық адамның табиғатындағы жақсы қасиеттерді тұншықтырып, сананы улайды. Риуаят бойынша Хазіреті Мұса аләйһиссәләм Тұрұ Синаға шығып бара жатқанда, таудан отын алып, тасып күнелтетін бір қарт кісіге жолығады. Ол кісі Хазіреті Мұсаға:

– Менің пәлен көршімнің есегі бар. Ол отынын есекпен тасиды. Ал, мен болсам қартайған шағымда арқалап тасимын. Хақ Тағалаға мен үшін жалбарыншы, маған көлік сыйласын. Мына көрген ауыр тауқыметімнен құтылайын, - деп өтінді. Хазіреті Мұса шалдың «көршімнің есегі бар» деп айта бастағанынан-ақ онда ішітарлықтың бар екендігін сезген еді. Тұр тауынан қайтып келе жатып, әлгі адамның өтінішіне:

– Хақ Тағала саған бір есек сыйлайды. Бірақ, көршіңе тағы да бір есек береді, - деп жауап берді.

Мұны естіген шал:

– Жоқ, қажеті жоқ. Маған да бермесін, оған да бермесін, - деді.

Көре алмаушылықтың қаншалықты әлекке салатындығын және жиіркенішті жағымсыз әрекеттерге апаратындығын көрсеткен бұл хикая қандай ғибратты.

Қызғаншақтық менмендіктен от алып онан сайын үдей түседі. Діннің негізгі мақсаты адамды бойындағы менмендіктен арылдырып, өзгенің қамын ойлауға әдеттендіру. Мұны іске асыру үшін иманды арттыру мақсатында әмір етілген ғибадаттарға қатты мән беріп, оларды ықыласпен орындау қажет. Адам бойындағы иманның алғашқы белгісі адамнан сезілген мейірімділік және барлық жаратылысқа сүйіспеншілікпен қарау. Адам баласы сүйген адамына оған деген сүйіспеншілігінің дәрежесіндей құрмет көрсететіні секілді, сүйіктісінің қол жеткізген жетістіктерінен де рухани сезімге бөленеді. Бұл рухани сезім қаншалықты жоғары болса, адам бойындағы қызғанышқа болған табиғи бейімділік те соғұрлым әлсіреп соңында жойылады.

Махаббат пен мейірімділіктің бар болу себебі – иманда кемелдікке жетуден. Кәміл иман иесі бірте-бірте ілгерлеп бүкіл жаратылысты баурайтын мархамат сезіміне ие болады. Мұндай адамда өшпенділік, күншілдік және қызғаныш секілді жаман қасиеттер барған сайын әлсіреп, ақырында жойылады. Демек, мү'миннің бойында қызғаншақтық сезімі болса, ол оның иманының лайықты дәрежеге жетпегендігінің белгісі.

Басқаша айтар болсақ қызғаншақтық – пешенесіне жазылған иләһи тағдырға разы болмау. Алғаш кісі өлтіру Қабылдың Әбілді қызғанғанының кесірінде іске асқан болатын.

Олай болса өзгелердің бақыты мен жетістігін өзіміздің бақытымыз бен жетістігіміз секілді ойлап, оған қуанып-қуанбағанымызды аңғара отырып өзімізді үнемі бақылауға алуымыз қажет. Егер де онымыздың нәтижесі оңды болмаса, иманның тек тілмен айтумен жеткіліксіз нәрсе екенін біліп, оны жүрекке мықтап орнықтыруға әрекет етуіміз тиіс. Бұл әрекеттің нәтижесінің көзделген деңгейге жеткен-жетпегенін қызғаншақтық дертінен қаншалықты арылғандығымызға қарап байқауға болады.

Жаман ахлақтың ең қауіптісі саналған әуесқойлық пен қызғаншақтықтың жалғыз емі – қанағатшылдықты рухани азық етіп көңілге орнықтыру. Себебі әлемдегі иләһи қазыналар таусылмайды да бітпейді. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бұл жайлы:

«Қанағат таусылмайтын, бітпейтін қазына» (Дәйләми, Мүснәд III, 236, 4699 хадис) - деген. Олай болса, соны біл, байлықтың өлшемі – қанағат.

Мәснәуи: *«Хақ жолында жүргенде қызғаншақтық келіп тамағыңнан алатын болса, мұны шайтанның азғыруы деп біл».* (I т. 783)

«Шайтан Хазіреті Адамды көре алмағандықтан оған сәжде етуді ар санады. Іші тарлықтың кесірінен өзін бақытсыз етті».

«Хақ жолында қызғаншақтықтан да қиын әрі қауіпті өткел жоқ. Жүрегінде қызғаншақтыққа орын бермеген адам нендей бақытты».

«Мынаны есіңнен шығарма, бұл тән – қызғаныштың үйі. Үйдегілер яғни денеге қатысты барлық түсіну, есту, көру, тану сынды сезімдер қызғаныштың кесірінен кірлеп былғанады».

«Тән – қызғаныштың үйі. Бірақ, Аллаһ кәміл адамдардың денесін тап-таза етіп арылтқан».

«Үйімді тазалаңдар» *(Бақара сүресі, 125 аят) деген аят кәримә дене мен рухты тазалауды бұйырады. Негізінде дене топырақтан жаралған. Ал, шындығында дене нұрлы қазына».*

«Іш тарлығы жоқ адамды көре алмай күндейтін болсаң, оның үстінен құлығыңды асыратын болсаң, міне осы қызғаныштың кесірінен көңіліңе дақ түсіп былғанады». (I т. 430-435)

Хазіреті Мәуләнә бұл шумағындағы осы «Хақ жолында жүргенде...» сөзімен мү'минде де қызғаншақтық болуы мүмкін екендігін білдіреді. Яғни, «иман келтірдім» деумен ғана күншілдік жойылмайды.

Қызғаншақтық ең алғаш шайтанда байқалған. Бұдан кейін белгілі болғанындай малғұн шайтанның Хазіреті Адамға «Сәжде қыл» деген иләһи әмірді тыңдамай қарсы шығуына бірден-бір себеп болған менмендік болатын. Топырақтан жаралған адамнан, оттан жаралған өзін артық санап, Хақ Тағалаға қарсы шыққан еді. Малғұн шайтан жынның ұрпағы болғандықтан онда да адамдар секілді менмендік бар еді. Бұл дегеніміз – әрбір адамда шайтани бір сипат бар деген сөз. Ол адамда болатын қызғаншақтық пен күншілдік.

Адам денесі Хақ Тағаланың білдіргеніндей үй секілді. Бұл үй күншілдіктен арылған кезде ғана таза болады. Ішінде қызғаншақтық бар үй – улы газ жіберілген үйге ұқсайды. Ол үйдегілердің барлығы ол газдан уланады. Бұл дегеніміз жүрегінде күншілдігі бар адам барлық жақсы амалдарын іші тарлығымен улап, ол амалдарын кәмілдік сипатынан айырады. Олай болса, ішкі жандүниемізді тазалап, удан арылдыруымыз үшін күншілдіктен құтылуымыз тиіс. Бұл да өзгелердің қамын ойлау арқылы іске асады. Өзгелердің қамын ойлау үшін махаббат керек. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай жақсы көрген кісіміздің жетістігі бізді өз жетістігіміздей қуантады. Қуантуы шарт. Олай болса ең алдымен махаббатымызды жалпыға арнауымыз, арнап үйренуіміз керек. Ол қасиет иманның жүрекке орнығуы арқылы болады. Жүрек елжіреп мейірленген сайын, дүниеге тән барлық қызғаныштар онан жойылып, иман ләззаты барлық ләззаттың алдына өтеді. Жүрек күншілдіктен арылып, жоғары деңгейлерге шыға бастағанда ғана жүректегі мал-мүлікке деген сезім өзгереді. Мұны былай түсіндіруге болады:

Шариғатта – «Сенің малың сенікі, менің малым менікі» болатын болса,

Тариқатта – «Сенің малың сенікі, менің малым да сенікі» болады.

Ал, ақиқатта – «Сенің малың сенікі емес, менің малым да менікі емес, барлығы да Аллаһтікі» - деген түсінік орнығады.

Мәснәуи: *«Хазіреті Мұса Перғауынның сарайында емін-еркін өмір сүрсе де Перғауын жазықсыздан-жазықсыз сәбилерді өлтіретін».*

«Перғауын сезіміне беріліп тәнін семірткен ең ірі жауы өз нәпсісін қуаттандыра тұра «Сыртта маған бір дұшпан бар. Ол мені көре алмайды» деп сезіктенетін адамға ұқсайтын».

«Ол адам менің қас жауым. Мені қызғанып көре алмайды, - дейтін. Ал, шынында оны көре алмайтын нағыз дұшпан – өзі асыраған өз тәні еді. Яғни нәпсісі еді».

«Бұл менмендік сол нәпсінің иесі Перғауынға, ал тәні болса Мұсаға ұқсайтын. Перғауын: «Дұшпан қайда?» деп сыртта зыр жүгіретін. Дұшпанды сырттан іздейтін». (II т. 771-775)

Бұл шумақта айтылғанындай адам баласының басты жауы нәпсісі бола тұра оны түсінбейтіндер Перғауын секілді дұшпанын сырттан іздейді. Сыртта дұшпан болғанымен, оның адамға тигізер зияны шектеулі болмақ. Ал, өз нәпсісінің азғындығынан адамның басына келетін бәлекеттер сырттағы жаудан келетін зияннан әлдеқайда ауыр болмақ. Мәуләнә бұл шындықты онан әрі нақтылай келе былай дейді:

«Ей, Хақ жолаушысы! Шындықты білгің келсе Мұса да, Перғауын да өлген жоқ. Олар бүгін де сенің ішіңде өмір сүруде. Сенің ішіңе жасырынып, күрестерін сенің ішіңде жалғастыруда. Сол себептен бір-біріне қас жау болған бұл екі адамды өз ішіңнен іздеуің керек».

Осыған қатысты Хазіреті Әдебәлінің Осман ғазиға айтқан насихатының бір бөлігіне тоқталайық. Ол:

«Ей, ұлым! Ең ұлы жеңіс, нәпсіңді тануың. Адамның жауы – адамның өзі. Яғни тәрбиеленбеген нәпсі. Ал, дос – нәпсісін таныған, яғни нәпсісін тәрбиелеген, нәпсісінің жамандыққа бейім тұстарын біліп оны жою үшін әрекет еткен адам» деген.

Адамның өз нәпсісін «дұшпан» деп танитындай толық көзқарас пен түсінікке ие болуы өте қиын. Тіпті тәрбиеленбеген нәпсіні де «дос» деп ойлауы мүмкін. Сырттағы жауды танып, оның дұшпандығына қарсы шара қолдану нәпсінің дұшпандығын аңғарудан әлдеқайда оңай. Себебі нәпсі ішімізде. Яғни, бізге жақын болғандықтан оның жамандықтарын «дұрыс» әрі «жақсы» деп қабыл етеміз. Бұл жағдай мынаған ұқсайды: Бір кісі басқа біреудің баласынан көрген жаман қылықты өз ұлының бойынан көретін болса, оны онша елемей, оған мән бермейді. Бұл оның өз ұлына деген жақындығының себебінен. Өз нәпсіміз де басқалардың нәпсілеріне қарағанда дәл осындай жағдайда.

Міне, нәпсімен күрестің ауыр екендігінің де бір себебі осы. Өйткені, ол өз болмысымыздан бір бөлігіміз. Оны осылайша қабыл ету табиғатымызда бар нәрсе. Демек, жаратылысымызға қарсы әрекет ету ең ауыр іс. Сырттағы жауды оңай аңғарып оған қарсы тұрып, қорғана аламыз. Ал, іштегі нәпсіге қарсы бұлай әрекет ете алмаймыз. Нәпсіміз – жағымды және жағымсыз бейімдердің жаратылыстағы тепе-теңдігі мен бірлігі себепті ол өзімен соғысуға тиіс қорқынышты жау. Біз ішіміздегі күншілдік, көре алмаушылық сезімін жойғанда ғана бұл дұшпанды жеңе аламыз.

Сырры Сахати құддисә сирруһ дәрістерінің бірінде

шәкірттеріне: *«Му'миндердің мұң-мұқтажын бөліспеген адам, олардан емес»* (Хаким, Мүстәдрәк IV, 352; Һәйсәми, Мәжмәуз Зәуәид I, 87) хадисін түсіндіріп жатқанда, шәкірттерінің бірі асып-сасып ішке кіріп:

– Ұстаз, ауылыңыз түгелімен өртеніп, дым қалмады. Тек сіздің үйіңіз ғана аман қалды, -дейді.

Сырры Сахати қуанып, «Әлхамдү лилләһ» дейді.

Отыз жылдан кейін бір досына:

– Мен сол кезде «әлхамдү лилләһ» деп, бір сәтке болса да тек өз басымды ойлап, қиын жағдайға тап болғандардың күйінішін ойламаған едім. Міне отыз жылдан бері сол әрекетім үшін тәубе етіп келемін, - деген.

Бұл мысалдан көргеніміз әулиелік дәрежесіне жеткен адамның өзінде мұндай нәпсілік қылықтар көрінуде. Әрі реті келгенде ол нәпсі иесінің сәл ғана ғапылдығынан пайдаланып, дереу кері әрекетке көшуде. Осы мысалдан-ақ нәпсімен күресудің және ондағы көре алмаушылық сезімін жоюдың өте ауыр екенін байқауға болады.

Мәснәуи: *«Шайтан да кішірейіп қаламын деп ойлап, яғни Хазіреті Адамға сәжде етіп оны жоғары санау «өзін төмен түсіреді» деп ойлағаны үшін оңбай қалды. Мыңдаған жамандыққа тап болды».*

«Ол топырақтан жаралған Адамның иләһи халифа болуын көре алмай, оған сәжде етпеді. Осылайша өзін артық санағысы келді. Бірақ ұлылық қайда, керісінше көздерінен қанды жас ақты».

«Әбу Жәһіл де текті, бірақ жетім әрі дәулетсіз Хазіреті Мұхаммедтің Аллаһтың елшісі болғанын көре алмады. Осы қызғанышының кесірінен өзін ардақты Пайғамбарымыздан артық санағысы келді». (ІІ т. 806-808)

Күншілдік пен күндеген адамының кемшілігін іздестіру, өз нәпсісін одан артық санаудың кесірі. Ал, шындығында мұндай ой мен әрекет қарсыластарының алдында адамның абыройын өсірмегені секілді, Аллаһтың алдында да дә-режесінің түсуіне себеп болады. Мұның айқын мысалы малғұн шайтанның Хазіреті Адамға сәжде етуден бас тартуы.

Сонымен қатар, Аллаһ Тағала барлық жаратылысына нығметін бірдей етіп үлестірмеген. Қоғамдағы осы тұрғыдағы айырмашылық қоғам өмірінің дұрыс қалыптасуын мүмкін еткен басты негіз. Аллаһтың нығметтерінен аз болсын, көп болсын нәсіп алудан да маңызды нәрсе кісінің өзіне берілген нығметтерге жауаптылығы. Әрі Аллаһ алдында осы нығметтерге есеп беретіндігі. Осы түсінікпен қарайтын болсақ барлық жаратылыс жауапкершілік тұрғысынан өзара тең. Немесе көп нығметке ие болған адамның жауапкершілігі үлкен, бұған қарама-қарсы аз нығмет берілген адамның жауапкершілігі аз. Әрі олардың есеп берулері де оңай. Қасиетті аятта былай айтылады:

«Сол күні міндетті түрде берген нығметтерімізге есеп бересіңдер». (Тәкәсур сүресі, 8 аят)

Қызғаныш Аллаһтың үлестірген нығметтеріне келіспей қарсы шығу мағынасына да келеді. Бұл Аллаһқа көрсетілген ең жаман құрметсіздік. Бұл құрметсіздіктен де бетер иләһи нығметтің теңдей етіп таратылмауының хикметін ұғына алмағандық. Қарапайым мысал берер

болсақ, ақыл нығметі барлық адамдарға теңдей етіп берілген болса қоғам өміріндегі қарапайым қызметтерді атқаруға, мысалы көшедегі қоқсықты жинауға ешкім разы болмас еді. Дүниедегі барлық жаратылысқа осы түсінікпен қарап ойланатын болсақ, нығметтердің әр түрлі жараталуы бұл әлемде өмір сүруді мүмкін қылған ең басты фактор екенін көреміз. Аллаһтың нығметтерін осылай үлестірілуінің мақсатын Құран Кәрім былай түсіндіреді:

«...Бір-біріне қызмет етулері үшін бірінің дәрежесін бірінен артық қылдық...». (Зухруф сүресі, 32 аят)

Сондай-ақ, Аллаһтың нығметтерді үлестіруіндегі хикметті түсіне алмай, бұған қарсы шығу да күншілдіктің белгісі. Ал, бұл болса адамның ұлы мәртебесіне жараспайтын жағымсыз әрекет. Сондықтан мұндай қате әрекет, яғни қыз-ғаныш пен күншілдік адамды Аллаһ алдында жерге ұрып, бейшара қылатын күпірліктен кейінгі ең жаман қылық.

Мәснәуи: *«Жүсіптер көріксіздердің қызғанышынан жасырынады. Көріктілер де дұшпанның жамандығынан от ішінде жүргендей болады».*

«Жүсіптер бауырларының құлығының кесірінен құдықтың ішінде. Өйткені ондай бауырлар көре алмағандықтан Жүсіпті қасқырға тастайды». (II т.1405-1406)

«Өте кішіпейіл жұмсақ мінезді Жақып әләйһиссәләм сол жыртқыш күншілдіктің себебімен Жүсіпті өте қатты жақсы көрді».

«Жүсіптің айналасын сырт көзбен көрінетін жыртқыш торуылдамады. Бірақ бауырларының қызғанышы, істеген жамандығы мен опасыздығы жыртқыштан да асып түсті».

«Бұл жыртқыш күншілдік Жүсіпті парша-парша қылды да: «Біз оны киім-кешегіміздің қасына қалдырып кеткен едік. Оны қасқыр жеп кетіпті» деп, бауырлары үшін жұмсақ сөзбен әкелерінен кешірім сұрады».

«Жүз мыңдаған сыртқы, нағыз жыртқышта мұндай құлық, мұндай әрекет жоқ. Бұл жыртқыш - күншілдік, соңында масқара болады». (II т. 1408-1411)

Құрандағы Хазіреті Жүсіп жайында айтылған қиссадан шығарылатын өте маңызды қорытындылардың бірі мынау: қызғанған адам соңында көре алмаған адамының алдында ұятқа қалып, барлық қателіктерін мойындайды.

Шынымен де қиссада бауырлары ең соңында күншілдіктің зардабын тартып:

«Олар: Аллаһпен ант етейін. Шын мәнінде Аллаһ сені бізден артық қылған екен. Сөзсіз біз қателестік» (Юсуф сүресі, 91 аят) дей отырып, қателіктерін мойндауға мәжбүр болған. Яғни күндеген адам көре алмаған адамына ешқандай зиян тигізе алмағанынымен қоймай, өзін масқара қылып, опық жеп, өкініп қалады.

Бұл қиссадан күншілдіктің мынадай емі бар екенін де көре аламыз. Хазіреті Жүсіп күншілдіктің кесірінен рухани тұрғыдан әбден азғындап, құруға айналған бауырларына жаны ашыды. Қуаңшылық кезінде олардың қиналып, тақсірет тартпауы үшін үнемі оларға қол ұшын беріп, жәрдем көрсетіп отырды. Бауырлары да іштарлықтарына ұялып:

– Сен Жүсіпсің, - деді. Жүсіп аләйһиссәләм оларды қымсынып, ұялтпау үшін өзіне жақын тартып:

«(Юсуф) **айтты: Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Аллаһ сендерді жарылқасын. Ол мейірімділерлің мейірімдісі»** (Юсуф сүресі, 92 аят) деді. Осылайша олардың руханиятын шіріткен «күншілдік» дертін жүректерінен толық арылтты.

Мәснәуи: *«Мына әлемде мұратына жеткен, Күн секілді рухани нұр шашқан кісіні көре алмаған адамға жаның ашысын. Оған мейірімділік танытып, оны кешір».*

«Адам көзінен Күннің нұрын жасыра ала ма? Оның күнде жарқырап жымың қаққан сәулесін солдыра ала ма?»

«Немесе оның шексіз, есепсіз нұрын азайтуға әрі оның дәрежесін төмендетуге күші жете ме?»

«Рухани кемеңгерлерді қызғанып, оларды төмен санағысы келгендердің күншілдігі өздері үшін мәңгілік өлім болмай ма? Міне сондықтан күндеушінің қызғанышы оның жасаған жақсылықтары мен ғибадаттарын жояды, - деген». (V т. 11-14)

Адам өмірін мәнді немесе мәнсіз қылатын ең негізгі факторлардың бірі дұшпандық. Тағы бірі махаббатты дұрыс бағыттай білу. Аллаһ досына махаббатты арнау өмірді маңызды әрі мәнді қылатын болса, керісінше ондай кісіге дұшпандық жасап, көре алмау өмірді мәнсіз, мазмұнсыз әрі баянсыз қылады. Мұндай кісіні көре алмау, қызғану қарапайым кісіні көре алмаудан да бетер зиянды нәтижелер береді. Өйткені Аллаһтың сүйікті құлын көре алмай күндеу, Хақ Тағаланың қаһарын тудырады. Бұл жайында Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Аллаһ разы болған құлдар мен көңілдерді жұбатқан рухтарды көре алмай қызғанғаны үшін шайтандарды көктен төмен қарай атады».

Барлық күнәлар секілді күншілдік те дәрежелерге бөлінетінін қабылдау керек. Сондықтан жағымсыз күншілдіктің азуына түскен адамға жанымыз ашуы тиіс. Өйткені ол өз қолымен өзін жерге тықса да бұл жағдайдан хабары жоқ. Күнәһар кісіге ашуланып, кектенбей «күнәдан өзін құтқара алмады» деп жан ашып, аяныш білдіру жетілгендіктің, өзгенің қамын ойлаудың белгісі. Бұл барлық адамның қолынан келе бермейді.

Жүректің Әсемдіктерін Жоятын

Қызғаншақтық

Қызғаншақтық – илэhи үлестірудің нэтижесінде өзгелерге берілген нығметтерге жүрекпен қарсы шығу. Нығмет иелеріне қарсы жүректе пайда болған қызғаныш, күншілдік дертінің басталғанын, тіпті үдегенін білдіретін белгілердің бірі. Сондай-ақ ол тағдырға қарсы шығу.

Жүректің Әсемдіктерін Жоятын Қызғаншақтық

Хақ Тағала адамды **«ахсәну тақуим»**, яғни ең көркем бейнеде жаратып, оны құл болумен міндетті қылды. Оған құлдық міндеттерін атқара алатындай ерекшеліктер сыйлады. Бірақ, дүние өміріндегі сынақтың сырына байланысты адамға рахмани сипаттармен қоса, құлдық міндетін атқаруға кедергі болатын нәпсілік ерекшеліктер де берген. Бұл иләһи сынақтан табысты өткісі келген құл нәпсінің теріс қылықтарын мұз болған жылан секілді қатырып, барлық іс-әрекеттерін рахмани сипаттармен безендіруі керек.

Бұл адамның мына сынақ дүниесінде арылуы қажет ең жағымсыз қылықтарының бірі және жүректегі барлық әсемдіктерді жоятын **«күншілдік»** дерті.

Қызғаншақтық – иләһи үлестірудің нәтижесінде өзгелерге берілген нығметтерге жүрекпен қарсы шығу. Нығмет иелеріне қарсы жүректе пайда болған қызғаныш күншілдік дертінің басталғанын, тіпті үдегенін білдіретін белгілердің бірі. Сондай-ақ бұл тағдырға қарсы шығу.

Күншілдікті бір ғимаратқа ұқсататын болсақ, оның ең басты жабдығы бүлік пен іріткі. Ал оның негіздерін менмендік, мансапқорлық, пайдакүнемдік, құмарлық, мақтаншақтық және өркөкіректік секілді әдепсіздіктер құрайды.

Күншілдіктің тамыры адамның ішкі дүниесінің түбінде жасырын жатқандықтан кейбір нәпсіге құл адамдар күншілдікке белшесінен батқанына қарамастан, өздерінде іші тарлық жоқ деп ойлайды. Өздерінің иірімге ілігіп, тұңғиыққа батып бара жатқандарын білмейді.

Адамда күншілдік дертінің бар екендігін көрсететін алғашқы белгі күндеген кісінің қолындағы нығметтің жойылуын қалауы. Ол нығметтің жойылғанын көргенде шын жүректен қуанып, шат-шадыман болуы.

Іші тар адам көре алмаған адамына қарсы өшпенділік, опасыздық, қулық, айыптау және жамандау секілді жағымсыз қылықтармен қарсы әрекет етеді. Фәни өмірін арман-қиялмен босқа өткізіп айналасына заһар шашады.

Хазіреті Мәуләнә адамның ішкі дүниесіндегі бұл жиіркеніште әрі қауіпті қылықты мысал ретінде мына хикаямен түсіндіреді:

Бір патша екі құл сатып алады. Олардың ішкі дүниесін аңғару үшін алдымен бірінші құлмен әңгімелеседі. Ол патшаның сұрақтарына еш ойланып, кідірместен жауап беріп отырады. Патша бұл құлының ақылды, зерек әрі сөзге шешен екенін көріп қуанып қалады. Сосын қасына екінші құлын шақырады.

Екінші құл патшаның құзырына барды. Бұл құл сырқат болғандықтан ауызынан жағымсыз иіс шығатын, әрі тістері де күтілмегендіктен қарайып кеткен еді. Патша бұл құлдың сыртқы көрінісін жақтырмаса да оның жүріс-тұрысын, ерекшеліктерін және қандай адам екенін аңғару үшін онымен әңгімесін бастады:

– Мынадай кейпіңмен, мына сасық ауызыңмен арырақ тұр. Бірақ өте ары да кетпе. Алдымен мына аузыңды емдеп

жазудың жолын қарастырайық. Сен сүйікті адамсың. Біз де өнерлі тәуіппіз. Сені менсінбей, жерге ұру бізге жараспайды. Мына араға отыр. Бір-екі хикая айта қойшы ақылыңның дәрежесін байқайық, - деді.

Патша алғаш сөйлескен құлына қарап:

– Сен моншаға барып жақсылап жуына ғой, - деді.

Досы кеткен соң екінші құлын сынап байқау үшін оған:

– Сенен бұрын сөйлескен досың сен жайында жаман нәрселер айтты. Байқауымша сен оның айтқанындай емес сияқтысың. Ол іші тар неме, сені бізге жаман көрсетпекші. Досың сен туралы «оның қолының сұғанағы бар, жақсы адам емес, оңбайтын адамдармен бірге жүреді. Адал адам емес» деді. Сен ол туралы не дейсің? – деді.

Екінші құл бұл сөздерден кейін патшаға:

– Дұрыс ойлайтын, тура сөйлейтін ол досымды жаман дей алмаймын. Бірақ оның сөздерінен кейін өзімде ондай кемшіліктердің бар жоғын ойланып, өзімді түзетуге тырысайын. Сұлтаным! Бәлкім ол менен өзімнің байқамаған көптеген қателігімді көрген шығар, - деді.

Патша құлына:

– Оның сенің кемшіліктеріңді айтқанындай, сен де оның кемшіліктерін баянда, - деді. Ол сол кезде:

– Сұлтаным! Шынымен де ол менің жақсы досым. Бірақ оның кемшіліктерін айтуға менің ішкі дүнием жібермейді. Мен ол жайында тек мыналарды ғана айта аламын: Оның кемшілігі меніңше кемшілік емес, керісінше артықшылық. Ол сүйіспеншілікте, туралықта, адамгершілікте өзгелерге үлгі боларлық адам. Ол әділ, зерек әрі

нағыз дос. Оның тағы бір ерекшелігі – жомарттығы. Ол кембағалдарға жан-тәнімен жәрдем береді. Оның мәрттігі соншалықты, керек болса жанын беруге дайын. Сондай-ақ, ол досымның тағы бір артықшылығы өзін өзгелерден артық санамайды. Ол барлық адамнан жақсы. Бірақ өз нәпсісіне келгенде жаман, - деді.

Патша құлының бұл жауабынан соң:

– Досыңды мақтаймын деп тым қатты кетпе. Оны мақтап жатып өзіңді де мақтауға тырыспа. Мен оны сынап, байқап көремін. Сосын сен ұятқа қаласың, - деді.

Сол кезде құл:

– Жоқ. Оны асыра мақтап жатқаным жоқ. Ол досымның мінезі мен қасиеттері менің айтқандарымнан әлдеқайда артық. Досымның қасиеттері жайында бар білгенімді айттым. Бірақ, ей, мәртебелі патшам! Айтқандарыма сенбесеңіз мен не істейін? Менің жандүнием осыларды айтуға ғана бара алды, - деді.

Бірінші құл моншадан келген соң, патша оны алдына шақыртты. Оған:

– Жеңілденуіңмен, сарқылмас нығметке кенел. Бірақ досыңның айтқан жаман қасиеттері сенің бойыңда болмағанда қандай керемет болар едің. Сол уақытта әсем жүзіңді көргендер шаттанып қуанар еді. Сені көруге барлық мүлкін берсе де оған тұрар едің, - деді.

Сонда әлгі құл:

– Сұлтаным! Ол тәрбиесіздің мен жайында айтқандарының біразын айтыңызшы, өтінемін..., - деді.

Патша:

– Алдымен ол сенің екі жүзді екеніңді айтты. Сенің сыртың бүтін ішіңнің түтін екенін айтты, - деді.

Досының өзі жайында патшаға жаман сөздер айтқанын естіген құлдың бойын ашу-ыза кернеп, аузы көпіріп, бет-ауызы қызарып кетті. Досының жамандықтарын тізбектеп санап айта бастады:

– Ол бұрын менімен дос еді. Бірақ ауызынан боғауыз сөз түспейтін. Аш қасқыр секілді ауызына ілінгеннің бәрін жейтін.

Досын жамандау үшін ауызынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, ішіндегі жамандықтарын сақтай алмай құса бастады. Осы кезде патша: «Жетер енді» деп қолын оның ауызына апарды да, былай деді:

– Осы сынақтың арқасында екеуіңнің араңдағы айырмашылықты байқадым. Оның тек сырқаттығынан ғана ауызынан жағымсыз иіс шығады. Ал сенің ішкі дүниең сасық. Ей, адамгершіліктен жұрдай, абыройсыз! Сен аулақ тұр. Досың саған басшы болады, сен оның қолы астына қарайсың. Одан әдептілікті, адамгершілікті және сөйлеуді үйрен. Одан ғибрат ал. Іші тарлығыңнан арыл. Сен бұл күншілдігіңмен беліне тас байлап алған сорлы адам секілдісің. Бұл таспен жүре де алмайсың, жүзе де алмайсың.

Бұдан байқағанымыздай, іс-әрекет кісінің ішкі дүниесін сыртқа білдіретін, көрсететін айна секілді. Бір кісінің пайда үшін немесе іші тарлықтың себебімен көрсеткен қылықтары кардиограмма секілді оның ішкі әлемін сыртқа көрсетеді.

Хазіреті Мәуләнә бұл хикаядан лайықты түрде сабақ алуымызды тілеп, бізге мына насихатты айтады:

«Адамның шын мәнінде кім екендігі тілінің астында жасырулы. Тіл адамның ішкі дүниесінің көрмесі.

Перде соққан желмен ашылғанда үйдің іші көрінеді. Яғни бейтаныс кісі жағдайға қарай бір-екі сөз сөйлегеннен кейін рухын жауып тұратын перде ашылады. Осылайша оның іші, көңіл әлемі белгілі болып, оның қандай адам, мінезі қандай екендігі анық көрінеді. Оның ішкі әлемі інжу-маржанға толы ма, әлде бидайға ма? Ол жер көңілге рахат беретін гүл бақшасы ма, әлде күл-қоқсық орны ма? Ол жер асыл тастардың қазынасы ма, әлде жылан мен шаянның ұясы ма, барлығы анық байқалады».

«Ей, бұл дүниеге бас иген, ішкі дүниесі қаңыраған қаперсіз адам! Білмейсің бе, өлім келгенде бұл сезімдердің ешбірін ойлай алмайсың. Сол сәтте күншілдіктен бас тартсаң да ешқандай пайдасы жоқ. Қабірде мына көздеріңді топырақ толтырады. Тек қана рухың таза болса ғана көңілің саған жолдас болады. Сондықтан өзіңе жақсылап қара. Қабіріңді жарық қылатын рухани нұрың, руханиятқа қанған жүрек көзің бар ма? Сен саған аманат ретінде берілген гауһарды яғни өлімсіз рухыңды қолға түсіруге тырыс. Сол үшін адамгершіл болуға әрекет етіп, құмарлық пен күншілдіктен аулақ бол. Сондай-ақ өте көп қайырымдылық, мейірімділік және ізгі амал жаса. Осы әсемдіктермен Хақ Тағаланың құзырына шығасың».

«Ұмытпағайсың, көрікті сұлу ажар жаман мінезбен бірігетін болса ешқандай қадір-қасиеті қалмайды. Яғни ішкі дүниең жаман болатын болса оны жасанды әрекеттермен жасыра алмайсың. Ол әрекет бұл суреттің жай ғана маскасы екенін дәлелдейді».

«Кісінің суретіне емес жүріс-тұрысына яғни көңіл әле-міне назар аудар. Себебі ұлықтататын тек қана оның көр-кем мінезі мен жоғары ахлағы».

«Есіңде болсын, бұл көрінген сырт бейне яғни тән бұл әлемде қалып жоқ болады. Әсемдігі мен сұлулығынан еш нәр-се қалмайды. Ал, рухани әлем мәңгі қалады, жоғалмайды. Рухын тәрбиелеген абыройлы кісінің тәні топыраққа айналса да, ол дұрыс сүрген өмірінің естеліктерімен көңілдерде мәңгі қалады. Ондайлар ұмытылмайды да».

«Ей, адам! Көреалмаушылығыңнан басқаларға та-ңып жүрген мінездерің негізінде сенің өзіңнің жаман мінездеріңнің шағылысқан бейнесі. Ол сенсің. Айнаға қарап, айнадағы өз бейнеңді жамандап, өзіңді түсіндіріп, өзіңді жаралаудасың. Лағынет тұзағын өз-өзіңе құрып жатырсың».

Шынында да күншілдік күнделген кісіге емес, күн-деген адамға кесірін тигізетін рухани дерт. Тіпті бұл ке-сір адамның дініне әсер етіп өкінішті нәтиже береді. Бұған Хазіреті Мұсаның заманындағы Тәуратты Мұса аләйһиссәләмнан соң ең жақсы оқитын әрі ізгі мү'мин болған Қарунның жағдайы тамаша мысал болады. Ол өмірінің соңында қызғаныштың кесірінен иманы-нан айы-рылып орны толмас бәлекетке ұшырады. Ол қолындағы сансыз мал-мүлік пен бақ-дәулетке масығып, дандайсып Хазіреті Мұсаның мәртебесін көреалмаудың кесірінен Аллаһтың қаһарына ұшырады. Ол сүйеніші, қолдаушысы, ірі арқа сүйері сарайларымен және қазына-мүлкімен бірге жердің түбіне батты. Мәңгілік әлемнің пақырына айналды.

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм күншілдіктің кесірі мен кері нәтижесін мына бір хадис шәрифінде былай баяндайды:

«Сендерге бұрынғы үмметтердің дерті жұқты. Бұл – күншілдік пен ашу-ыза. Булар қырып алушы (жоюшы). Біліп қойыңдар бұлар шашты қырып алады (жоқ қылады) деп тұрғаным жоқ. Бұлар дінді қырып алады (жояды)...». (Термези, Сифатүл Қиямә 57)

Хазіреті Мәуләнә былай жалғастырады:

«Сен ол жамандықты өзіңнің ішкі әлеміңнен көре алмайсың. Егер көре алғаныңда өзгелерге емес өз нәпсіңе дұшпан болар едің.

Егер де сен Аллаһтың нұрымен қарағаныңда жамандығы үшін басқаларды айыптап, басқалардың кемшілігін қазбалап ғапылдыққа түсер ме едің?

Ей, қайғы-қасіретке батқан сорлы адам! Бірте-бірте, ақырын-ақырын нұрға жақында, от болған назарың нұрға айналсын. Басқалардың кемшілігі мен айыбын қазбалағанша өзіңнің ішкі дүниеңе үңіл. Өзіңді тірілт, көңілің күл-қоқыстан арылсын».

Күншілдіктің басталу тарихы адамзат тарихы секілді ескіде жатыр. Бүкіл тарих бойынша күндеушілердің нысанасы ең қадірлі адамдар болғаны қандай ғибратты.

Ең алғашқы күншілдік пен кібірлік шайтанның Адам ата аләйһиссәләмға қарсы менмендікке беріліп, Аллаһ-тың әмірінен бас тартқандығымен басталған еді. Бұдан кейін Адам ата аләйһиссәләмның пасық ұлы Қабылдың тақуа, ізгі бауыры Әбілді өлтіруі, Хазіреті Жүсіпті бауырларының

құдыққа тастауы және сол секілді көптеген оқиғалар жүректе алаулаған күншілдіктің бір-бір көрінісі еді.

Жойылып, құрып кеткен отбасылардың, қоғамдардың, мемлекеттердің түбіне күншілдік жеткен. Күншілдік – жеке адамдардан басталып бірте-бірте бүкіл ұлтқа, халыққа жайылатын, құртып-жоятын аса қатерлі індет.

Хадис шәрифтерде былай айтылады:

«Күншілдік жасай көрмеңдер. Өйткені күншілдік оттың отынды жегеніндей сауаптар мен жақсылықтарды жеп таусады». (Әбу Дәуіт, Әдәб 44; Ибн Мәжә, Зуһд 22)

«Адамдар бір-біріне күншілдік жасағанға дейін үнемі ырыс-береке ішінде өмір сүреді».

«Бір-біріңе кек сақтамаңдар, күншілдік етпеңдер және теріс бұрылып қарым-қатынассыз кетпеңдер. Ей, Аллаһтың құлдары, бір-біріңмен бауыр болыңдар». (Бұхари, Әдеб 57)

Сонымен қатар егер кісі күншілдікке тап болатын болса жамандықты жамандықпен қайтармауы керек. Ашуланып, ренжудің орнына күндеген адамның халіне жаны ашуы тиіс. Сондай-ақ өзінің әділетсіздікке ұшырап, көрген жәбіріне сабыр сақтап кішіпейілділік, шыдамдылық танытып сауап жинағаны жөн. Мұндай әдістен де пайдаланып қалуы қажет.

Хазіреті Мәуләнә қуддисә сирруһ мұны мына мысалмен өте тамаша түрде түсіндіреді:

«Раушан гүлі тікенмен тату болғандықтан керемет хош иісті болды. Бұл шындықты раушан гүлінің өзінен де естіп көр. Оның не дейтінін тыңда:

«Тікенмен бірге болғаныма неге қайғырайын, неге мұңға батайын? Мен жаман қылықты тікенмен бірге тұруға көндіккенім үшін жымыюды үйрендім. Оның себепкерлігінде әлемге әсемдік беріп, хош жұпар иіс шашудамын...»

Аллаһ Тағала сыйлаған нығметтеріне қанағат етіп разы болған, көркем ахлаққа ие құлдарының руханиятынан біздің де көңілімізге үлес нәсіп етсін. Басқалардың қолындағы нығметтерге көз тігіп, дүниенің жылтыраған ойыншықтарына, өткінші құмарлықтарына, алдамшы сауық-сайранына, күншілдік пен құмарлықтың жалған мәртебесіне алданғандардың жолынан және күншілдердің күндеуінен қорғасын!

Әмин!

Мәснәуи бойынша

Хазіреті Мұса және Перғауын

Хазіреті Мәуләнә Мұса әләйһиссәләмның асқан көрегендігін және бұған қарсы Перғауынның нәпсіге еріп қалай ақымақ болғанын адамдар түсіне алатындай дәрежеде былай нақты түрде баяндайды:

«Хазіреті Мұса Перғауынды Хаққа дағуат еткен кезде оған сыпайылық пен кішіпейілділік көрсеткен болатын. Өйткені, Хақ Тағала Хазіреті Мұсаға Перғауынға тәблиғ жасауын, әрі оны жұмсақ тілмен жеткізуін бұйырған еді. Перғауын одан: «Кімсің, кімнің несі боласың, бұрынғы есімің кім?» - деп сұрағанда Хазіреті Мұса:

– Мен Аллаһтың елшісімін. Адамдарды адасудан құтқарамын. Шыққан түбім балшық. Топырақтан жаралған

мына тәнімнің қайта барар жері де топырақ. Бірақ Аллаһ балшыққа жан беріп, оған көңіл сыйлады. Негізгі есімім болса «Аллаһтың әлсіз құлы Мұса. Аллаһтың бір құлының перзентімін», - деді.

Сонда Перғауын:

– Сен Перғауынның құлысың. Себебі сенің денең Перғауынның нығметтерімен қоректеніп жетілді. Ал, сен опасыз құл менен бас тартқандықтан жақсылықтың қадірін білмейтін кәпір болдың, - деді. Хазіреті Мұса сонда:

– Құдай сақтасын. Аллаһ жалғыз. Оның ешқандай ортағы жоқ. Құлдардың одан өзге иесі болуы мүмкін емес. Өлгісі келіп құритын адамнан басқалар өзін оған теңеп, ортақ етуге дәті бармайды. Өйткені тәухид сенімі бойынша жүректе Аллаһқа ортақ қосуға жол жоқ.

Ей, Перғауын! Сен менің қасымды, тіпті шыбынның қанатын да жасауға шамаң жетпейді. Қалайша мені «жараттым» дей аласың? Сен аяусыз қатігезсің. Өйткені Аллаһқа ортақ қосасың. Мен бір қыптиды өлтірген болсам, оны қателікпен өлтірдім. Нәпсім үшін өлтірмедім. Мен оны бір-ақ рет жұдырықтадым. Онсыз да бойында иләһи рухы, ақиқаттан мақрұм тірі өлік болған бейшара адам жан тапсырды, - деді.

Перғауын:

– Күмәнсіз сенде менің ақым бар. Бірақ ақым болғанын қайтейін, сен мені халықтың алдында масқараладың. Менің тәңірлігіме қарсы шықтың, жарқыраған нұрлы көңіліме қара түнек жаудырдың. Сондағы ақым осы ма? - дегенде Хазіреті Мұса оған:

– Иман келтіріп, жақсылық жасап жамандықтан бас тартуда мені тыңдамайтын болсаң қияметтегі жағдайың бұдан бетер болмақ.

Сырт көрініcте мен сенің тәңірлігіңе балта шабудамын, ал, негізінде болса мен сен секілді күпірлік тікенін гүл бақшасына айналдыруға тырысудамын, - деді.

Перғауын:

– Шынымен де айлалы сыйқыршы екенсің. Көңілі менде болған Мысыр халқын сен екіге бөлдің, - деген кезде Хазіреті Мұса:

– Көзбояушылықтың түбінде ғапылдық пен күпірлік бар. Ал мен болсам иләһи уахиға сүйенемін. Рухым діннің шамшырағы. Мәсих те алған деміме қызғанып қайран қалады. Кітаптар да менің рухымнан нұр алады.

Сен тек қана өз ойыңмен жорамалдап болжайсың. Раббымның мені саған жіберуінің өзі барлық нәрседен хабары бар жіберушінің бар екендігін көрсетпей ме? Менің мұғжизам күпірлік жарасын жазатын ең керемет дауа.

Сен бұдан бұрын біраз түс көрген болатынсың. Қолыма аса таяқ алатынымды, қолымнан нұр шашатынымды және сенің дөрекі мүйізіңді сындыратынымды білген едің. Түсіңді жорытқан данагөйлер мен жұлдызшылыр ақиқатты түсінді, бірақ сен ақиқатты түсініп ұғына алмадың.

Халықты басқарған адамның ахлағы, Аллаһтың ахлағына сай келуі қажет. Ал сен көңіліңді шайтанның үйі қылдың, құмарлығыңды өзіңе құбыла қалдың.

Дүниеде тек нәпсісіне құл болып, денелерімен өмір сүретін сен және қызметшілерің руханиятпен өмір сүргендердің

діні мен иман қорғандарына үнемі шабуыл жасайсыңдар. Ей, дөрекі Перғауын, ей, имансыз адам! Ғайыптың ғазилары болған мүминдер болса мінезі биязы, жаратылыстары жұмсақ болғандықтан саған қарсы шабуыл жасамады.

Сен ұрпақтың көбеюі үшін Аллаһтың ашқан жолын, яғни ана құрсағын қалайша жабасың? Мыңдаған бейкүнәнің қанын төктің. Нағыз қанішер залым болдың. Сен ғайып әлемінің өткелдерін жаптым деп ойлайсың, бірақ сенің көр екеніңді дәлелдеу үшін бір ер жігіт шықты. Сол жігіт менмін. Сенің тілек мақсатыңды отқа су құйғандай сөндіремін, сенің атың мен абыройыңды өшіремін.

Ей, қас дұшпан! Есіңде болсын, барлық нәрседен хабары бар құдіретті күш бар. Ол барлығына лайық болғанын береді. Көк жүзіне яғни Аллаһқа жақсы амал жолдап, артынан одан жақсылық көрмеген кезің болды ма? Саған ақымақтығыңның, санасыздығыңның кесірінен бәлекет келді. Жамандықтан көңілің бұзылып мазасызданатын болсаң, мұны азаптың бастауы деп біл. Істеген зұлымдығыңнан, күнәларыңнан тәубе етіп, қайтып жарылқану үшін жалбарын. Істеген күнәңнің жазасы саған келмеген болса, мұны Аллаһтың кеңшілігі әрі мейірімділігі деп біл, - деді.

Хазіреті Мұса әрі қарай Перғауынға тағы:

– Менен ақыл-кеңес тыңда, әрі сол насихат бойынша әрекет ет. Сонда барып төрт қасиетке, төрт көркем мінезге ие боласың, - деді.

Перғауын сұрады:

– Ей, Мұса! Ол қандай өсиет, қандай насихат? Мұның есесіне маған берерің не? Айта ғой өсиетіңді.

Сонда Хазіреті Мұса былай деді:

– Өсиетім мынау: «Аллаһтан өзге тәңір жоқ» деп ашықтан-ашық Хақтың бірлігін қабыл ет. Ол жалғыз әрі теңдессіз. Аллаһ көктердің, көктегі жұлдыздардың, жер жүзіндегі адамдардың, шайтандардың, перілердің, жындардың, құстардың жаратушысы. Теңіздің, жазықтың, таудың, шөлдің де жаратушысы – Сол. Оның мүлкінің шегі, затының ұқсасы жоқ.

Бұл сенімнің есесіне алатын төрт қасиеті мыналар:

Бірінші: болмысың сау-сәлеметте болады, яғни рухани байлыққа жетесің.

Екінші: өте ұзақ жасайсың. Тіпті ажал да сенің өміріңнің ұзақтығынан тартынып, саған жоламайды. Сен тәнің әбден тозғанда бір қазына көргендіктен өлімді қалайсың. Яғни иләһи махаббатқа қол жеткізіп, Аллаһпен қауышуды қалайсың.

Ол мәңгілік нығметке жету үшін денеңді өртейсің. Осылайша Аллаһтың, ізгі кісілердің істеген әрекетіне ересің, тәніңнен құтыласың. Сөйтіп мәңгі тірі қаласың. Тәнің топыраққа айналғаннан кейін де өмірің жалғасады.

Үшінші: дүниеде де, ахиретте де тәуелділіктің нәтижесінде бейбіт өмір сүресің. Қайырымды Аллаһ жапа шеккенің үшін бұларды саған сыйлады. Опашыл болсаң сені қалай желеп-жебейтінін сен өзің ойланып көр.

Төртіншісі: Рухани жап-жас болып қалғаныңдай, шаштарың да қара май секілді қап-қара күйінде қалады. Жүзің де нұрланып, қызыл күрең күйінде қалады. Оны зікір етумен жаның жай тауып, көңілің үнемі рахатқа батады.

Иман келтіретін болса, берілетін иләһи құрметті естіген Перғауын былай деді:

– Ей, Мұса! Маған мұрсат бер. Мен бұларды жақын досыммен ақылдасайын.

Перғауын Хазіреті Мұсаның сөздерін жұбайы Әсияға айтты. Әсия оған:

– Ей, қара ниетті адам. Бұл уәделерді шын жүрекпен қабыл ал. Сен қандай бақыттысың. Күн сенің басыңа тәж болғалы тұр.

Бұл сөздердің қандай уәде, қандай құрмет екенін білесің бе? Аллаһтың шайтанды кешіріп, жебеп-желеуі секілді. Қайырымды Аллаһ саған сондай құрмет көрсетуге шақырды, таң қаларлық нәрсе. Ғажап, мұндай қуаныштан қалай жүрегің жарылып кетпеді, - деді.

Ғапылдықтың себебімен осыншалықты көр соқыр болуыңда бір хикмет бар. Бірақ бұл қашанға дейін жалғасады. Ғапылдық ақыл мен рухқа заһар боларлықтай шектен шығып емделместей дәрежеде болмауы керек қой.

Саған бір түйір дәнге жүздеген бақша, бір алтынға жүздеген алтын қоры беріліп жатыр.

«Кім Аллаһпен бірге болса, Аллаһ та онымен бірге» (Ажлуни, Кәшфұл Хафа II, 272) хадисіндегі «Кім Аллаһпен бірге болса» сөзі, ол бір түйір дәнді беруді, ал «Аллаһ та онымен бірге» сөзі бір дәннің нәтижесін алуды білдіреді.

Себебі фәнилік нәрсе өзін мәңгілік нәрсенің қолына тапсыратын болса, ол да мәңгілік және өлімсіз болады.

Топырақ пен желден қорқатын және бұл екеуінің әсерінен жойылатын тамшы өзінің негізі болған теңізге

түсетін болса, күннің ыстығынан да, топырақтың сіңіріп алуынан да құтылады. Бұл тамшының көрінген бейнесі теңіздің ішінде жоқ болады, ал заты мен ақиқаты үнемі теңіздің бір бөлігі болып ол жерде мәңгі қалады.

Бұл ұсыныс ең бейбақ сорлы мақұлықтың жетінші қабат көкке шығуы секілді. Бұл құрметтердің құрметі.

Әсияның бұл үгіттеуіне Перғауын былай деді:

– Мұны Һаманмен де ақылдасайын. Оның да пікірін тыңдайын. Өйткені патша уәзірлерінің де пікірін алуы қажет.

Һаман мен Перғауынның жаратылысы мен ой-пікірлері және мінез-құлықтары бірдей еді. Перғауын Һаманның жалғыз екенін көріп Хазіреті Мұсаның айтқандарын оған түгел түсіндірді.

Рахметтен аулақ, Хақтан мақрұм Һаман Перғауынның айтқандарын естігенде ойбай салып жылады, сәлдесін жерге ұрды.

– Ей, ұлы мәртебелі патшам! Бүгінге дейін барлығының құдайы едің, барлығы саған сәжде ететін. Бұдан кейін құлдардың ең қадірсізі, ең бейшарасы боласың ба?

Патша өз қызметшісінің құлы болсын енді. Аспан жерге түсіп, жер көкке шықсын ба? Бүгінге дейін мұндай нәрсе еш болмаған, бүгіннен кейін де әсте болмасын, - деді.

Бақыт құсы Перғауынның басына қонғалы тұрғанда Һаман зәрлі әрі қисық сөздерімен Перғауынның иман және ақиқат жолын кесті. Осылайша Перғауынның иман келтіруіне тосқауыл болды. Мұндай жиркеніштi, опасыз уәзір ешқандай патшаға нәсіп болмасын.

Хазіреті Мұса:

– Мен саған жомарттық көрсетіп, құрмет еттім. Бірақ Аллаһ бұларды саған нәсіп етпепті, - деді.

Халықтың берген патшалығын қарызға берген ақша секілді халық қайтадан сенің қолыңнан алады. Ей, ақымақ! Уақытша әрі өткінші патшалықты мүліктің иесіне яғни Аллаһқа бер. Ол да саған шынайы патшалықты сыйласын. Сені өзіне дос әрі сырлас етсін.

Хазіреті Муса және Перғауын

«Ей, Хақ жолаушысы! Шындықты білгің келсе Муса да Перғауын да өлген жоқ. Олар бүгін де сенің ішіңде өмір сүруде. Сенің ішіңе жасырынып, күрестерін сенің ішіңде жалғастыруда.»

Хазіреті Мұса және Перғауын

Хақ Тағала Шәмс сүресінде он бір рет ант ете отырып, адамның ішкі жандүниесіне жамандық пен тақуалықтың енгізілгенін, ішіндегі жамандықты жойып, тақуалықты ұстанғандардың құтылатындығын, керісінше нәпсінің құмарлықтарына бой ұрғандардың және ішкі жандүниесін күнәмен былғағандардың зиян шегетіндерін білдірген.

Адамның ішкі жандүниесіндегі жақсылық пен жамандық секілді бір-біріне қарама-қарсы екі күш үнемі бір жерде болып, бірін-бірі жеңуі үшін күреседі.

Хазіреті Мәуләнә адамның ішкі әлеміндегі бұл қақтығысты былай суреттейді:

«Адамның ішкі жандүниесі орманға ұқсайды. Ол жерде ең жабайы әрі жыртқышынан бастап, өте жуас әрі сүйкімдісіне дейін неше түрлі жануарлар мекендейді.

«...Оған рухымнан үрледім...» (Хижр сүресі, 29 аят) *деген аятынан хабарың бар болса, адамның бұл ғажап әрі аралас ішкі дүниесіне назар сал.*

Адамның жаратылысында мыңдаған қасқыр, сансыз доңыз; таза, сасық, әсем, ұсқынсыз, сүйкімді, ыстық әрі суық мыңдаған мінез бар.

Адамның жаратылысында қай мінез басым болса, тұлғасы да соған қарай қалыптасады. Мыс пен алтын араласқан металда алтын басым болатын болса ол метал алтын болып есептеледі.

Сенің жаратылысыңда қандай мінез басым болса, сол мінезде жануардың бейнесінде тірілуің қажет. Өйткені сенің сезімдерің мақлұқтармен тығыз байланысты.

Кейде адамның бойында қасқырлық сипаты басым болады. Ал кейде періштедей пәк болып, Жүсіптің жүзіндей сұлу болып шыға келеді.

Жақсылық та жамандық та жасырын жолмен көңілден көңілге өтеді.

Жабайы асау ат төңкіп тулайды. Аю болса би-билеп, ешкі сәлем береді.

Адамнан итке бір сезім өтіп, осы сезіммен және тәрбиемен ол ит аң аулайды немесе шопан болып қой бағады, қарауыл болып күзетеді. Яғни адамға қызмет етеді.

Асхабу Кәһфтың итіне әлгі ізгі жігіттерден сондай тамаша мінез өтті. Соның нәтижесінде ұлық мәртебеге қарай жол тартты, Аллаһты іздей бастады. Сөйтіп Құранда ізгілермен бірге аталды.

Кей-кейде адам көңілінде әр түрлі қасиеттер бас көтереді. Руханият оны періштенің дәрежесіне көтеретін болса, бұған қарсы нәпсінің тұзағына түскен адам шайтанға айналады. Жыртқыш болады. Яғни Хақты танымайды.

Рухани арыстандар, яғни әулиелер өте жақсы білетін

ақиқат орманында көңіл тұзағына баратын жасырын жол бар. Әулиелер ол тұзақтарды жақсы біледі, әрі оларды жоя отырып көңілді нәпсінің жамандығынан құтқарып, Аллаһқа қауыштырады.

Ей, ішкі дүниесі иттен де жаман болған адам! Сен өз жағдайыңды көріп үмітсіздікке түспе. Сен ақиқат орманынан рухани ләззат алғың келсе, көңіл жолына барып даналардың жан маржанынан, яғни олардың парасат інжулерінен біраз да болса ал.

Бәрібір оңған түрің жоқ, еш болмаса қастерлі інжулерден өз үлесіңді ал. Арқалайтын болсаң сондай мүбәрәк жүкті арқала».

Бұл шумақтарда айтылғанындай адам бұл әлемнің кішірейтілген үлгісі іспетті. Сыртқы әлемдегі барлық ақиқаттың бір бөлігі үнемі адамның ішінде де бар. Бір тұқымның бойында одан өніп шығатын ағаштар мен ормандардың барлық ерекшеліктері жасырын болатынындай, адамда да әлемдегі барлық ақиқаттың негізі сақталғанын айтуға болады. Құран адам мен әлемнің негізгі қағидалары мен заңдылықтарының ең керемет әрі тура тілмашы. Құранның қадірі сөзбен жеткізе алмастай өте ұлы әрі терең. Құранды бойына дарытқан мүминдердің жүрегі – мына әлемнің жаратушысының назары түскен жер.

Тарих беттеріндегі сансыз Хақ достарының немесе оларға қарама-қайшы ақиқаттан мақрұм қалғандардың сипаттары әлі де біздің ішкі дүниемізде өмір сүруде әрі бір-бірімен күресуде. Бұл күресте басым болғаны адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына да үстемдік құрады.

Хазіреті Мәуләнә бұл мәселені Мұса мен Перғауынның мысалымен былай жандандырады:

«Ей, Хақ жолаушысы! Шындықты білгің келсе Мұса да Перғауын да өлген жоқ. Олар бүгін де сенің ішіңде өмір сүруде. Сенің ішіңе жасырынып, күрестерін сенің ішіңде жалғастыруда».

Дәл осы мәселе жайында Мұхиддин Араби да былай дейді:

«Менің – рухым Мұса, ақылым – Һарун. Нәпсім – Перғауын және нәпсімнің құмарлықтары мен қалаулары Перғауынның уәзірі – Һаман».

Демек, адамның ішкі жандүниесінде Хазіреті Мұса да, Перғауын да бар екен. Ондай болса, өзімізді тану үшін тарихта өткен бұл екі жақсылық пен жамандықтың өкілін еске алуымыз өте пайдалы болмақ.

Бізге мәлім болғанындай Перғауын нәпсісіне нағыз құл болып, өзін тәңір деп жариялады және патшалығын зұлымдықпен құрды.

Зұлымдық – кісінің біле тұра немесе қалап отырып басқалардың рухына және денесіне жәбір беруі. Зұлымдық мейірімділіктен жұрдай жүректерге орнығады. Оның бастауы болса құмарлық, күншілдік, өшпенділік және пайдакүнемдік секілді жыртқыштық қасиеттер. Адамзат тарихы залымдардың мыңдаған жан түршігерлік, зұлымдық әрекеттеріне толы.

Міне осылардың бірі қатігездігімен әрі қанішерлігімен

ар-ожданнан безген Перғауын көрген бір түсі үшін тақтан таюынан қорқып, Исраил әулетінің туылған барлық еркек кіндікті сәбилердің өлтірілуін әмір еткен еді. Бұл өте жан түршігерлік зұлымдыққа айналды. Мұхиддин ибн Араби құддисә сирруһ «Фүсусүл Хикәм» атты еңбегінде бұл жағдайды былай түсіндіреді:

«Перғауын келешектегі пайғамбар Хазіреті Мұсаны жою үшін 980 000 бейкүнә сәбиді өлтірді. Негізінде бұл сәбилердің барлығы Хазіреті Мұсаға рухани медет болсын деп, оның руханиятын қуаттау үшін өлтіріліп жатқан-ды. Өйткені Перғауын мен оның әулеті әлі Мұсаны білмесе де Хақ Тағала оны білетін. Әлбетте бұл сәбилердің барлығының жаны Мұсаға тән болатын еді. Өйткені мақсат Ол еді».

Перғауын жаңа туылған нәрестелерді қырып-жойып жатқанда, яғни зұлымдығы әбден шарықтап тұрған шақта, Хақ Тағала оның сарайында бір бүлдіршінді өсіріп жатты. Яғни Хазіреті Мұсаны.

Хазіреті Мұса нәресте кезінен бастап, Перғауынның сарайында Аллаһтың панасында өсті. Хазіреті Мұса жастық шағында Исраил әулетінен бір кісіні Перғауынның қатігез наубайшысынан, яғни қыптидан құтқарамын деп қателікпен қыптидің өліміне себепкер болды. Осыдан қорқып Мысырды тастап қашты. Қашып Мәдянға келген Хазіреті Мұса Хазіреті Шұғайбпен кездеседі. Оның қыздарының мәһірі ретінде Хазіреті Шұғайбқа сегіз жыл қызмет етіп онымен үйленеді. Хазіреті Мұса қайтадан Мысырға оралып келе жатқанда қасиетті Туа ойпатында Оған

пайғамбарлық беріледі. Осы жерде оған Перғауын-ды иманға шақыруы әмір етіледі.

Құран Кәрімде Хазіреті Мұсаның Перғауынды иманға шақыруы баяндала отырып, ұстануы тиіс тәблиғ тәсілі де оған Аллаһ Тағала тарапынан үйретілген еді:

«Оған жұмсақ сөз айт. Бәлкім ол ойланар немесе қорқар». (Таһа сүресі, 44 аят)

Осылайша алдымыздағы адам кәпір болса да, дінді жеткізуде жұмсақ сөз қолданылуы қажет екені баяндалған. Сонымен қатар:

«Сен бауырың екеуің мұғжизаларымызды алып барыңдар. Зікірден де кері қалмаңдар» (Таһа сүресі 42-аят) деп, мұндай тәблиғ ісіне қалай дайындалу керектігін де білдірген.

Хақ Тағала Мұса мен Һарун аләйһимәссәләмға, ол екеуі пайғамбар бола тұра Өзін зікір етулерін бұйырған болса, бұл иләһи әмірдің біз үшін қаншалықты маңызды екені мәлім. Рухани тәлім-тәрбие барлық мүмин үшін қажетті. Иманның орталығы жүрек болғанындай, зікірдің де орталығы жүрек. Зікір жүрекке орныққан кезде ғана жүрек жай тауып рахатқа бөленеді. Бұл жайында қасиетті аятта былай айтылады:

«...Естеріңде болсын, жүректер Аллаһты зікір етумен ғана жай табады». (Ра’д сүресі, 28 аят)

Уа, Раббым! Көзді ашып-жұмарлықтай уақыт болса да, нәпсімізге құл болудан саған сыйынамыз. Бізді зікірмен жаны жай тапқан, жүрегіне тақуалықты орнықтырып, жамандықтан аулақ қылған құлдарыңнан жаз. Тәнірім! Ішіміздегі Перғауынды құдіретіңмен және рақымдылығыңмен жойып, рухымызды күнә кірінен арылтқайсың.

Әмин!

МАЗМҰНЫ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы
Байланыс телефондары: 2 55 63 41
2 55 63 57